

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2017

АҚПАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

<i>Таным табиғатында</i>	
Т.МҰРАТБАЙ.	Сұрақ қоюға бағытталған әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың білім дағдыларын қалыптастыру.....3
<i>Жаңа оқулық жайында</i>	
Қ.БӨЛЕЕВ.	Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті.....12
Қ.ТАМАЕВА.	Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті.....14
<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
А.КҮРЛЕН.	Дарынды балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.....16
Л.ҚАЛАБАЕВА.	Диктантты өткізуге қойылатын жалпы талаптар.....20
М.ҚАРАМЕНДИНА.	Қазақтың санға қатысты мақал-мәтелдеріндегі таным-түсініктері.....35
Ү.ӘМІРХАНОВА.	Б.Майлин әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі.....39
<i>Көмекиі құрал</i>	
Д.ЕРМАҒАНБЕТ.	Әдебиет пәнінен 7-сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері.....48
<i>Эссе</i>	
Р.ДОШАНОВА.	Үстаздық-ұлы іс.....53
Л.СӘРСЕНБАЕВА.	Мәңгілік елдің мәңгілік тілі.....60
<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
С.ТӨЛЕУОВА.	Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан» повесінің кейіпкерлер бейнесі.....67
А.АХМЕТОВА.	Қорқыттың нақыл сөздері.....70
Г.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА.	С.Мұратбеков. «Қылау» әңгімесін талдау.....73
Б.БАТЫРОВА.	Қазақ шешендік өнері.....77
А.КУЛЬНИЯЗОВА.	«Абайтану» курсы оқытуда Абай шығармалары арқылы сыншыл реализмді қалыптастыру.....80
<i>Жас маманға жәрдем</i>	
А.ҚАРЖАУОВА.	Абайдың қара сөздері.....83
С.ДЮСЕНОВА.	Шешендік сөздерді оқыту.....86
Л.МОЛДАНОВА.	Ғ.Мүсірепов. «Ананың анасы».....92
П.ӘЛІМБЕКОВА.	Қадыр Мырза Әлі. «Қызыл кітап» поэмасы.....98
Э.СИДИКОВА.	Тұрмыстағы мәдениет.....105
Қ.АЙТЖАНОВА.	Ф.Оңғарсынова. Оюлар.....107
<i>Колледж кеңістігінде</i>	
Ә.ЧУЛЕНОВА.	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....110
<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
А.САБЫРЖАНОВА.	Сотта қолданылатын шешендік.....114
Г.Т.ЛЕУБЕРДИЕВА.	Ы.Алтынсариннің «Өзен» өлеңі.....118
Ш.МАЛЬШУБАЕВА.	Тұрақты тіркестер.....121
Н.МАТЖАНОВА.	Сын есімнің түрленуі.....127
Ш.АҚЖОЛОВА.	Жіктеу есімдігі.....129
А.АЙТМАҒАНБЕТОВА.	Сын есім.....132
<i>Әдеби кеш</i>	
А.АБИШЕВА.	Қазақтың Абайы, халықтың Абайы, әлемнің Абайы.....135
<i>Тәрбие сағаты</i>	
Н.ШІЛДЕБАЕВА.	Ата заңым-елімнің бақ тұғыры.....139

Таным табиғатында

Т.МҰРАТБАЙ,
№102 орта мектебі.
Қазалы ауданы,
Бірлік ауылы

СҰРАҚ ҚОЮҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңаша мазмұн – жас ұрпақтың білім және білік негізінің басты нысаны. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін мұғалім жан-жақты, білімді, білікті болуы тиіс. Қазіргі білім жүйесінде тұлғаға бағытталған білім оның дамуына ықпал етеді.

Нәтижеге бағытталған білім беру бүгінгі күннің басты міндеті болып тұр. Оқушылардың білім дағдысын қалыптастырып, оны оқушылар өздеріне қажет жағдайда қолдана алса, кез келген ортада көрсете алса, білімнің нәтижелілігін содан көруге болады. Адамзат баласының тіршіліктегі бар мұраты-білім. Білім алу-батылдық, оны толықтыру- даналық, ал шебер қолдана білу-өнер!

Білім беру жүйесінде мұғалім оқушының білім дағдысының қалыптасуына байланысты қандай жұмыстар жасауға болады және оны қалай ұйымдастыруға болады?

Оқушыларға білім беруде мұғалім қазіргі таңда бағыт-бағдар беруші, білімді игеру көбіне әрекет

арқылы жүргізіліп келеді.

Жеке тұлғаны өзінің өмірлік мәселелерін, тиімді және рухани тұрғыдан шешетіндей өмір сүруді үйренуге бағыттау- сындарлы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі. Сыни ойлауды дамыту үшін оқушыға бағытталған жұмыстар жүйелі, нақты жүргізілуі керек. Сабақ беру үдерісінде қолданылып жүрген педагогикалық әдіс-тәсілдер де оқушының дамуына негізделеді.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, «сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылатындығын және де оқушылардың оқуына демеу, қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады» (Мерсер мен Литлтон, 1995, 2007). Сондықтан біздер, мұғалімдер, бірлескен оқу ортасын құру арқылы оқушыларды өзара әрекеттестікте олардың оқуының жақсарғанын және сұрақ техникасын өзгерту арқылы сынып оқушыларының белсенділігін арттыруға болатындығын байқауымызға болады. «Сыныпта ізденіс пен ашық атмосфера болса, жоғары деңгейдегі сұрақтар көбірек пайдаланылып, олар жобалау, болжау үшін, оны ұйымдастыру үшін және нәтиже бойынша сұрақ қою үшін әр түрлі стратегияларды пайдаланады» деп атап көрсетіледі, С.Мирсеитованың «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» деген оқу құралында. Өз іс-тәжірибемізде байқағанымыздай, сұрақ қоюға бағытталған әдіс-тәсілдер арқылы оқыту сапасын жақсартып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға, белсенді іс-әрекетке жетелеуге болатындығын оқыту барысында көріп жүрміз. Педагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы оқушының сұрақ қою дағдыларын дамытуға болатындығын да байқауға болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың

маңызы ерекше.

Сұрақтар оқушының ойлау жүйесінің дамуына, жүйелі мазмұндауға, сыңаржақты ой- пікірлердің (жан-жақты ойлауының) қалыптасуына ықпал етеді.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі.
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың пікірін құрметтеуге және бағалай білуіне ықпал етеді.

Сабақ беру үдерісінде төмен деңгейлі (жабық) және жоғары (ашық) деңгейлі сұрақтар қойылып жүр.

Сұрақ қою техникасы: түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау

Түрткі болу сұрағы жауап алу үшін, ой салу, ойды анықтау, бағдар беру үшін қойылады. Түрткі сұрақ қарапайым түрде өткенді пысықтау мақсатында қойылады. Сынақтан өту сұрағы толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді. "Тура толықтауышқа мысал келтіре аласыз ба?" деген сияқты сұрақтар қойылып, оқушының қолдану деңгейі анықталады.

Қайта бағыттау сұрағы басқа оқушыларға бағытталады." Толықтауыштың тағы бір түрі жанама толықтауыш туралы кім толықтырып жібереді?»

деген сұрақ қойылады. Қайта бағыттау сұрақтары оқушылардың қызығушылығын тудырады, зерттеуге ынталандырады, білім дағдыларының қалыптасуына көмектеседі.

Американ педагог-психологі Бенджамин Блум оқушылардың білім дағдыларының қалыптасуына әсер ететін көптеген әдіс-тәсілдерді енгізді.

Бенджамин Блумның «Блум таксономиясы» сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

Таксономия барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға, құндылыққа ие бола алмайтындығына негізделген. Бір сабақ негізінде мысалы: «Сөйлем түрлері» сабағында «Білу» деңгейінен «Қолдану» деңгейіне дейінгі тапсырмаларды ғана орындауға болады. Оқу материалының жеңіл және күрделілігіне байланысты тапсырмаларды көбейтуге болады. Сыныптағы дарынды оқушымен жұмыс барысында тапсырмаларды жеке беруге де болады.

Блум таксономиясына негізделіп құрылған сабақ үлгісі:

Ойлау деңгейі /сабақ кезеңі/	Тапсырма түрлері	Қойылатын сұрақтар
Білу	«Он сұрақ» әдісі арқылы ортаға оқушы шығарып стикерге «Сөйлем» деген сөзді жазып, сөйлемге қатысты сұрақтар қоюымызға болады.	1. Сөйлем дегеніміз не? 2. Сөйлемді құрылысына қарай нешеге бөлінеді?
Түсіну	Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау.	1. Сөйлем неліктен жай және құрмалас болып бөлінеді?

	Трансляция-сөзбен келтірілген мәліметті схема не сызба түрінде көрсету Экстраполяция- оқу материалы бойынша болжау жасау.	2. Сөйлемді айтылу сазына байланысты сатылай кешенді талда. 3. Егер айтылу сазына қарай сөйлем түрге бөлінбесе, сөйлемдер қалай болар еді?
Қолдану	«Блум кубигі» әдісі оқушылардың сұрақ қою дағдыларын дамытуға негізделеді. Кубик жақтауларына «Неге ?» «Түсіндір» «Атап көрсет», «Ұсын» «Ойластыр» «Бөліс» деп жазылады. Кубикті мұғалім не оқушы айналдырып тастайды, кубиктің түскен жағы бойынша сұрақтар қояды. Блум өлшемдеріне сай сұрақтарды ойластыру және оған сәйкес келетін жауаптарды айта білу дағдыларын жетілдіреді.	Сөйлем түрлерін кесте бойынша қалай орналастырар едің?
Талдау	Венн диаграмасы. Сөйлемдердің жеке қасиеттерін бөліп және ұқсас қасиеттерін табады.	Сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлемнің айырмашылықтары қандай? Неліктен?
Жинақтау	«Бес жолды өлең»	«Сөйлем » атты бесжолды өлеңді қалай жазар едіңдер? Ойланып көрейік...
Бағалау	«Пікірталас» кестесі	Сөйлем түрлерін қолданылуына қарай жіктеуге болады ма әлде болмай ма?Дәлелде.

8-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» сабақтарында мәтінді талдау барысында «Ақылдың алты қалпағы» әдісін «Ақылдың алты асығы» деп пайдаланып жүрмін. Қобдишаға салынған асықтарға байланысты сұрақтар қойылады. «Қалқаман-Мамыр» поэмасын талдау барысында ақ асықты алған жұпқа қойылған сұрақ: «Қалқаман-Мамыр» дастанының жазылуына қандай дерек негіз болды?». Сары асықты алған жұпқа қойылған сұрақ «Көкенай неліктен Мамырды өлтірді, осы іс-әрекетке көзқарастарың қандай?». Жасыл асықты алған жұпқа қойылған сұрақ «Қалқаман мен Мамырдың болашағын қалай елестетер едіңдер?». Қызыл асықты алған жұпқа «Поэмань оқығаннан кейін қандай сезімде болдыңдар?» Көк асықты алған жұпқа «Елден кеткен Қалқаманды қалай іздер едіңдер?». Сұрақтарды негізге ала отырып, шағын эссе, «Т» кестесі, кейіпкерге хат, екі қадамды сұхбат жаздыруға болады. Аида мен Гүлжазираның «Т» кестесі.

Сұрақ: «Көкенай неліктен Мамырды өлтірді, осы іс-әрекетке көзқарастарың қандай?»

Дәлелдеме: Көкенайдың Мамырды өлтіруі дұрыс емес. Екі жастың бақытты ғұмыр кешуіне қарсы тұрған ру арасындағы мәселені ақылмен шешуге болар еді. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген аталы сөз бар ғой... Мамырдың өлімі мәселенің шешуі емес деп ойлаймыз.

«Т» кестесі немесе пікірталас кестесі әдісі арқылы әр түрлі шешімдер қабылдауға, қорытынды ой-пікір шығаруға, дәлел мен дәйектемелерді негіздеуге дағды қалыптастыра аламыз.

Көркем шығармаларды талдау барысында «Сұрақтар пирамидасын» құрып, топтар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді. Оқушылар төмен деңгейдегі

сұрақтардан бастап, жоғары деңгейлі сұрақтарды қоюға дағды қалыптастырады. Сұрақтар «Кім? Не?» басталып «Сіздің осы іс-әрекетке деген пікіріңіз немес көзқарасыңыз қандай?» деген сұрақтармен аяқталуы мүмкін. «Сұрақтар пирамидасы» оқушыны жүйелі сұрақ қоюмен қатар жүйелі ой қорытуға жетелейді.

«Ойлай білген сұрақ та қоя біледі,-деп жазады философ М.Кинг. Оқушыны сыни ойлауға үйрету үшін мұғалім тарапынан қолдау көрсетіліп отырылады. Қолдау ашық түрде болмауы мүмкін, жетелеу сұрақтары арқылы болуы мүмкін.

Әдебиет сабақтарында Блум таксономиясына негізделген «Блум түймедағы» немесе «Сұрақтар түймедағы» деп аталатын әдіс бойынша түрлі сұрақтар беріледі. Қарапайым сұрақ-дәлелдеуші сұрақ-интерпретациялық сұрақ (түсіндірме) -шығармашылық сұрақ-бағалау сұрағы-тәжірибелік сұрақ түймедақтың күлтелеріне жазылып қойылады, оқушылар күлтеде жазылған сұрақтарға жауап береді. Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіндегі кейіпкерлерді талдау барысында оқушыларға мынадай тәжірибелік сұрақ қойылды: «Егер, Жаңыл қыздың орнында болсаң, не істер едің?». Сұраққа Сәния былай жауап берді: «Мен де Жаңыл сияқты өз теңіме баруды жөн көрер едім. Естемес күйші өзінің қартайғанын біліп, шартсыз-ақ нарды идіруіне болар еді». Тәжірибелік сұрақтардың маңыздылығы оқушы кез келген сәтте өзгермелі қоғамға бейімделіп, өзіндік көзқарасын білдіре алуы керек деп ойлаймын.

«5 қалай?» әдісі өтілген материалдарды пысықтау барысында тиімді. Мысалы: «Салалас құрмалас сөйлемді қайталау» сабағында Ақтолқынның жазған «5 қалай?»:

- Баяндауыштары тұлғалас, мағыналас болатын салаластың түрі қалай аталады?

- Бірінші жай сөйлемде сілтеу мәнді сөздер қолданылатын салаластың түрі қалай аталады?

- Салалас құрмалас сөйлем қалай жасалады?

- Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің жасалуы жолы қалай ?

- Не, немесе, не болмаса жалғаулықтарының көмегімен жасалатын салаластың түрі қалай аталады?

«6+W» әдісі арқылы тақырып бойынша оқушылар «неліктен?» деген сұрағы бар 6 сұрақ дайындап, оны көршісіне береді. Бұл әдіс оқушының мәтінді түгел оқып шығуына ықпал етеді. 10-сынып оқушысы Қошқар Әйгерімнің Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасын талдау барысында «6+W» әдісі бойынша жазған сұрақтары:

- Неліктен Ескендір патша ашкөздікке бой алдырып, халықты қырып-жоюға барды?

- Неліктен жұрт атышулы Ескендір патшадан сескенді?

- Ескендір патша бұлақтың суын ішкенде неліктен таңырқады?

- Ескендір патша неліктен қақпа алдына келгенде ашуға булықты?

- Неліктен күзетші Ескендірге адамның бас сүйегін сыйға тартты?

- Аристотель неліктен бұл сыйдың мәнісін таразы арқылы түсіндірді?

«Стикердегі сұрақ» әдісінде стикерге тақырыпқа қатысты сөз жазылады, оқушының маңдайына жапсырылады да, соған байланысты сұрақтар қойылады. Мысалы: Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі бойынша стикерге «атамекен» деген

сөз жазылды, оқушылар атамекен сөзін қатыстыра отырып оқушыға түрлі мәндегі сұрақтарды қойды. Оқушылардың сұрақ қою дағдыларын дамыта отырып, оларды түрлі жағдаяттан шығуға үйрете аламыз. Сұрақ қоюға бағытталған әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында әрбір мұғалім «Мен әдістерді не үшін қолданамын?», «Менің оқушыларым нені үйрене алды?», «Сыныпты оқыту барысында пайдаланған әдістерім қандай мақсат үшін қолданылды және оны оқушылар қалай қабылдады? » сұрақтары арқылы өзінің жұмыстарына талдау жүргізіп отыруы керек. Сұрақ қоюға бағытталған әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар сұрақ қоюға дағдылана бастады, баламалы идеяларды ұсына алуға, өзіндік ой-пікір айтуға дағды қалыптастыра бастады. Оқушылардың білім дағдыларының дамуына тек қана мұғалім әсер етеді деген пікірден аулақ болуымыз керек. Мұғалім пайдаланған әдіс-тәсілдер арқылы кез келген оқушы құрбы-құрдастарымен өзара әрекет жасау арқылы әлеуметтік және танымдық жағынан ілгерілейді деп ойлаймын. Себебі Выготскийдің өзі оқушының танымдық қабілетін дамытуда әлеуметтік әрекеттестіктің маңызын басты орынға қояды. Адамзат баласын оқыту мен тәрбиелеу-оңай жұмыс емес. «Құлша тәрбиелесең, құл болады, ұлша тәрбиелесең, ұл болады» демей ме дана халқымыз. Оқушының, біріншіден, адами тұрғыдан дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына, өзіндік пікірін айта алуына, кез келген жағдайда жағдаяттан шыға алуына жол көрсету, бағдар беру мұғалімнің – міндеті. Мұғалім міндеті-ауыр міндет. Ұстаз қолында-ұлт болашағы!

Әдебиеттер:

1. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» оқу құралы. С.Мирсеитова. Қарағанды. 2011.

Қ.БӨЛЕЕВ,
п.ғ.д, профессор.

ЕЖЕЛГІ САҚ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Белгілі ғалым М.Әбілұлы 2015 жылы 11 наурыз күні Жамбыл облысы әкімдігінің «Тілдерді дамыту басқармасы» ұйымдастырған ғылыми конференцияда Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлытау төріндегі толғаныс» атты сұхбаты бойынша «Ұлытау толғауында туындаған ой» атты баяндама жасап, әдебиетші қауымды дүр сілкіндірген жаңалық ашты. Ол қазақ әдебиеттану саласында әлі тереңірек зерттелмей келе жатқан қазақ балалар әдебиеті тарихының олқы тұстарын толықтыратын «Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті» (оқулық, 2012); «Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті» (оқу құралы, 2012); «Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті» (хрестоматиялық оқу құралы, 2013); «Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті» (оқу құралы, 2014); «Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті» (хрестоматиялық оқу құралы, 2014); «Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті» (2014) атты оқулықтар мен оқу құралдарын, хрестоматиялық оқу құралдарын жазғанын баян етті.

«Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті» деп аталатын хрестоматиялық оқу құралына балаларға арналған жаңылтпаштар, «Алтын», «Бірлік бар жерде береке бар», «Анар мен Мұнар», «Шырақ батырдың түсі», «Заринаның қырық қызы», «Сақ қызы Күнсұлудың хикаясы», «Қобыз үн» атты ертегілер мен аңыз әңгімелер, сонымен бірге грек тарихшыларының ежелгі сақтар мен сақтардың тарихи тұлғалары туралы жазған еңбектері енгізілген. Ертегілер мен аңыз әңгімелер ежелгі сақ дәуіріндегі балалар туралы қызықты, тәлім-тәрбиелік маңызға ие мазмұнды оқиғаларға негізделген туындылар екені белгілі болып тұр. Ал, грек тарихшыларының ежелгі сақтар мен сақтардың

тарихи тұлғалары туралы жазған еңбектері ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиетімен үндесіп жатыр. Бұл қазақ әдебиеті тарихындағы, соның ішінде қазақ балалар әдебиеті тарихындағы үлкен құбылыс.

Оқу құралының тағы бір ерекшелігі-қазақ ақын-жырауларының ежелгі сақ дәуірінің тарихи тұлғалары мен қаһармандары туралы жазылған шығармалардың енуі. Мұның өзі балалар мен жасөспірімдерді ұлтжандылық тұрғыдан тәрбиелеуге біршама септігін тигізеді хақ.

Хрестоматиялық оқу құралының тағы бір құндылығы - сақ дәуірінде өмір сүрген Анарыс (Анахарсис) пен Тоқсарының афоризмдері енгізілген («Қазақ афоризмдері», құрастырған: Е.Шаймерденұлы, Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2008).

Қазақтың көрнекті ғалымы М.Жолдасбеков 2012 жылдың 25 мамырында республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Күлтегін-біздің бабамыз» атты сұқбатында (сұқбатты жүргізген жазушы Болат Бодаубаев): «...Әр дәуір өзіне лайықты мәдениет, әдебиет қалыптастырған. Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн, түрік дәуірінен бастау алатынын бүгінде дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ...»-деп жазды.

М.Әбілұлы оқу құралына енгізген өзінің «Ежелгі сақтар» атты ғылыми-танымдық еңбегінде белгілі қазақ ғалымдары Ә.Марғұланның, Н.Келімбетовтың, М.Мырзахметұлының, М.Жолдасбековтың, Ғ.Есімнің, А.Қыраубаеваның, М.Иманғазинның, И.Жеменейдің, А.Мектептегінің («Бітік тасқа тіл бітсе...»), З.Жәкішеваның («Домбыралы сақтар»), Р.Садовковтың («Музыкальные культуры древнего Хорезма»), белгілі журналист А.Үмбеттегінің, т.б. сақтар туралы жазған ғылыми еңбектеріне өзінің ғылыми тұжырымдарын беріп отырады.

М.Әбілұлының «Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті» атты хрестоматиялық оқу құралы жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған. Қазақ балалар әдебиетінің тарихына қосылатын бұл еңбек қазақ әдебиетінің көне дәуіріне қосылған сүбелі үлес деп ойлаймын. Хрестоматиялық оқу құралы ежелгі қазақ әдебиетінің кезендерін дәуірлеуде таптырмас құрал болатыны анық.

Қ.ТАМАБАЕВА,
ф.ғ.к., доцент.

ЕЖЕЛГІ ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Әбілұлының "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралының мектеп мұғалімдері мен колледж, жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушыларының қызығушылығын тудырғаны рас. Оқу құралына ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар мен жасөспірімдерге арналған жәдігерліктер енгізілген. Оқу құралына қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі, жырау Өмірзақ Қалбай, Теңізбай жырау жырлаған "Алаңқай батыр" қиссасы енгізілген. Қиссада Атила (Еділ) патшаның сенімді қолбасшысы болған он үш жасар Алаңқай батырдың ерлік істері жырланады.

М.Әбілұлы академик Ә.Марғұланнның Алматыдағы "Жазушы" баспасынан 1992 жылы жарық көрген Ө.Қалбайдың "Алаңқай батыр" атты кітабына жазған алғы сөзінен сілтеме береді: "Академик Ә.Марғұлан осы Ө.Қалбайұлы жырлайтын "Алаңқай батыр" қиссасы туралы: " Алаңқай батыр" - Батыс Қазақстанда кең таралған ертегі. Сондай-ақ әр түрлі нұсқасы бар. Қазақ фольклорының асыл мұрасының бірі. "Алаңқай батырды" кезінде қазақтың талай ақындары жырлаған болатын. Алайда, әйгілі ақындар Сабыр жырау, Құдайберген ақын және басқалардың "Алаңқай батыр" туралы жырлары біздің заманға жетпей қалды. Ө.Қалбайұлы осы қазақ халқының асыл мұрасын үлкен дастан етіп қызыл тілмен жырлап шыққан... Бұл поэманың және бір маңызды жері - Еділ патша туралы жырланады. Ғұн патшасы Еділдің образында оның әділ басқарушысы болғаны айтылады..."- деп жазады (М.Әбілұлы, "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті", Тараз, "Рысбаев" баспасы, 2012, 93-бет).

Қазақ балалар әдебиеті тарихына қосылған сүбелі еңбектің авторы профессор М.Әбілұлы ежелгі дәуірдегі балаларға арналған ертегілер мен аңыз әңгімелерге, мифтік туындыларға ғылыми тұрғыдан тұжырымдар жасап отырады. Кітап "Кіріспеден", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" және "Ежелгі дәуірдегі мифтік әңгімелер" деген екі тараудан тұрады.

"Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты бірінші тарауда "Шань Юидің ерекше көрікті екі қызы", "Добу мерген туралы аңыз", "Апанбу ақсақал туралы аңыз", "Бала Түмен туралы аңыз

әңгімелер", "Тәңірқұт Түмен туралы аңыз әңгімелер", "Қасиетті сәби", "Тас зергері Түрқұт туралы аңыз", "Тас зергері Тарғылдың өсиеті", т.б. аңыз әңгімелер мен ертегілер енгізілген. "Ежелгі дәуірдегі мифтік әңгімелер" атты екінші тарауға "Қызыл қан", "Екі қаз", "Ат жоқ", "Құмай" атты мифтік әңгімелер енгізілген. "Апанбу ақсақал туралы аңыз" атты аңыз әңгіме туралы белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ыбыраевтың былай деп жазатыны бар: "Осы әңгімедегі аққуға айналып кеткен баланың тағдыры қазақтың өз атын аққумен байланыстыратын әңгімесін еске түсіреді. Көк бөрінің адамға қамқорлығы туралы аңыз қазақтың Үйсін ұлысының бұдан екі мың екі жүз жылдан астам уақыт ертедегі тарихы баяндалған қытай жазбаларында сақталған" ("Қазақтың мифтік әңгімелері", Алматы, "Ғылым" баспасы, құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ыбыраев, филология ғылымдарының кандидаты П.Әуесбаева, 49-бет). Әрине, жазба және ауыз әдебиеті жәдігерліктерінің балалар әдебиеті тарихынан орын алуы қазақ әдебиеттану ғылымындағы айтарлықтай жаңалық екенін айта кетудің артықтығы болмас. Себебі осы кезге дейін балалар әдебиеті үлгілері жалпы қазақ халқының ауыз әдебиеті саласында зерттеліп келді. Оқу құралында М.Әбілұлының "Ғұн дәуіріндегі Алып Бамсы (Алпамыс)", "Алаңқай батыр қиссасы" деп аталатын ғылыми тұрғыдан зерттеген зерттеу еңбектері ежелгі ғұн дәуірі жәдігерліктерін қазақ әдебиеті тарихына, соның ішінде қазақ балалар әдебиеті тарихына жақындата түседі.

Атақты ғалым Л.Гумилев ғұндардың азаттық үшін күресі туралы: "Ұлы дала халықтарының бостандығын ғұндар ғана сақтап қалды. Олар жиырма адамға бір адам қарсы қойып соғыс жүргізген. Ғұндарға қарсы қалың қол ғана емес, дипломатия, экономика және мәдениет мәселелері де қозғалған. Біздің дәуіріміздің I ғасырында ішкі құбылыстар ғұн мемлекетінде жік тудырған. Бір бөлігі Қытайға бағынса, бір бөлігі үлкен соғыстармен батысқа қарай ойысқан, онда угро-сарматтармен араласып, ғұнға айналған..." - деп жазады (Л.Н.Гумилев, "Хунны в Китае", 5-бет).

Оқу құралында бала Түменнің ерлік істері мен елдік істері жөнінде әңгімеленетін аңыздар бар. Түмен ержете келе елін басқыншылардан қорғайтан ержүрек батыр болады. Аңыз әңгімелерде бала Түменнің тәңірқұт Түменге дейінгі аралықтағы күрескерлік бейнесі сипатталады. Жаулармен күресі қызғылықты баяндалады. М.Әбілұлының "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралы қазақ балалар әдебиетінің тарихына қосылған сүбелі еңбек болып табылады. Кітап осынысымен құнды.

А.КҮРЛЕН,
№170 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Қазақстанның орта білім жүйесінің алдына бүкіладамзаттық құндылықтар, ұлттық рухани мұралар, адамгершілік пен ізгілік, елжандылық тұғырнамасында қалыптасқан, өзіне-өзі сенімді, ғылыми-теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері арқылы күрделі әлемдік, өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Жаңа ғасырда жаңа заманға лайық тұлға ретінде қалыптасқан, өз көзқарасын жүйелі талдай білетін өз өміріне қоршаған ортаға сын көзбен қарайтын жеткіншек жастарды даярлау – біздің ұстаздық парызымыз. Қазіргі кезеңдегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің міндеті-жас буынды сөз өнеріне баули отырып оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл дарынды тұлға қалыптастыру. Шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігімен, қиял ұшқырлығымен, танымдық қызығушылығымен, әдемілікті сезіне білуімен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді.

Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады.

Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмысқа арнайды. Сурет салады, өлең жазады. Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие. «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін» дейді американдық ғалымдар. Рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі-тіл байлығы дер едік, өз ойын нақты терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сілтегенде жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамдарда тұлғалық қасиет болады.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені белгілі. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қолданылады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Өзім сабақ барысында әлемнің 18 елінен сынақтан өткізілген «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту»

технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданамын. Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығуды ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс кезеңдерінен тұрады. Қызығуды ояту кезеңі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастыру. Яғни, сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не білетінін айқындаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер етеді. Осы кезеңде мен «Топтау» (ассоциация) әдісін қолданамын. Топтау әдісі арқылы оқушы ойын қозғап, қызығуын арттырамын. Бұнда әр оқушы өзінің таным белсенділігін көрсете алды.

Бағдарламаның екінші кезеңінде (мағынаны тану) оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша тапсырмалар орындайды. Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.

Тақырып туралы ой-толғаныс бағдарламаның үшінші кезеңінде жүзеге асады. Осыған орай әр сабақ тақырыптарының ерекшеліктеріне қарай, Венн диаграммасын толтырамын. Венн диаграммасын толтыру кезінде оқушы бір-бірімен ой алмастыру, ой түйістіру әрі өз шығармашылығын көрсете алады.


Жаңа сабақты (тақырыпты) бекітуде «Кубизм» әдісінің орны ерекше. Алты жағына алты сұрақ немесе тапсырма жазылады. Оқушы жауап береді, тапсырманы орындайды. Бұл әдістің оқушы ойын сараптауға көмегі мол. Сонымен қатар бұл әдіс баланы қызықтырады, есте сақтау қабілетін арттырады, нақты жауап беруге үйретеді.

Жаңа тақырыпты қорытындылағанда «Бес жолды өлең» әдісін сабақ соңында қолданамын. Бастапқыда қиын соққан бұл әдіс оқушылардың қызығуын бірден оятты. Келе-келе оқушылар өз бетінше үйлерінен құрап келетін болды. «Бес

жолды өлең» әдісі бала шығармашылығын қалыптастырады.

«Ой толғау» әдісін кез келген сабақта қолдануға болады. Бұл оқушылардың алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бірден-бір әдіс. Себебі бұл әдіс бала шығармашылығын қалыптастырады, оқушы өз бетінше ізденеді, сөйлеу қабілеттерін арттыруға жәрдемдеседі.

Тәжірибемен ұштастырып көрейік. «Топтастыру» стратегиясы. Ә.Сәрсенбаев, Әдебиет пәні. «Туған жер», 6-сынып.



«Сұхбат» стратегиясы сабақты қорытындылауға өте қолайлы. Әр сыныптан сұхбат алатын оқушыны сайлап қоямын. Ол сабақ соңында оқушыларға, сабаққа қатысып отырған қонақтарға, ұстаздарға сұрақ қойып жауап алады. «Жас қалам» үйірмесі бойынша жүргізілген сабақта қойылған сауалдардан мысал келтірейік.

- Бұл сабақтан қандай әсер алдыңыз?

- Үйірме жұмысын бүгінгі сабақ бойынша қалай бағалар едіңіз?

- Үйірме жұмысына қатысушыларға тілек, ұсынысыңыз қандай?

Бұл тәсілдің ерекшелігі: Оқушы болсын, ұстаз болсын сабақ туралы пікірлерін ашық айтады, ұсыныс, тілектерін білдіреді. Сабақ қорытындыланады.

Л.ҚАЛАБАЕВА,
№ 59 орта мектеп,
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Қаракұм ауылы,

ДИКТАНТТЫ ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Диктанттың өткізілетін түрі екі-үш күн бұрын оқушыларға айтылып, оған оқушылардың қалай дайындалуы керек екендігі (қайталау, жаттау, т.б.) ескертіледі.

2. Диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық тұрғыдан таныс, яғни өткен сабақ материалдары негізінде алынады. Егер мәтін құрамында өтілмеген емле, тыныс белгілері немесе айтылуы мен жазылуы қиын сөздер кездесе, олар түсіндіріліп, тақтаға жазылады.

3. Диктанттың қай түрі болсын мәтін орфоэпиялық заңға сүйеніп, кідіріс (пауза) жасап, негізінен үш рет оқылады.

4. Мәтінді жазбас бұрын оқушыларға оны бар ынта-зейінімен тыңдап, мазмұны бойынша жазуға, ауыр тиетін сөздерді қадағалап отыру тапсырылады.

5. Оқылған дыбыс, буын, сөз және сөйлемнің мән-мағынасын түсініп, іштей қайталап, қалай жазылатынын еске түсірген соң барып жазуға кіріскен жөн. Шала естіп, мағына, мазмұнын түсінбей қалған оқушы мұғалімнің екінші рет оқуын күтеді. Диктант жазу үстінде қасындағы жолдасының дәптеріне қарауға болмайды. Одан немесе мұғалімнен не жазу керектігін сұрап, кедергі жасауға тыйым салынады.

6. Мұғалім мәтінді ең баяу жазатын оқушының үлгеріп жазу жылдамдығын сақтап оқиды.

7. Диктант біткен соң мұғалім мәтінді тағы бір рет түгел оқып шығады. Оқушылар жазғандарын мұғалімнің оқығанына ілесе тексеріп, қалып қойған сөз, әріп болса, қол көтеріп сұрап, мұғалімнің қайталауымен толықтырады.

8. Ең соңында оқушылар жазған мәтіндерін өз беттерімен тексеріп шыққан соң, диктант дәптерлері жинап алынады.

Диктантты бағалау нормалары.

«5» деген баға қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл бір қатеге немесе тыныс белгісінен жеңіл бір қатесі болса қойылады.

«4» деген баға үш тыныс белгіден, үш емледен, немесе екі тыныс белгіден, екі емледен болса қойылады.

«3» деген баға алты тыныс белгіден, алты емледен, немесе сегіз тыныс белгіден, үш емледен болса қойылады.

«2» деген баға бес тыныс белгіден, тоғыз емледен, немесе тоғыз тыныс белгіден, сегіз емледен болса қойылады.

Мектеп оқушыларының білімін бағалау үшін оқу жылының басы мен соңында және әрбір тоқсанда өткізілетін диктанттардың сөз саны шамамен мынадай нормаларда белгіленуі тиіс:

IV сынып үшін-80-100 сөз

V сынып үшін-100-110 сөз

VI сынып үшін-110-120 сөз

VII сынып үшін-120-140 сөз

VIII сынып үшін-140-160 сөз

IX сынып үшін-170-180 сөз

X сынып үшін-190-200 сөз

XI сынып үшін-200-210 сөз

Осы диктант мәтінде әрбір өтілген ережеге байланысты кем дегенде екі-үш орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері болуға тиіс. Сондықтан бір диктант құрамында ұшырасатын орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері төмендегідей нормалардан аспауы тиіс:

IV сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 12, тыныс белгісі 2-3-тен аспауы керек.

V сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 12, тыныс белгісі 3-4-тен аспауы керек.

VI сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 20, тыныс белгісі 4-5-тен аспауы керек.

VII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 24, тыныс белгісі 5-7-тен аспауы керек.

VIII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 25, тыныс белгісі 7-10-нан аспауы керек.

Қазақ тілі бойынша жазба жұмысына бөлінетін сағаттар бағдарламалық тақырыптардан да, тіл дамытудан да, қайталанудан да алынады. Оқу жылы басында өткенді қайталау есебімен сынып оқушыларының сауаттылық дәрежесін анықтау үшін бір сағат және әр тоқсан соңында бір сағат бақылау жұмыстары алынады. Ал бұдан басқа уақыттағы алған жазба жұмыстар үйрету мақсатын көздейді. Жазба жұмыстарын талдауға арнайы сағаттар бөлінеді. Әр сыныптағы жазба, жаттығу, үйрету және бақылау жұмыстарының саны төмендегі мөлшерде белгіленеді:

IV сынып-сегіз диктант, төрт мазмұндама, екі сынып және екі үй шығармалары.

V сынып-сегіз диктант, төрт мазмұндама, үш сынып және бір үй шығармалары.

VI сынып-алты диктант, үш мазмұндама, екі сынып

және екі үй шығармалары.

VII сынып-бес диктант, екі мазмұндама, екі сынып және үш үй шығармалары.

VIII сынып-бес диктант, үш сынып және үш үй шығармалары.

IX сынып-төрт диктант, төрт сынып және үш үй шығармалары.

X сынып-үш диктант, төрт сынып және үш үй шығармалары.

XI сынып-екі диктант, үш сынып және екі үй шығармалары.

Мазмұндама түрлері және оларды меңгертудің жолдары

Көркем мәтінді меңгертуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі-мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркестері мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін, сөздер мен сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мәтін мазмұнын айтып бергенде, оқушылар мұғалімнің баяндағанын қайталап қоймай, мәтін мазмұнын өз беттерінше меңгеріп, өз сөздерімен құрастыру талап етіледі. Атап айтқанда, оқушы жазған мазмұндама мәтініне мынадай талап қойылуы тиіс:

- 1) оқушының өз ойы болуы;
- 2) өз жанынан қосымша оқиға қосуы;
- 3) өздігінен қорытынды жасауы;
- 4) мәтін формасын өзгерте мазмұндау, яғни I жақ,

осы шақ формасындағы мәтінді, III жақ, өткен шақ формасында немесе керісінше мазмұндауы;

5) қысқарта мазмұндау, яғни, берілген мәтіннің тек түйінді, негізгі мәселелерін ғана мазмұндау, қажетсіз деп табылған детальдарды қысқартуы;

6) кеңейте мазмұндау, яғни мәтін мазмұнына байланысты дәйексөз (цитата) және эпиграф келтіре отырып мазмұндауы;

7) берілген мәтін мазмұнына лайықты ой қорытындысын жасауы.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда, мазмұндаманың мынадай түрлерін ұсынуға болады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама;
2. Сурет бойынша мазмұндама;
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама;

Дайын мәтін бойынша мазмұндаманың өзін бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау;
2. Мәтіннің мазмұнын сақтап, бірақ баяндалу формасын өзгерту;
3. Қысқарта баяндау;
4. Толықтырып мазмұндау.

Мазмұндама мәтінінің көлемі.

Мазмұндама мәтінінің көлемі төмендегідей болады:

Сыныбы	Сөздер саны
5	100-150 сөз
6	150-200 сөз
7	200-250 сөз

8	250-300 сөз
9	300-350 сөз
10	350-400 сөз
11	400-450 сөз

Бағалау нормалары.

Мазмұндаманы бағалауда оқушы жұмысының мәтін мазмұны мен негізгі ойға сәйкестілігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, тіл шеберлігіне назар аударылады.

Мазмұндама мен шығармаға екі баға: біріншісі жұмыстың мазмұны мен көркемдік сапасы, тіл шұрайлылығы үшін, ал екіншісі грамматикалық сауаттылығы үшін қойылады.

Бағалау нормалары:

Баға	Қателер саны
5	1/0 1/0 0/1
4	3/3 2/4 1/5
3	6/5 5/6 3/8
2	9/5 8/9

Диктант жазуға астрономиялық екі сағат, мазмұндамаға төрт сағат беріледі.

Қорыта айтқанда, мазмұндама оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарады. Көркем сөздің, көркем ойдың, ұшқыр қиялдың құдіреті сол: сөздің тазалығын, шынайылығын қалыптастыратын, адамның психикасын дамытатын сиқыр күш, жан бар онда. Балаға көркем сөз өнерін үйретудің, баулудың ең басты қажеттілігі-осында. Оқушылардың жазбаша тілін дамытуда мазмұндама мен шығарма жаздырудың алар орны ерекше. Әсіресе, бастауыш мектептерде жүргізілетін тіл дамыту

жұмыстарында мазмұндаманың мәні зор. Мазмұндама:

1. Оқушыларды әдеби тілдік нормаға сәйкес өз ойларын жеткізе білуге үйретеді.
2. Сөздік қорын молайтады.
3. Ой-өрісін кеңейтуге жәрдемдеседі.
4. Өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландырады.
5. Оқуда кездескен қиындықтарды жеңе білуге үйретеді

Жұмыстың бұл түрлері балалардың тілін дамытуға, ойларын байланыстырып сөйлеуге үйретуде, тіпті әрбір мәдениетті адамға қажетті іскерлік пен дағдылардың қалыптасуына көп әсері бар. Сондықтан да мектепте мазмұндама жұмыстары жиі өткізілуі тиіс. Ал мазмұндама жазуда балалардың қызығуын арттыру үшін аталған түрлердің барлығын қолдану қажет.

Шығарма.

Оқушылардың шығарма жазуында төмендегідей міндеттер туындайды:

1. Оқушының ойлау қабілетін арттыру;
2. Ана тілінде сөйлеп, жаза білуге жаттықтыру;
3. Ақын-жазушылардың шығармаларын білу;
4. Оқыған-білгенін шығарма жұмысына пайдалана алу;
5. Сауатты жазуы, келген ойды дәл бере білуге үйрету;
6. Оймен жұмыс істей отырып, оны басқара білу;
7. Келген ой толқынын іркіп, келесі ойға жол бере білу;
8. Цитаттарды (дәйексөз) келтіре білу;
9. Бөлімдердің арасындағы байланысты сақтау.

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

1. Тақырыпты толық аша білу;
2. Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен

көпсөзділікке жол бермеу;

3. Шығармада сөз болған жайды оқушының басқаларға түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы;

4. Шығарманың бөлімдерінің негізгі ой арқылы шебер байланысуы;

5. Шығармада жазушының өмірбаянына, жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек;

6. Оқушының шығармада сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен шағын үзінділерді қисынымен қолдануы, оның терең білімін танытады;

7. Барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасай білу.

Шығарма көлемі мен уақыты

5-сынып- 0,5- 1 бет;

6-сынып- 1-1,5 бет;

7-сынып-1,5-2 бет;

8-сынып-2-3 бет;

9-сынып-3-4 бет;

10-сынып-4-6 бет;

11-сынып-6-8 бет;

Сыныпта жазылатын шығармаға сабақ кестесінен қатарынан екі сағат беріледі. Бітіру емтиханында шығарма жазылатын жағдайда-6 сағат беріледі.

Шығарманың бағалануы туралы оқушы шығармасын тексеру, бағалау мәселесін негізінен 4 салаға бөліп қарайды:

1. Мазмұндылығы мен идеялылығы;

2. Ой-пікірдің жүйелілігі;

3. Стилі;

4. Грамматикалық сауаттылығы.

Бұлардың қай-қайсысы да оқушы білімін бағалауда

маңызды.

1. Шығарманың идеялылығы мен мазмұндылығына оқушының тақырыпты қалай ашқандығы, қамтылған мәселенің дұрыс-бұрыстығы, дәлелділігі, негізгі ойды жеткізе алуы жатады.

2. Ой-пікір жүйелілігіне шығарманың жоспарға сәйкестігі, әрбір бөлімнің мөлшері мен ой жүйесі, пікір ұтымдылығы, т.б. енеді.

3. Стильге тақырыпты ашуға байланысты оқушының ойын қалай жеткізгендігі, сөйлемдерінің орамдылығы, сөз қолданысы, сөйлемді дұрыс құруы сияқты мәселелер жатады.

4. Грамматикалық сауаттылыққа емес, тыныс белгісіне байланысты жайлар қаралады.

Шығарма үдерісі.

Оқушыға нақты жұмыс беріледі. Ендігі жерде оқушы әрекет істеуі керек, 10 минутқа дейін үнсіздік басып, оқушы алған білімін еске түсіріп, мида оқыту процесі басталады. Осы арада мұғалім көмегі қажет. Ұстаз шығарманың эпиграфын таңдауға көмектесуі мүмкін. Себебі шығарманың қаншалықты нәтижелі шығуының кепілі- эпиграф. Эпиграф үшін оқушыға арнайы папка аштырып, газет, журнал қиындыларын жинатып, ақындардың өлең жолдарын, көсем сөздерін жиғызып, кітапхана каталогын жасатып үйрету керек.

Шығарма жазу мынандай кезеңдерден тұрады: әзірлік кезеңі, жазу, аяқтау кезеңі, тексеріп бағалау, талдау жасау кезеңдері.

Оқушының теориялық білімі толық болғанымен, шығарма жазғанда ойын шашыратып жүйелі баяндай алмаса, сөздік қорының тапшылығы өз бетімен кітапты аз оқитынын байқатады.

Шығарманың жазылуында ұшырасатын

кемшіліктердің негізгі бөлігі мына жағдайларға байланысты:

1. Оқушы шығармашылық жұмысқа құлықсыз болған жағдайда шығарма мақсатына жетпейді;

2. Шығармаға бағыт берілмесе, мақсатына жетпейді;

3. Қате түсініп, көңілсіз жазылған шығармаларды қайта құрастыру, ойын жүйелеп, жаңарту оңайға түспейді. Сондықтан алдыңғы сәтсіз шыққан шығармадағы кемшілікті жою үшін басқа тақырыптағы шығарманы ұсынған тиімді.

Шығарма жаздырудың ең басты мақсаттары мыналар:

1. Бала біліміне бақылау, білім деңгейін тексеру.

2. Жазбаша көркем тілін дамыту, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда пайдалана білу.

3. Ой еңбегіне өз беттерімен іздендіру, өз пікірлерін салыстыру, қорытынды жасай білуге дағдыландыру.

4. Оқушылардың қабілеті, дарынына әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулу.

«Шығарма» деген сөздің негізінде «шығару» деген ұғым жатады (яғни ойдан шығару, ойлап шығару. Көркем туындыны «Көркем шығарма» дейміз. «М.Әуезовтің шығармаларын оқимыз», -деп жатады.

Бұдан шығатын қорытынды: шығармаға қойылатын талап аса күрделі, әрі маңызды болады. Бұл жұмысты мектептегі шығармашылық іздендіруге негізделген жұмыстардың күре тамыры десек те, артық емес. Шығарманың күрделілігі сол, бұл-оқу үдерісіндегі бірден-бір жеке-дара орындалатын жұмыстың түрі. Қарастырылатын мәселе, жазатын тақырып біреу болса да, оқушы оны өзінше жеткізеді, яғни тілі, пікірі, қорытындысы, сол көркем туынды, не кейіпкерді қабылдау дәрежесіне байланысты. Дегенмен шығармаға

қойылатын негізгі талаптарды мұғалім оқу кабинетіне «Жазба жұмыстарына байланысты нұсқаулар» деген атпен (басқа тақырып алу әр мұғалімнің өз еркі) жазып қоюдың тиімділігі зор.

Шығарма жазудың талаптары мен тәртібі:

1. Шығарма тақырыбы тырнақшаға алынбайды, тақырып дәйексөз ретінде алынған жағдайда ғана тырнақшаға алынады.

2. Эпиграф оң жақта, тырнақшаға алынбай жазылады. Авторы бір жол төменірек жақшаға алынбай жазылады. Егер шығарма жазушы эпиграф алынған туындыны көрсеткісі келсе, автордың аты- жөнінен кейін үтір қойып, шығарманың атын тырнақшаға алып жазады.

3. Жоспар деген сөз эпиграф болса, одан төмен, ал эпиграф болмаса, тақырыптан соң, жол ортасына жазылады. Жоспар сөзінен кейін нүкте қойылады.

4. Жоспар үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім (рим сандарымен белгіленеді, олардан кейін нүкте, жақша қойылмайды)

а) Негізгі бөлім тақырыпты ашуға бағытталып, араб санымен белгіленген, кемінде үш пункттен тұруы керек. Араб сандарынан кейін нүкте қойылады. Әр пункт жан-жақты қамтылса, бірнеше бөлшектен тұруы мүмкін, ондай жағдайда әр бөлшек әріппен белгіленіп, жақша арқылы жазылады (екі бөлшектен кем болмауы керек)

5. Шығарма бөлімдерінің аты бір жолға сыймай қалса, келесі жолға жазылады, бірақ жоспардағы рим, араб сандары мен әріптердің асты ашық көрініп тұратындай тәртіппен жазылады.

6. Шығарманың әр бөлімінің атынан кейін нүкте қойылады.

7. Келесі бөлімнің аты бас әріппен жазылады. Әр пунктің бөлшектері болса, қос нүкте қойылып, бөлшек

атының соңына нүктелі үтір қойылады. Содан кейінгісі жаңа жолдан басталып жазылады. Ең соңғы бөлшектен кейін нүкте қойылады. Келесі бөлім жаңа жолдан бас әріппен басталады.

8. Шығарманың бөлімдері мен бөлшектерінің аты қысқа, нақты түрде берілуі керек.

9. Жоспардың бөлімдері сұраулы сөйлемдермен берілмейді.

10. Егер шығарма авторы жоспарды дәйексөздермен (цитатамен) берсе, дәйексөз тырнақшаға алынып, соңына оның авторы жақшаға алынып жазылады.

11. Жоспарға сәйкес әр бөлім абзац арқылы жазылуы керек.

12. Шығармада берілетін сандық мәліметтер: ғасырлар-римше, жыл, күн- араб сандарымен, ал басқа сан есімдер сөздермен берілуі керек. Ғасырды араб санымен көрсетуге болмайды, дей тұрғанмен кездесе баға кемітуге ықпал жасамайды.

13. Өлеңнен алынған үзінді жолдың ортасынан, тырнақшаға алынбай жазылады

14. Шығарма өте ұқыпты, каллиграфиялық нормаға сай жазылуы керек.

15. Дәйексөз жазғанда, қазақ тілі оқулықтарындағы тыныс белгілеріне байланысты барлық ережелерге сүйену керек. Өлеңнен алынған үзінді жолдың ортасынан, тырнақшаға алынбай жазылады.

Шығарма көлемі мен уақыты:

5-сынып- 0,5- 1 бет;

6-сынып- 1-1,5 бет;

7-сынып-1,5-2 бет;

8-сынып-2-3 бет;

9-сынып-3-4 бет;

10-сынып-4-6 бет;

11-сынып-6-8 бет;

Сыныпта жазылатын шығармаға сабақ кестесінен қатарынан екі сағат беріледі. Бітіру емтиханында шығарма жазылатын жағдайда-6 сағат беріледі.

Шығарманың бағалануы туралы оқушы шығармасын тексеру, бағалау мәселесін негізінен 4 салаға бөліп қарайды:

1. Мазмұндылығы мен идеялылығы;
2. Ой-пікірдің жүйелілігі;
3. Стили;
4. Грамматикалық сауаттылығы;

Бұлардың қай-қайсысы да оқушы білімін бағалауда маңызды.

1. Шығарманың идеялылығы мен мазмұндылығына оқушының тақырыпты қалай ашқандығы, қамтылған мәселенің дұрыс-бұрыстығы, дәлелділігі, негізгі ойды жеткізе алуы жатады.

2. Ой-пікір жүйелілігіне шығарманың жоспарға сәйкестігі, әрбір бөлімнің мөлшері мен ой жүйесі, пікір ұтымдылығы, т.б. енеді.

3. Стилге тақырыпты ашуға байланысты оқушының ойын қалай жеткізгендігі, сөйлемдерінің орамдылығы, сөз қолданысы, сөйлемді дұрыс құруы сияқты мәселелер жатады.

4. Грамматикалық сауаттылыққа емес, тыныс белгісіне байланысты жайлар қаралады.

Диктант жазуда оқушыға қойылатын талаптар:

Диктант жазуда оқушыларға төмендегідей талаптар қойылады:

1. Мәтінді мұқият тыңдап, түсініксіз жерлерін бірден сұрау.
2. Сөйлемдерді зейін қоя тыңдап, қатесіз, таза жазуға тырысу.

3. Шала тыңдап, қасындағыларға, мұғалімге кедергі жасамау.

4. Мұғалімнің диктантқа байланысты берген тапсырмаларын орындауға жауапкершілікпен зейін қою.

Оқушы білімін бағалағанда ескерілетіні: егер оқушы бір әріптің орнына екінші әріпті жазса, әріп қалдырып кетсе, бір әріпті екі рет қайталаса, оларды ауыстырып қолданса, олардың әрқайсысы бір-бір қатеге саналады. Бір сөзді бірнеше жерде қате жазса, ол бір қатеге есептеледі. Диктант мәтіні ұқыпсыз жазылса, түзетулері көп болса, каллиграфиялық талапқа сай болмаса да диктант бағасы төмендетіледі.

Диктант келесі сабаққа тексеріліп әкелінуі керек. Жұмыстың соңында орфографиялық, пунктуациялық қате саны көрсетіледі. Шартты белгілерді оқушы «оқи» білуі керек:

/- емле қатесі;

V- тыныс белгісі қатесі;

?- түсініксіз;

Z-азат жол

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 5-11-сынып оқушыларынан бағдарламаға сай талап етілетін оқу іскерлігі мен дағдыларының жоба көрсеткіші.

Оқу жылдамдығы

Сыныбы	оқушы	оқушы	Жазу шапшаңдығы	сөйлеу	сөйлеу
	дауыстап	іштей		монолог	диалог
5	120 сөз	140-170	60 белгі	7-8 сөйлем	6-8 сөйлем
6	140 сөз	170-210	70 белгі	2 минут	6-8 сөйлем
7	150сөз	210-250	70 белгі	2 минут	6-8 сөйлем
8	150-ден артық	250-270	80-100 белгі	3 минут	8-10 сөйлем

9	150 - ден артық	270- 290	100 белгі	3 минут	10-12 сөйлем
---	-----------------	----------	-----------	---------	--------------

10	150-ден артық	290-310	100-120	4-5 минут	10-12 сөйлем
11	150-ден артық	310-330	120-дан артық	4-5 минут	10-12 сөйлем

Диктант нормалары

Сыныбы	Сөздер саны	Орфограмма саны	Тыныс белгілері
5	90-100 сөз	12	2-3
6	100- 110 сөз	16	3-4
7	110- 120 сөз	20	4-5
8	120-150 сөз	24	10
9	150-170 сөз	24	15
10	170-180 сөз	26	18
11	190-200 сөз	26	18

Мазмұндама нормалары

Сыныбы	Сөздер саны
5	100-150 сөз
6	150-200 сөз
7	200- 250 сөз
8	250- 300 сөз
9	300- 350 сөз
10	400- 450 сөз
11	450-550 сөз

Бағалау нормалары

Баға	Қателер саны
5	1/0 0/1 1/0
4	3/3 2/4 1/5
3	6/5 5/6 3/8
2	9/5 8/9 7/7

ҚАЗАҚТЫҢ САНҒА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ТАНЫМ ТҮСІНІКТЕРІ

«Қазақ халқының таным-түсінігі бойынша: тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі сандар деп есептелген. Оның себебі орта ғасыр алхимиктері мен астрологтарының жеті күнге жеті жұлдыз атын беруі, жеті металдың пайда болған күні деп апта күндеріне ат беруі[1.25]. А.Е.Керімбаев: «Қазақ тілінің сакральды лексикасында сан атаулары айрықша орын алады. Көптеген сандардың құпия (эзотериялық) мәні ұмыт болып, жойылып кеткен, сөздік қолданыстарда аңғарылмайды. Сандардың магиялық семантикасы фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен ойындарында тұрақталған», -дейді[2.17]. Мысалы: «Есепсіздің малы түгел» деген қазақ жаман ырымға жорып малды санатпаған. А.Машанидің тұжырымы бойынша: «Көне замандағы сан деген сөзді денелік заттар мағынасында түсіну керек. Ол сандар денедегі бөлшектердің құрылыс заңын, орналасу ретін көрсететін сандар. Ертедегі философиялық мағынада айтылатын сандарды «санат» деген мағынада қолдануды дұрыс көрдік. Басқаша айтсақ, бұлар геометриялық сандар» [3.88].

«Сан берген, сана берген, санат берген

Инсан деп саналыға ол ат берген.

Жаратып жалғыз нұрдан барша әлемді

Жауһари нұр сәулесін тарат деген» -

А.Машани аудармасындағы осы өлең шумағы арқылы біз әл-Фараби сана рухының өзегі, кіндігі, жүрегі, қаймағы мағынасында нұр-жарық түсінігін қолданғанын байқаймыз[4.13].

Халықтың ой байламында санның философиялық мәні зор. Сан жұмбақтарға, мақал-мәтелдерге және қазақы билік шешімдерге де

негіз болған. Адамды ойшылдыққа тәрбиелеген[5.34-35]. Мысалға бір санына қатысты мақал-мәтелдерді алайық. «Ана - біреу, ағайын – алтау», «Бір биеден ала да туады, құла да туады», «Жалғыз ағаш орман емес». Бір саны Аллаға тән қасиеттер мен сипаттарды да танытады. Мысалы: «Адам басына бір Алла», «Жалғыздық құдайға жарасқан», «Құдай біреу, кезек екеу», «Алла жалғыз, аты тоқсан тоғыз», «Құдай – бір, Құран рас» [6.21-23]. Қазақ халқының пікір толғамында 1 саны – даралықты, жалғыздықты ғана емес, бірегейлікті, ерекшелікті де берген. «Бір де болса бірегей», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Жүзден біреу – шешен, мыңнан – көсем». Екі саны «таным кілтін» символдайды, себебі әлем мен оның заңдарын тану екі полярлық, қарама-қарсы жақтарды, әлем, болмыс, құбылыс қасиеттерін, белгілерін, негіздерін танып-білу арқылы жүзеге асырылады[2.17]. Екі саны кеңістік «оң – сол (теріс)» бинарлық оппозициясында кездеседі. «Оң» жақсылық мәнін береді, ал «сол» (теріс) жаман мәнге ие. А.Машани дерегі бойынша: «оң және сол» түсінігі табиғаттың жалпы айналық заң көрінісі. Аспан шырақтары жердегі байқаушылар үшін айналық бейнелер болып табылады, яғни күн-түн, таңертең-кеш, шығу-бату, жаңа-ескі айдың және жыл мезгілінің ауысуы мен түн теңелісі, жаңа жыл бәрі, бәрі айналық цикл» [4.106]. Сондықтан қазақтың кейбір мақал-мәтелдері де жақсылық пен жамандық, бар-жоқ, тақ-жұп болып келетін геометриядағыдай симметрия-өлшемдес қасиеттеріне негізделген. Мысалы: «Жақсы – сыйлағанның құлы, жаман – қорыққанның құлы», «Барға – қанағат, жоққа – салауат», «Көп тыңда, аз сөйле», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос». Көптеген халықтардың дүниетанымында, әдет-ғұрыптары мен жөн-жораларында 3 саны негізгі орынға ие болып киелі сан ретінде есептеледі. Қазақтың әлемдік түсінігінде 3 саны кемелдік, толықтық, толыққандылық, тұтастық, белгілі бір бүтіндік, және т.б. ұғымдары мен символдарымен байланысты болады. Қазақта үш санына қатысты «Ер кезегі үшке дейін», «Үш ұйықтаса түсіне кіріп шықпайды», «Жұт үш оралса, мал қалмайды», «Үш қайнаса да сорпасы қосылмайды» сияқты мақалдары баршылық. Қазақтың әлем көрінісінде 4 саны да бүтіндік, тепе-теңдікті, кеңістік пен

шартараптылықты, тұрақты бүтіндікті білдіреді. Төрт санының мұндай символикалық мәндері төмендегі мақал-мәтелдерде аңғарылады[2.18]. «Төрт аяғы тең жорға сүдігерде саспайды», «Бір түлікке бай болғанша, төрт түлікке сай бол». Бес саны – ерлік пен сайма-сайлықты («Ер қаруы - бес қару», «Бес бармақ жиналса жұдырық болады»), жеті саны – адамзат пен табиғат арасындағы бір ізді байланыс, олардың терең тамырлығы, әлем сәулеті, 40 саны – имандылық әдет-ғұрыптың (сәбиді қыркынан шығару, 40 қасық сумен шомылдыру, қыркын беру) ұғымын берген. Осы сандарға қатысты мақал-мәтелдерді келтірсек: «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», «Жақсы әке жаман балаға 40 жыл азық». Этнографиялық мәліметтерге қарағанда жеті қазына құрамы әр кезде, әр жерде әр түрлі айтылып, өзгеріп отырған: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұғымдары міндетті түрде қайталанып, кейде «мылтық», «садакпен», қалғандары – «сұлу әйел», «ілім-білім» т.б. ұғымдарымен ауыстырылып отырады. «Ит – жеті қазының бірі» деп, бөліп айта береді [7.47].

Қазақтың мақал-мәтелдерінде алты санының да өзіндік мәні бар. «Ағайын алтау болса, адам тимейді, тура жүрсең, лебіңіз күймейді», «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді». А.Машанидің пайымдауынша: «Симметрия заңында 8 саны жетекші орын алады. Жер элементтерінің саны төртеу болса, бұл төрт санның серіктестігі бар, бәрі – 8. Сегіздіктің тамаша қасиеті, бұл табиғаттың кереметін тікелей меңзейді, - керек десеніз «философиялық тасты» аңғартар жәйт» [4.58]. А.Е.Керімбаев: «7,3,9 сандарына қатысты өте өнімді де ауқымды символикалық ұғым-түсініктермен салыстырғанда сегіз санында мұндай ұғымдар шамалы ғана»-дейді[2.19]. Негізінен, қазақтың мақал-мәтелдерінен сегіз санына қатыстыларын сирек кездестіреміз, дегенмен бар. Мысалы: «Сегізіміз жиылып, серке шыққан батырмыз. Тоғызымыз жиылып тоқты жыққан батырмыз», «Ит сегіз туып, елден аспайды. Ешкі егіз туып, қойдан аспайды», «Жаманның аяғы сегіз, бірі шалмаса бірі шалады», «Санамак санамай сегіз деме, сынап-сынамай дос деме».

9 саны қазақтың дәстүрлі мәдениетінде үлкен орын алады[2.19].

«Тойған жерге тоғыз кел» дейді қазақ. Халқымыздың көне дәстүрлерінде жиі қолданылып келген сыйлық пен айып өлшемі – тоғыз тарту. «Бір тоғыз» деп аталатын тарту мен айыптың барлық түрінде де «тоғыз» саны (демек, 9 заттың түрі) міндетті түрде бейне бір қасиетті, киелі сан ретінде тұрақты түрде қатысып, қайталанып отырады[7.47]. Осы сияқты он, он екі, отыз сандарына да қатысты мақал-мәтелдер бар. Мысалы: «Он рет айтқаннан бір рет көрсеткен артық», «Он бала бір әкеге жүк болмайды, бір әке он балаға жүк болады», «Шындық он екі қабат шынжырды үзеді». Демек, қорытындылайтын болсақ, «санат», «сана» сөздерімен мәндес болған сандар халқымыздың ертедегі өмірінде ерекше қызмет атқарған, сондықтан күрделі философиялық ой-толғамдардың шешуші түйіні болған сандарға да қатысты мақал-мәтелдердің пайда болуы заңды құбылыс.

Резюме

В этой статье говорится о понятии чисел в пословицах и поговорках казахского народа.

Ключевые слова: священные цифры, суеверие, особенность, понятие, луч, противоположность, считалка, закон.

Summary

This article tells about ethnography motives in Kazakh people's proverbs and saying connected with conception of numbers.

Key words: sacred figures, superstition, ray, conception, contrast, opposition, law, act.

Әдебиеттер:

1. Қалиев С, Оразаев М, Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.-Алматы, 1994.
2. Керімбаев А.Е. Қазақ тіліндегі сакральді атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғ.к.дисс. Автореф. –Алматы, 2007.
3. Фараби ғибратты ғалым. –Алматы, 2006.
4. Әл-Машани А.Ж. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. –Алматы, 2004.
5. Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар.-Алматы, 2006.
6. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы.-Алматы, 2015.
7. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998.

Ү.ӘМІРХАНОВА,
**Қапланбек аграрлық-
техникалық колледжі.**
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сарыағаш ауданы

Б.МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Б.Майлин шығармашылығы - заман шындығының көркем шежіресі ғана емес, бүгінгі күн арқылы ертеңнің қандай боларын саралаған, әрі уақыт шындығын еш боямасыз шынайы қалыпта суреттей отырып-ақ ұлтының болашағына баға берген қарапайым да, қатпарлы шығармашылық. Кеңес заманымен келген тап жіктелісі, жаппай сауаттандыру, ұжымдастыру, конфискация, ашаршылық, қазақ әйелі мәселесі, дін жайы, т.б. дер кезінде Майлиннің шебер қаламынан көркем дүниеге айналып жүре берді. Майлин әңгімелерінен жаңа заманның қазақ ауылындағы көркем бейнесін көреміз.

Ол ашқан 20-30 жылдардың қаһармандары – Мырқымбай, Айранбай, Дайрабай, Құрымбай, Раушан, Камила, Әміржан, Азамат тағы басқалар осы жолмен өз заман шындығын танытатын типтер. Бейімбет заман сырын осылардың бойындағы психологиялық өзгерістер арқылы ашады. Ол кейіпкерлерін ауылдан іздеді. Сол арқылы ауылдың заман ырқымен қозғалысқа түсуін бейнеледі. Мырқымбай теңдікке ұмтылған ауыл кедейі болса, Раушан да етек басты ауыл әйелдерінің тобын бұзып, қоғамдық іске араласады. Арыстанбайдың мұқышы мен өкіл Талтаңбаев – сол ауылда тартыс тудырған белсендінің жинақтық образы. Жазушы әңгімелерінің көркем кеңістігі ретінде қазақ ауылын, көркем уақыт ретінде кеңестік жаңа заманды алады. Кейіпкер де сол органның мүшесі.

«Раушан-коммунист», «Күлтай болыс», «Қызыл әскердің үйі», «Қара шелек», «Ұлбосын», «Көктеректің бауырында» әңгіме-повестерінде заман шындығын жарқын бейнелеген тұтас өмір суреті бар. Қазақ даласына кеңестік саясат әкелген бірқатар қиыншылықтар, бұйығы өмір кешкен елдің жаңаны қабылдай

алмай оңашалануы, аштық пен ауру жайлаған халық тұрмысы, сондай ортаға жаңа тәртiптi күшпен кiргiзiп, оны орнықтырмай жатып, ескiнi түгел қиратып аласапыранға жол берген заманның адам басына салған ауыртпашылығы Бейiмбеттiң алғашқы әңгiмелерiнiң өзiне анық көрiнедi. «Оның «Күлпашы» осы тектес шындықты бейнелейтiн туындылардың басы саналуға лайық. Онда Бейiмбет 1920-1921 жылдардағы аштық суретiн бiр семьяның тағдыры арқылы ашады. Жазушының суреттеуi бойынша, тiрi қалса да, Күлпаш – рухани өлген адам, ол - аштық құрбаны.

Қазақ халқының басына түскен ашаршылықты Бейiмбет «Күлпаш», «Айт күндерi», «Аштық құрбаны», т.б. әңгiмелерi арқылы баяндады. Мысалы, «Айт күндерi» әңгiмесiндегi бай мен оның әйелi аштан өлген оқиғаға қатысты айтылған ақсақал сөзiнiң автор идеясынан хабар беретiн детальдiк қызметi бар.

Алғашқы прозалық iзденiстердiң жалпы да бiртұтас көркем контекске айналуы Шұғаның белгiсi повесiнен анық байқалады. «Шұға, өй, шiркiннiң өзi де келбеттi – ақ едi, ақ құба, талдырмаш, көзi қап – қара, осы үрiп ауызға салғандай едi. Аққудың көгiлдiрiгiндей осы аппақ. Үстiнде шетiн кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлi iлгiштермен безеп тастаған қызыл пұлыш қамзол, басында үкi таққан бөрiк, өзi сұлу адамды мүлде одан жаман жандандырып, құбылдырып тұрады» деген жолдардан детальдi түрде берiлген Шұға портретiн көреміз. Б.Майлин портрет арқылы кейiпкердiң жан дүниесiн, психологиялық ерекшелiгiн ашады. Портрет деталь, психологиялық тәсiл, сырт пішiнiн суреттеу, юмор т.б. тәсiлдер жасалады. Майлин- портрет жасаудың шеберi. Шеберлiгiн тану үшiн бiрнеше әңгiмесiн талдап көрелiк. Шұғаның портретi әңгiмешiнiң берген «Өй, шiркiн, өзi де Шұға десе, Шұға едi-ау» деген эмоциялық бағасы арқылы танылады.

«Көшпелi махаббат», «Зейнештiң сертi» әңгiмелерiнде әйелдiң ары, адамгершiлiгi, моральмен байланысты проблемалар көтерiледi. Бұл әңгiмелерде байсалды реализм, күлкiлi, ажуалы стильмен арқауласып отырады. Күйеуi Ыбырай өлiп, кәрi енесiмен қалған Зейнешке автор екiншi рет жолыққанда келiншек сән түзеп, көрiнгендi көзiмен атып, жалаңдаған күйге жеткенi айтылады. Қоғам өмiрiндегi елеулi фактордың бiрi әдет-ғұрып, салт- сана. Оларды суреттеген автордың мақсаты – қалың бұқараның жанын, көзқарасын, дүние тануы, өмiрлiк арман, мақсатын жаңғырту.

Бұл жүйеге қаламгердiң «Құрымбайдың жiгiтшiлiгiн», «Таубай», «Тасболат» әңгiмелерiн жатқызуға болады.

Майлин творчествосындағы көрнектi тақырыптардың бiрi - оқу – ағарту, мәдениет мәселесi. Жазушы басқа тақырыптар секiлдi, бұл тақырыптарға да бiрнеше әңгiме арнайды. «Түйебай», «Бiр адым», «Алғашқы сабақ», «Ленин мектебi», «Қайнаға өтiрiк айтады», т.б. Оқу-ағарту майданының адамдары түрлi жағдайда суреттеледi. Жазушының ағарту тақырыбындағы әңгiмелерiнiң iшiнде күрделiлерiнiң бiрi – «Естегiлер».

Жазушы шығармасында елеулi сала – дiн, атеизм тақырыбындағы әңгiмелерi. Бұл топқа «Сахарда», «Қадiр түнгi керемет», «Зекiржан молда», «Шарифат бұйрығы», т.б. және «Мұсылмандық белгiсi» жатқызуға болады. Жалпы алғанда Б.Майлин – колхоз тақырыбына қазақ совет әдебиетiнде ең көп жазған, ең жетiлдiрiп жазған қаламгер. Қаламгердiң колхоз тақырыбына жазған әңгiмелерi – «Ұлбосын», «Сары ала тон», «Өлiштiң пырағы», «Қызыл әскердiң үйi», «Қара шелек», «Арыстанбайдың мұқымы», « Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Биғаншаның хаты», «Көктеректiң бауырында», «Колхоз қорасында».

Б.Майлин шығармаларының негiзгi тақырыбы – ауыл, оның тыныс – тiршiлiгi, бет алысы, ондағы өзгерiстер, жаңалықтар. Соны арқау еткен туындылардың бiрi «Қырманда» повесi 1933 жылы жазылған. Ол туралы Бейiмбеттiң өзi былай деген: «Өзiрге бастап қойған «Қырман басы » деген 5-6 табақтай әңгiмемдi бiтiрiп беремiн. Бұл әңгiмеде көшпендiлермен қатар колхозға кiрiп кеткен қылмысты байлардың ашылғанын, олардың Қырманмен бiрге тазарғанын көрсетпекпiн.» Бұл сөзiне қарағанда әуелi «Қырман басы» деп атапты да кейiн Қырманда деп өзгерткен. Ал 1935-1936 жылдары үлкен өзгерiске ұшыраған осы шығарманың Қырманда атын алып тастап, Кездескендер деп атаған».

Кеңес заманында теңдiкке қолы жетiп, қоғам өмiрiнде ерлермен қатар қызмет атқарған, бас бостандығы үшiн қайсарлықпен күрескен, бiлiмдi алып, санасы өскен қазақ әйелдерiн үлгi етiп көрсету Б. Майлиннiң бiраз шығармаларына ортақ проблема. Осы топтағы шығармаларының бiрi – «Берен» повесi.

Бейiмбет Майлин шығармашылығындағы кейiпкерлердiң характерiн ашпас бұрын, алдымен характер жайлы түсiнiк берiп кетсек. «Характер (әдеби характер) – көркем шығармадағы

кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық моральдық сипат ерекшеліктері. Әдеби характер адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан оны жекелеген қасиет – сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік бір тұтастығы, синтезі деп қараған жөн. Реалистік қаһарманға тән характерді алдымен қалыптасу, өзгеріп - өрістеуі тұрғысынан алып түсіну, бағалау орынды, және осыған қоса оның өз ішкі диалектикасы болатыны да ескерілуі қажет. Характер белгілі бір қоғамдық жағдайда қалыптасады, сол ортаға, өз уақытына сәйкес болады. Адамның мінез-құлқы, оның әр қилы кездерде, әсіресе адамшылық қасиеттер сынға түсетін екі ұдайда өзін қалай ұстап, қандай әрекет ететіні ой-өрісіне, сана-сезіміне байланысты. Осыған орай әдеби шығармада характер күрес-тартыс үстінде, кейіпкердің іс-әрекеті арқылы, ой-ниеті, мақсат – тілегі арқылы көрініс тауып, анық танылады. Кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасы олардың характерлерін барынша толық аша түседі. Әдеби кейіпкердің характері шығармада оның іс-әрекеттерін суреттеу арқылы, психологиясы, жан дүниесі, тікелей бейнеленуі, яғни мінез арқылы айқындалып, сондай-ақ, сырт-сымбатын, бой-тұлғасын, бет-әлпетін, сөйлеу ерекшелігін көрсету, яғни жанама мінездеу арқылы жан-жақты ашыла түседі.

«Шұғаның белгісінде» Есімбек, Шұға, Кәрім, Әбдурахман, Зәйгүл, Айнабай, Күлзина, Базарбай қатысады. Айнабай Есімбекке хабар тигізіпті: қызы бұзылыпты, Әбдірахманмен бір күні кетейін деп жүр деп. Айнабай Есімбекті құтыртқанымен қанағаттанбай, Әбдырахманды басқа жөнмен мүдіртуге де кіріскен, түріктерге жасырын ақша жиып жүр деп Әбдырахманның үстінен арыз беріп жүр деген еміс-еміс хабарды есігіп шошынып жүрдік. Айнабайдың іс-әрекетін баяндау арқылы характер ашылған. Айнабай екі жастың бақытты болуына қарсы кейіпкер. Қызы үшін екі жасты бір-бірінен айырады. «Күлпаш» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Күлпаш, Қали, Мақтым, Раушан, Жұмағазы. Күлпаштың көңілін аудару үшін Раушанның ұсынатын адамы- Жұмағазы. «40-50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. Жасы биыл тап 40-ға. Оған тисең, өзің би, өзің хан боласың» дейді Раушан. Раушанның Жұмағазы жайындағы пікірінен оның өз характері танылады. Раушан әпкесі Күлпашты аштықтан құтқару үшін, «амал» айтады. Раушан азғырушы ма,

әлде өлімнен жол іздеген қамқоршы ма? Жауапты оқырман өзі табады.

«Сексен сом» әңгімесіндегі кейіпкерлер Егеубай, Әйелі, Тынымбай, ауылнай. «Айт күндері» әңгімесінде Жұмағазы, Зәйкүл, Ұлбала бәйбіше, Бәйен, Әйелі, Зейнеп, Молдағали қатысады. Талақта Айдарбек, Зейнеп, Күләмза қатысады. Айдарбек әйтсе де бір ұрмай көңіл көншімейтін болғандықтан, құшырланып түйілген жұдырықпен желкеге қойып келіп қалды. –Ойбай-ай. Не жаздым? – деп Зейнеп ышқанып жылап жіберді.

- Атаңа нәлет- деді Айдарбек.

- Атаңа нәлет. Сен не қылмадың...

Қаранды батыр, кет. Мен сенен талақ деді.

Айдарбектің іс-әрекеті арқылы характері ашылған. Айдарбек әйелін ақылмен тәрбиелемейді. Діннен хабары жоқ. «Талақ» деген мұсылман үшін ауыр сөзді соншалық жеңіл айта салып, артынан өкінеді. Кейіпкер характері бір ауыз сөз арқылы ашылады. «Кедей теңдігі» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Қауқынбай, Бұқабай, Кәрім, Тәңірберген. Қауқынбай бай көтеріліп қойып – «әлгі өгіздерді байладың ба?» деді. Бұқабай байдың қуып шыққандығын айтты. Қауқынбайдың сөзі, іс-әрекеті арқылы характері ашылған. Қауқынбай – мақтаншақ, қол астындағыға әділетсіз, жемқор, еңбек ақысын бермейтін кісі. «Түйебай» әңгімесінде Түйебай, молда, Түйебайдың әке-шешесі қатысады. Молда - неге үндемейсің, доңыз, жат бері - деп қолындағы екі айыр қамшысымен сандығының жанын көрсетті. - Доңыз, сен тіл алмайтын кім едің,- деп молда қамшымен осып жіберді. Сол кездегі молданың мінезін ашып көрсеткен. Молда – қатыгез, мейірімсіз. Түйебайдың психологиялық портреті «Түйебай барып жата алмады. Қыбыжықтап төмен қарай берді» деген сөздермен ашылады.

«Айранбай» әңгімесінде Айранбай, Кемелбай, Раушан, Маржан келін қатысады. Кемелбай: «Бер деді дымымызды қоймайтын шығар деп сары уайымды салушы сол туғаның... кеше Маржан келін барып қымыз ішкен екен, сонда інің айтып отыр дейді, тігінмен бар астығымызды жиып алады», - деп. Үлесін алдық екен, өткен өміріне тігінін тіктіріп сабақты ине-жіп беріп көрген жоқ... Кемелбай - тас, кісі ақысын бермейтін кісі. Жол кеңесінде Тоқан, Әйелі, Айдарбек қатысады. Тоқан басқаларына қарағанда бұл өзіне

байлық атын тағудан да тайынатын емес. Жамаулы жыртық үйдің іші толған түтін, бықсып жатқан тезекті көсеп жіберіп:

- Бәрекелде-ай, қонақтарға ет болмады-ау-деді. «Заман» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Жайлыбай, Сырлыбай, бәйбіше. «Сахарда» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Нағима, күйеуі, Рақила. Нағима-Құдай - деді, -Құдай, қанша құлдық қып жалбарса да ішуге тамақ, киюге киім таба алмай отырғаныма қарамай, ғибадатыңды істесем де, әлі бір тілегімді қабылдап көрген жоқсың. Құлдық қылмаса да байлардың қатынының тілегі қабыл.

Әділдігің қайда? Бұнда Нағима-қарапайым әйел. Исламда дұға етіп, сұрандар, пендесінің қолын бос қайтарудан ұялады дейді. «Қадір түнгі керемет» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Байқан молда, мұғалім, хатшы Кәрім, әйелі Айжан. Байқан молда керемет иесі болып адамның ақылына келместік істерді істесем, жұрттың бәрі менің айтқанымнан шықпас еді, айдай әлемді аузыма қаратар едім. Кәрімдерің комсомолдықтан безіп менің соңыма ерер еді, мен оған сөйлегенде, мұғалім туралы ойлағанда, ол кәпірдің діні мықты ғой, маған ере қоймас еді дейді. Монолог арқылы Байқан молданың характері ашылған. Молда қиялшыл, орындалмайтын, қолынан келмейтін нәрсені армандайды. Ел күйеуі әңгімесіндегі кейіпкерлер Биғанша, Жұматай, Байболсын баласы, Сыздық, Рәш.

Жұматай: «Қыз көнбейді деген не? Алатын малына келісіп, қайтсең де сол қызды бүгін қойныма сал - деп Жұматай өмірінде бірінші рет жүзін жылытып, жымың етті. Жұматай өте қарапайым кісі, әйел затына сөз айта алмайтын кісі. Күлтай болыс шығармасындағы кейіпкерлер: Күлтай, Жұмабай, Абдол(азғырушы) Әжігерей, Ақтам, Бекбосын (хатшы) Смағұл (ағасы). Күлтай жұрттың бетін қайтара жауап береді:- Ешкімнің керегі жоқ, мен өз қайныма тиемін - дейді. Жұмабайды Күлтай өзі іздеп барады.

- Байым болса өлді. Бір үйде жалғызбын, қайнымды босатып алуға келдім,- деді. Күлтай байға

- Ал денің сау ма? Жүдеген жоқсың ба? Көшіп келсін деп ем ғой, бұратала келдің бе?- дейді. Күлтайдың сөзі арқылы характер ашылған. Күлтай байлыққа ұшпайтын, өзін ұстай білетін әйел. Әділ басшы, күйеуін сыйлай біледі. «Құрымбайдың жігітшілігі» шығармасындағы кейіпкерлер: Кебекбай, Күләш, Құрымбай, Нұржан, Меруерт, Дәуіт. Күләш – айып емей не, байлардың жүздеген қойын көрмей, біздің үйдің екі қойын жазып кетіп

отырсындар. Төрелігінді былай қоялық, мұның тіпті жігітшілігіне лайық емес қой... Күләш ерке өскен қыз. Бірбеткей, ақылды, шыншыл қыз. Аштық құрбаны әңгімесінде Қайрақбай, Шырынкүл, Дәмеш, Таңсық, Тілеумағанбет кертте болды: қыстай тамағымды жедім, енді өте деді малғұн. Тілеумағанбет өтірікші, жұмысын істетіп кісі ақысын бермейтін ұнамсыз кейіпкер.

- Әлгіні қайтесің?

- Көндім, әже көндім! Сендер үшін жас нәресте Таңсық үшін, бір түгіл мың басым болса да, қидым... Мен –құрбан! Мен аштық құрбаны.

Дәмеш ата-анасы, бауыры үшін барлық нәрсеге дайын. Дәмештің сөзі арқылы заман шындығы ашылады. Бір адым шығармасында Әлекен, Жұмағұл, Нұрғали, Аманбай, Ербосын, Күлбарша (Жұмағұлдың әйелі), Иван, Ділдә, Жұман қатысады. Аманбай «жолдастық өз алдында. Іс өз алдында. Мынаны істегендігің рас болса, сені орныңнан қозғамақ түгіл, таза мұғалімдіктен шығарып тастау керек деген. Алты айғы қыс бір күн дұрыстап бала оқытпайсың. Жұмағұлмен Даубайдың жанына еріп, арызын жазып, адвокаттық қылумен болыпсың. Сен маған өкпелейтін де шығарсың. Аманбай өз ісін жетік білетін, әділ, халқы үшін қызмет ететін кейіпкер. Алғашқы сабақ әңгімесінде негізгі кейіпкер Мінайдар, Маржанкүл. «Ертегілер» әңгімесінде Ерекең, Тышқанбай, Әлімбаев, Асылбек, Досбол, Қасен, Алтынкүл қатысады. Алтынай - маған арқасын сүйей Алтынай отырады. әй кәпірдің салағы-ай, пештен құман алса да, нан көметін табаны пешке салса да, күлді бұрқырап аспанға шығарып жатқаны. Мұнда Алтынайдың іс-әрекеті арқылы характері ашылған. Зәкіржан молда әңгімесінде Қалдыбай, Зәкіржан молда. Қоңқа, Қалашқыр (әйелі) Қаныш, Ақтамбек, қатысады. Зәкіржан молда. Ақымақ-ау біле-білсең шабдар байталды. Ұлбосын бәйбішенің басынан алып отырмыз. Құран шығарған мен, дәуірін айналдырған мен, жаназасын оқыған мен. әй, ақымақ сен жарайсың, саған риза болдым, маған тағы құйып жіберші - деп Молдекең рюмканы Қалдыбайға ұсынды. Мұнда Зәкіржан молда жұрт көзінде молдасымақ болады. Екі жүзді, дүние қоңыз – адам. Адамдардан шыққан соң боқтасады, арақ ішеді. Зәкіржан молда сатиралық образ ретінде алынған. (Бекберген әңгімесі) Бекберген мектебі әңгімесіндегі кейіпкерлер: Қали, Бекберген, Қайырбек, Сәлім (мұғалім), «Раушан Коммунист» повесіндегі кейіпкерлер: Зейнеп,

Күлзипа, Бәкен, Раушан, Ермақ, Мариям, Әбдіш, Дәметкен, Дәмесін, Жақсылық (хатшы) Қайырбай. Әжібек шал. Раушан еркектегі бар ми әйелде де бар. Әйел адам болмаса жақсы әйел жаман еркекті адам қылады деп аталарымыз неге айтқан? деп болыстық жиналыста сөйлейді. Дәмесінде

- Жоқ, қайнаға, өтірікке мөр баса алмаймын - деді. Раушанның сөзі арқылы характер ашылған. Раушан еті тірі, әділ, өз орнын білетін әйел, сабырлы, оқыған. «Сары ала тон» шығармасындағы кейіпкерлер: Шермек, Сейпен, Қожан, Жамал бәйбіше, Қуандық әйелі Бәтима, Арыстан, Шауыпкел, Тұтқыш, Несібелі.

«Қанды кек» шығармасындағы кейіпкерлер: Қали, Әбді, Бөлкебай, Сәрсенбай, Ыбыралы, Тасберген, Иманберді, Қайрақбай, Иван. Көктеректің баурында әңгімесіндегі кейіпкерлер: Омар, Ракила, Жақып, Айжан (Омардың әйелі), Көбек, Қасым, Мырзағұл, Ерман, Рабиға. Шәйін ұрттап отырып оқта санда астағыпыралла деп қояды. Шыныда Омарға «Құдайшылдықтың» өзі керек емес, аты ғана керек. Намаздың артынан бата қылғанда, үйдегі адамдардың құлағына шалынсын дегендей, даусын шығарың қарап: «Бүкіл аруақтарға тие берсін деп қояды. Ақшаны бүктеп, Омар қалтаға тығып жатыр. Өзі күлім-күлім етеді. - Құдай қосса құда болдық қой? Болғанда қандай өзімнің де көңілге алып жүрген адамым едің». «Өлім тырнағында» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Қойшығара, Темір, Ұлжан, Бәйбіше, Андрей, Мінайдар, Үміт, Етікбай, Әуесбай, Петро. «Қара шелек» әңгімесінде Айша, Бірмағанбет, Қайралап, Ыдырыс, Құсайын, Қуандық (Айшаның баласы), Қожағұл қатысады. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесінде Күлзира, Ырысты, Дайрабай, Күзенбай, Жасыбай, Айсары қатысады. «Колхоз қорасындағы» кейіпкерлер: Қалқай, Күдебек, Жүсіп. «Қызыл әскердің үйі» әңгімесіндегі кейіпкерлер: Бұзаубақ Тымақбаев, Айжан, Дүйсенбай, Аңдамас, Маржанбике, Шекер, Құсайын, Сабыр. Әміржанның әңгімесіндегі кейіпкерлер: Ыбырай, Дәуқара, Жұманбаев, Қонысбай, Әміржан, Дүшбай, Рабиға, Кәкіш, Досжан, Апалай. Беренде Қайролда, Құрымбай, Берек, Жәуке, Еркінбек, Балдай, Сержанбай, Ұлбике, Ерғали Асатов қатысады. Әпен бүгін ерекше көтеріңкі, көңілді еді. Бұл мұның өмірінде сирек болатын күй. әсіресе, соңғы әзірде трактордың қызығына бір ұйықтаған емес. Кішкене мызғып алса болғаны – тұра жұмысқа жабысады. Басқаларға да ұйқы бермейді.

- Ұйқы деген не? Баяғыдан бері ұйқы қанғандай болған жоқ па? Жұмыстың қызу кезінде адам ұйықтай ма екен? – деп, жолдастарын жұлқылап оятып, тұра қоймағандарын аяғынан сүйреп, әлек-шәлегін шығарады. Онысы теріс болмады. Ұшы-қиыры жоқ егінді күзгі жауынға ұрындырмай, жинады да алды. Артель болмаған, кәсіпке шұғылданбаған елдерді қарашы, не болып отыр». «Он бес үй» повесіндегі Әпеннің бейнесі көрініс үстінде ашылған. Әпен батыл, әділдікті сүйетін адал, өз ісіне табанды, жауапты, ұйымшыл, айтқанынан қайтпайтын қайсар, дегеніне тек еңбек арқылы қол жеткізетін еңбекқор, өз ортасына қадір-қасиеті мол жан. «Шұғаның белгісінде» тартыс Айнабайдың екі жасты айыру үстінде көрінеді. Шұғаның қаза табуымен аяқталады. «Сексен сом» әңгімесі салықтың орнына Егеубайдың жалғыз атын алуымен аяқталады. Талақта тартыс мәселесі Айдарбек пен әйелінің арасында көрінеді. Айдарбек пен Зейнеп жарасады. Кедей теңдігінде Бұқабай ауылнай болып сайланады. «Түйебай» әңгімесіндегі Түйебай байдың түйесін бағып кетеді. «Айранбай» әңгімесінде Айранбай әйеліне Үйемелбайдың есігін енді ашушы болмайық. Құдай аштан өлтірмес. Ең болмаса коммунистке жазылармыз дейді. «Сахарда» әңгімесінде Нағима намазды, ораны Рахилаға бердім дейді. «Ел күйеуі» әңгімесінде Жұматай Сыздыққа қызды қойныма сал дейді. Ертеңіне Жұматай мен Сыздық бөлініп, ауылына екі басқа қайтты деп әңгіме аяқталады. «Әже» әңгімесінде Зылиқаның қаза болуымен әңгіме аяқталады. Құрымбайдың жігітшілігінде Күләш:

– Қалай да жігіт екен, жарады! – деп риза болды. «Зәкіржан молда» әңгімесінде Зәкіржан мен Қалдыбайдың араққа мас болып жағқанымен аяқталады. Раушан – коммунисте Раушан мен Бәкен жарасады. «Сары Ала Тон» әңгімесінде Сейпен бай конфискіленіп, көшіп кетеді.

Қанды кекте Ыбыраш болысты Қайрақбай өлтіреді. «Даудың басы-Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесінде Дайрабай партияға кіреді. «Әміржанның әңгімесінде» Әміржан бригадир болып жұмысқа кіреді.

Қорыта айтқанда, Б.Майлин әңгіме-повестерінде заман шындығы, уақыт тынысы, адам болмысы әр түрлі көркем тәсіл арқылы шеберлікпен ашылады. Жазушы заман мен адам характерін, қоғам шындығын қарапайым, табиғи баяндау тәсілін, лиризм мен психологизмді, сонымен қатар сыншыл реализмнің қазақ прозасындағы жаңаша формасын әкелді. Диалог, портрет, авторлық мінездеме, деталь, т.б. тәсілдер заман шындығын, автор позициясын танудың кілтті ретінде қарастырылды.

Д.ЕРМАҒАМБЕТ,
 №102 орта мектебі.
 Қызылорда облысы,
 Қазалы ауданы,
 Бірлік ауылы

ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН 7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

1-сабақ. Лиро-эпостық жырлар. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры - қазақ эпосының ең ескі, ең жойқын түрі». Ә.Х.Марғұлан.

1. Қазақтың эпостық дастандарының ерекше бір бөлігі-ғашықтық дастандар. Ғашықтық дастандардың батырлық эпостан басты-басты үш айырмашылығы бар:

- Бірінші _____
- Екінші _____
- Үшінші _____

Ғашықтық дастандар.

2. ----- екі жастың бақытқа жету жолындағы тартысы, қасірет-зары, махаббаты.




Мәтінмен жұмыс.

3. Жырды мәнерлеп оқу. Бөлінген бөліктер бойынша мазмұндатып, басты оқиғаларын айтқызу.

Жырды сюжеттік-композициялық құрылысына талда.

1. Оқиғаның басталуы-----

- 2. Оқиғаның байланысуы-----
- 3. Оқиғаның шиеленісуі-----
- 4. Оқиғаның шарықтау шегі-----
- 5. Оқиғаның шешімі-----
- 4. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының негізгі тақырыбы не жайында? Төменде берілген сөздердің қайсысы қатысты? Дұрысын белгіле.



2-сабақ. Сатқындық

Жырдың көркемдік ерекшелігі.

Жыр-қазақ халқының поэзиясының жанрлық түрі, түпкі, негізгі мағынасында өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма.

Б.Абылқасымов.

Географиялық картамен жұмыс.

1. Жырда қандай жер-су аттары кездеседі?

р/с	Жырдағы жер-су аттары	Жыр бойынша сипаттамасы

2. Жырды өлең құрылысына талдау.

р/с	Шумақ	Тармақ	Бунақ	Буын	Ұйқас

3. Айшықты сөздер.

Әсірелей суреттелген оқиғаларға көңіл бөліп, өздеріне ұнаған

айшықты сөздерді табу.

Теңеу-затты немесе құбылысты екінші зат немесе құбылыспен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі.

Эпитет-заттың не құбылыстың айрықша сипатын көрсететін бейнелі сөз.

Метафора-екі нәрсені салыстыру негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

Аллитерация-өлең жолдарының басқы жолында дауыссыз дыбыстардың қайталануы.

Теңеу__ _____ _____ _____	Эпитет__ _____ _____ _____	Метафора__ _____ _____ _____	Аллитерация__ _____ _____ _____
------------------------------------	-------------------------------------	---------------------------------------	--

3-сабақ. Жырдағы кейіпкерлерге талдау.

1. Жырда қалай суреттелген? Бұл кімнің бейнесі? Кейіпкер кім, жырда қалай бейнеленген?

2. Жыр мазмұны бойынша кейіпкерлер. Концептуалдық кесте.

р/с	Кейіпкерлер	Мінезі	Іс-әрекеті

3.Тұрмыс-салт жырына жататын өлең-жырлар.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу мазары-Х-ХІ ғасырдағы сәулет кешені.

Бұл мазар Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық теміржол бекетінен 10 шақырымдай жерде, Аягөз өзенінің бойында орналасқан.

4. Түйінді ой.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры

«...Жырдағы басты образдардың айрықша тұлғаларының бірі-Қозы Көрпеш жастайынан еркін махаббатты аңсаған жан. Оның ісі әділ, мінез-құлқы ұнамды. Ал Баян-ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары қояды, оған кір жұқтырмайды. Оның махаббат жолындағы қасиеті... ерлігі ірі

бағаланған. Қазақ ауыз әдебиетінде

«Қозы Көрпеш-Баян сұлудай» даңқы мол жайылған жыр жоқ деуге болады.» Мұхтар Әуезов.

5. Жыр саған несімен ұнады? (Ой толғау)

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры бойынша бекіту тапсырмасы.

Тест.

1. Лиро-эпостық жырларды тағы қалай атайды?

- А) Тұрмыс-салт жырлары;
- В) Ғашықтық жырлар;
- С) Батырлар жыры;
- Д) Ерлік жыры;
- Е) Лиро-эпостық жыр.

2. Жырдағы қай кейіпкердің сөзі?

*Бір марал кеше кетті ыза қылып,
Кез қылса, соны маған атып берші.*

- А) Қамбар;
- В) Сарыбай;
- С) Қарабай;
- Д) Баян;
- Е) Қобыланды.

3. Жырдағы Айбас батырдың мінген тұлпарын табыңыз?

- А) Ақмоншақ;
- В) Көктай;
- С) Тайбурыл;
- Д) Шалқұйрық;
- Е) Тарлан.

4. *Жүруші ең әр нәрсені шолпы тартып,*

Түпсіз тәңірім дариядай мал береді.

Осы өлең жолдарындағы *шолпы* сөзі қандай мағынада жұмсалған?

- А) Әшекей бұйым;

- В) Мұқтаждық;
- С) Ыдыс-аяқ атауы;
- Д) Әдет-ғұрып;
- Е) Жабдық атауы.

5. Үзінді тұрмыс-салт жырының қай түріне жатады?

Жасы кіші іні мен аға, аман бол!

Іребдел өңшең мырза-жаға, аман бол.

Қарабайыр қайын атаң сенен қашты

Жөргекте Қозы Көрпеш, тағы аман бол!

- А) Қоштасу;
- В) Естірту;
- С) Жоқтау;
- Д) Көңіл айту;
- Е) Сыңсу.

6. *Көктаймен батыр Айбас төмен шапты,*

Мәнісін тәмам жолдың оймен тапты.

Қыздың берген белбеуі түсіп қалып,

«Қызылбелбеу», «-----» қоя сапты.

Бос орынға қай сөз қойылады?

- А) «Шұбарайғыр жорға»;
- В) «Құбажон»;
- С) «Абыралы»;
- Д) «Шідерлі»;
- Е) «Жалаулы».

7. «Аман-есен, қарағым, көрдің», -депті. Жырдағы қай кейіпкердің сөзі?

- А) Қодар;
- В) Баян сұлу;
- С) Қарабай;
- Д) Қозы;
- Е) Сасан би.

(Жалғасы бар.)

Эссе

РДОШАНОВА,
«Жаңа Ғасыр» №175 гимназия.
Алматы қаласы

ҰСТАЗДЫҚ - ҰЛЫ ІС

Мұғалім мамандығын тандап, тер төгіп еңбек етіп жатқанымға біраз жылдың жүзі болды. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол еңбек жолындағы өмірлік ұстанымым - әрқашан ізденісте, ой қозғалысында болу. Мұндай ұстаным болмаса, ол жай мұғалім атын жамылып жүргендер деп айтар едім. Ал ұстаздардың ішінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қазіргі қоғамымызда жүгі ауыр. Себебі болашақ жас ұрпаққа ана тіліміздің қыр-сырын үйрету – біздің басты міндетіміз. Бұл міндетті жемісті орындау үшін оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін оқытудың көптеген әдіс-тәсілдерін алып, өз іс-тәжірибемде ұтымды пайдалана білемін. Білім беру ісінде ұстаз - басты әрі шешуші тұлға. Ұстаздың білімділігі, абырой-беделі оның шәкіртінен көрінеді. «Шәкірттің жақсы болмағы - ұстазынан», - деп халық тегін айтпаған. Ұстаз ұғымы – мағынасы кең, мәні терең, тарихи ұғым. Адамзат баласының дамуында білімнің қажеттілігі сол білімді таратушы, жеткізуші ұстаздың қажеттілігімен бірдей маңызға ие болған.

Ұстаз өз шәкіртінен саналы да білімді, парасатты тұлға жасайды. Педагогикалық шеберліктің негізі – оқушылардың еркін дамуына жол ашу, балаға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру, сабақты жаңаша әдіс-тәсілдермен заман талабына сай жандандыра түсу-педагогикалық шеберліктің басты сипаты болып табылады. Орыс тілі мен әдебиеті пәні - күнделікті өмірде қолданылатын, қоғамдық өмірде қызмет ететін, аса қажетті пәндердің бірі.

Олай болса, Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүйшілік сенімді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына

сіңіре отырып, орыс тілінің де қажеттілігін заман талабына сай ұғындыра білсек өте ұтымды болар еді.

Шығармашылық – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Мұғалімдерге қойылатын басты талаптардың бірі – шығармашылық. Мұғалім өз шығармашылығы арқылы оқушы шығармашылығын ұйымдастырады. Ал менің мақсатым – оқушыға оқу үрдісін ұйымдастыру барысында шығармашылықтың маңызын білдіру, баланың басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу. Орыс тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын екіге бөліп қарастырдым:

1. Заманауи технологиялар.

2. Жүйелі жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары.

Қазіргі уақытта елімізде әлемдік білім кеңістігіне бағыт алған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Мемлекет мәртебесін анықтауда қазіргі заманғы білім жүйесі негізгі фактор болып отыр. Сондықтан дамыған елімізде мектептердің жаңа техникалық құралдармен жабдықталуына үлкен мән беріліп отыр. Соған орай кейінгі жылдары республикамыздағы мектептер мультимедиялармен, интерактивті тақталармен және кей пәндерге арналған электрондық оқулықтармен жабдықталған. Бұл өзгерістер бізге жаңаша ізденіске жол ашады. Ақпараттық коммуникациялық технология әдістерін дәстүрлі әдістермен ұштастыра жаңаша сабақ түрлерін өткізу арқылы мұғалімнің де, оқушылардың да пәнге деген қызығушылығы артады деп ойлаймын.

Біріншіден, оқушы электрондық оқулықтағы түрлі тақырыптарды тыңдайды, қайталайды, тыңдап отырып өз бетінше ізденеді, шығармашылық жұмыс түрлерін орындайды. Екіншіден, қиындық тудыратын сұрақтар қою, оның жауабын жеке өзі, соңынан жұппен, топта талқылау арқылы шешімін тапса, бұл оқушы тілін дамытудың, қабілетін әрі шығармашылығын дамытудың басты бір жолы болып табылады. Үшіншіден, мұғалім көрнекілік жасап жатпайды. Оқушы өзі де көрнекіліктерді дайындап әкеліп, сол тақырып бойынша қорғайды. Әрине, мұндай тіл дамыту жұмыстарын дәстүрлі әдістермен де орындауға болады.

Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін және өзгерістерге, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Елбасы Жолдауында: «Сапалы білім беру- Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс», - деп көрсеткен. Осыған байланысты оқушылардың шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-оқушылар арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілуі тиіс. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады. Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін Отанын сүюшілік сенімді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіре осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.

Осыдан түйгенім: заманауи дәстүрлі әдістерді сабақтастыра жүргізген сабақ өз шыңына жетеді. Ал оқушы сол білім шыңына шығу үшін жоспарланатын әдістер әрбір мұғалімнің шеберлігімен, өмір мен тұрмыстың күрделілігіне қарамастан қаншалықты өз жұмысын сүйетініне байланысты. Олай болса, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың сөзі ақиқат екенін өмірдің өзі дәлелдеп отырған жоқ па?!

Мен өзім қазір еңбек етіп отырған білім ошағын дәл осылай заман талабына сай жабдықталған, білім шыңына ұмтылған ұстаздармен қамтылған білімді де, жаңашыл басшысы бар гимназия мектебі деп айтар едім. Жалпы мектептегі балаға білім беру мен білім сапасын арттыру мақсатында атқарылып жатқан барлық іс-шаралар жүйелі түрде жақсы жолға қойылған. Әсіресе, мектептегі ұстаздар қауымына балаға сапалы білім беру үшін қатаң талап қояды және оған қолайлы жағдай жасап отырады. Осының нәтижесінде мектеп оқушылары Ұлттық Бірыңғай

тестілеуде қала бойынша жоғары көрсеткіш көрсетсе, бірнеше оқушы Ғылыми Жобалардан, аудандық, қалалық, республикалық олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болып жатқан жайы бар. Сондай-ақ мектепте критериалды бағалау, 12 балдық жүйемен бағалау жақсы жолға қойылған. Мұның барлығы жаңа заман талабы болғандықтан, ұстаздар да, оқушылар да күнделікті сабақта үнемі қолданып отырады. Ал тәрбие жұмысының қыр-сырын жетік білетін директордың тәрбие ісінің меңгерушісі Ушурова Айнұр Әркенқызының еңбегін ерекше атап кетуге тұрарлық. Өйткені гимназия оқушыларының барлығы мектептегі темірдей тәртіпке әбден қалыптасқан. Қоғамдық іс-шараларды, спорттық жарыстар мен түрлі сайыстарды Айнұр Әркенқызының басшылығымен, жол көрсетуімен нәтижелі өткізіп отырады. Аудандық, қалалық қала берді республикалық жарыстарда үнемі жүлделі орындарды қанжығаға байлап келеді. Әрине мұның барлығы үлкен еңбектің жемісі дер едім

Қорытындылай келе айтарым, барлық педагог мамандардың мақсаты-көзі оттай жанған, жүрегі «Отаным» деп соққан, салауатты өмір салтын ұстанатын шәкірттерді даярлау болса, ол жаңа заманауи технологияны меңгерген жаңашыл ұстаздардың еңбегі болмақ. Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді ұрпақ дейтін болсақ, осы мақсатқа жету үшін әлі де көптеген істер атқаруымыз қажет. Сондықтан бала оқытып жүрген жалпы ұстаздар қауымы өз жұмыстарына тиянақты қарап, салғырттық танытпай, білімді, тәртіпті ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай еңбектенсек, бұдан да жоғары нәтижелерге қол жеткізеріміз анық. Тақырыпта көрсетілгендей, мұғалімнің сөз өнері туралы. Мұнда жазылғандар мұғалімнің басқа қабілеттері мен жұмыс түрлері туралы емес. Сынып ұжымын немесе жеке оқушыны дамыту жолы да емес. Оқытушыға ауадай керек, өмірі ескерілмейтін, мұғалім өмірімен қоса жасап, қоса кететін сөз өнері туралы айтқым келеді.

Бұл күнде өз позициясының қайта құруға қаншалықты қатысы бар екенін ойламайтын бірде-бір мұғалім бола қоймас. Өйткені, адам тәрбиесі бүгінгі күнді қойып, болашақтың да мақсатты ісі болып қала берері анық.

Баспасөзде мұғалімнің ішкі-сыртқы бейнесі мен бейнеті

қайта-қайта жазылып, сан түрлі сөз болып, барлығы бір арнаға сарқылған сындарлы сикыр қабілетіндей сомдалып жататыны бар. Оның бәрі керек. Бірақ соның қаншасы қай мұғалімде барын кім білсін? Әйтеуір қажетті мәліметтер екені рас.

Шәкірт дегеніміз-мұғалім үшін аса сыншыл, әділ төре. Ол шамшыл киелі дүниедей. Еш уақытта әдейі жоспармен жамандық жасап, қасақана қастандық істемейді. Егер мұғалім қабілеті шектеулі, қорқақ болса кешіре де алмайды. Кешіре алмағаны сол: «Сынып болып шулайды, оқымайды, тыңдамайды!» деген дәрменсіз өкпелер туғызатын қылықтарды жасамай тұра алмайды. Беделді болудың жолын іздегенде, мұғалімге тән табиғатты сынаржақты пайымдап, керекті жерінде ашық, сыршыл, мейірбан, енді бір жағдайда қатал болатын, көзін таппай, жөні сол деп бірбеткей, қатал болғансып, айқайлап немесе мейірімді болғансып майдалап, шәкірттің дамушы, танушы, өсуші, еркін екенін ескере алмай қалып жатады. Баланың аты – бала. Сонысымен де үлкендерден ерекшеленеді. Бала қорқуды білмегені сияқты, сыйлағанды да білмейді. Қорқуды білмейді деп отырғаным, ол «мен ертең білімсіз қаламын» деп ойламайды. Керісінше, сабақтың үстінде қиқар мінезін көрсетіп, оқшауланып отырғысы келеді. Сонысын өзі басқа балаларға қарағанда тапқырлық деп есептейді. Сабақты өзі ғана меңгермегенімен тұрмай, жалпы сыныпқа кесірін тигізетінін қайтерсіз?! Сыйлағанды білмейді дегенім: оның қате істеріне сіздің ескертуіңізге құлақ аспай, түсінбеген жағдайда қашанғы мектеп басшысын, не оқу ісінің меңгерушісін шақыра бересіз? Не сізді тыңдамай, тапсырманы орындамаған жағдайда сіз қашанғы «екілік» қоя бересіз? Оған жол жоқ. Баланың тілін табуыңыз керек. Сондықтан сіз енді сөз өнеріне жүгінесіз. Өнерге бағынбайтын бала жоқ. Сабақ әр түрлі болатыны сияқты тақырып та қиын және оңай меңгерілетін, қызық немесе жалықтырып жіберетін тақырыптар кездеседі. Сол үшін сабақтың басынан бастамай, баланы қызықтыратын түйінінен бастау қажет. Онда да сөз өнеріне жүгініп. Сонда ғана бала селт етіп, сізге көңіл аударып, тыңдай бастайды. Сабаққа оқушы қызықты дегенше, сіздің жолыңыз болды дей беріңіз. Одан басқа бақыттың сізге керегі жоқ.

Мұғалімдік – өнер. Өнер болғанда да ең қиын өнер. Өйткені, алдындағы шәкіртін өзінің жан ерекшелігімен, жиған – терген

білімімен, дүние – әлем туралы әділетті ұғыммен, ынта – ниетімен тәрбиелейді. Оның қолында басқа бір арнайы айырымы бөлек күш-қаруы жоқ. Пәнді, материалды, әдіс-тәсілді, психологияны білу айтылып жүр. Ал, сөз өнері, сөйлеу мәнері туралы жеткіліксіз қозғалып жүргені белгілі. Білім алушыны жетелейтін, оны демеп, тәтті арманға еліктіретін мұғалімнің өзінде көл-көсір көп өнердің, оның ішінде сөз өнерінің үшқыны табылып жатыр ма еді?, - деп ойлаймын. Алдымен, әуелден пешенесіне жазылған әлді қаруы – сөзі, оралымды ойы болған мұғалімнің, кез-келген материалды өңдеп-түзеп, ретін тауып, жан салғандай құлпырта алатындарын айтамыз. Сондай, істесе ісі өнетін, сөйлесе сөзі көкейге қонатын, он саусағы өнерге бейім ұстаздар да бар. Мұғалім өз пәні төңірегінде шектеліп қалмаған, белгілі бір мөлшерде–суретшінің қиялымен, философтың ойымен, ақынның шабытымен ортақтас болуы қажет. Сабақ түсіндіріп жатқан кезде кейбір қыңыр оқушы сұрақты төтесінен қойып жатады. Сол кезде оқушының сұрағына жауап бере алмай қалатын жағдай болса, баламен тіл табысып, «бүгін уақыт жоқ», - деп, ертеңіне даярланып келіп жауап беруі керек. Қайткенде де оқушының сұрағы жауапсыз қалмауы керек. Жауапсыз қалса келесі күннен бастап ол оқушының сізге деген көзқарасы өзгереді.

Педагог Н.В.Ильин өзінің тәжірибесінде жаңашылдық қуаттың күші осы салада екендігін түсіндірген еді. Мұғалім сыныпқа келген бетте-ақ бүгінгі тақырыптағы шәкірттері әсерленер бір оқшау фактіні айрықша пейілмен айтып жіберіп, зейін мен зердені ерікті-еріксіз өзіне аударып алып, сабақтың өн бойында босатпайтын, еркін еліктеуін, ықылас ниетін игеріп алады.

Тындамайтын бала қалмағандықтан тақырыпты ұқпай қалатындар да болмайды екен. Қайткен күнде де сабақ түсіндіруде баланың зейінін аударуда мұғалімнің шеберлігімен қатар әр түрлі тәсіл-амалдар жүзеге асып жатады. Бәрібір күнделікті сабақты меңгермеген бала бұл күні де меңгермейді, тыңдағысы да келмейді. Сабақта мұғалімнің даусы жағымсыз болып келетін болса, баланы жалықтырып, сабақ үстінде басқа жұмыстармен айналысуына апарады.

Мысалы: І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын 11-сыныпта өттіңіз делік. Сабақты бастар алдында «Ас» деген көркем

фильмді тілге тиек етесіз. Оқушылар бәрі шулап ол көркем фильмді көргендігін айтып, «Құлагерді қара ниеттілер атып тастады. Ақынның көзіне әр нәрсе елес болып, аяқ жағында өмірі қызықсыз болып кетті» деп аяқтай салып, поэмаға көңіл бөлмейді. Поэманы талдауда белсенділік танытпайды. Оқушыларға «Неге оқымайсындар?» деп жекімей қосымша материалдар, сөз өнеріне сүйене отырып түсіндіріп, өзіңіздің актерлығыңызды көрсетіңіз.

Ақын Құлагердің өліміне дейін де көптеген қайғылы оқиғаларды бастан өткізді деп әңгімені әсерлі етіп бастағаннан-ақ оқушылардың назары мұғалімге ауа бастайды.

- Қандай қайғы?

- Ол не?

- Аттың өміріне де соншалықты қайғыра ма? т.б.

Сол сияқты таң қалған сұрақтарды оқушылардың көздерінен ұққандай боласыз.

Сүйген жарлары – Бәтимадан, Ұрқиядан өлі айырылады. Сұлу әндерін аспандатқан қыраны Қараторғайы қартайып, бір күн аурып, тұғырында көз жұмады. Сырымбет даласында жұлдыздай аққан құмай тазысы Базаралы қасқырға тастаған күшаланы жеп өледі. Қаз-үйректі қоймай ілетін қаршығасы Көкжендеттен де көз жазып қалды. Кешігіп кездескен өзінен қырық жас кіші Балқадшасына қолы жетпей, арманда болған Ақан өмірін қайғылы оқиға демей не дейміз?!- деп 10-сынып бағдарламасын қайта оралып, өткен материалды естеріне салсаңыз, Құлагерін оқи отырып оқушылар ақынмен бірге күйгендей, оны аяғандай, аяулы жандарын мерт қылған жауыздарға лағынет айтқандай болады. Ақынның өмірінің аянышты екенін түсінеді.

Қазіргі өмір талабы қандай технологияны пайдалансаң да оған ерік беріп қойған. Әйтеуір, баланы білімді етіп шығаруың керек. Ол үшін баланың назарын толығымен өзіңе аудару үшін мұғалімнің шығармашылық жұмысымен қатар сөз өнері бес қарудың бірі деп қараған жөн. Олай болмаған күнде, бала назар аудармаса, сіздің 45 минуттық еңбегіңіз босқа кетеді деген сөз.

Ажыратып айтар болсақ, мұғалім сөзі- үзілдіріп айтар әуезді, оралымды ойдың, сұлу ырғақтың, шешен сөйлеу өнерінің шеберлігімен ыңғайы бір талантты дарындарға ұқсауды ұсынады екен.

Л.СӘРСЕНБАЕВА,
О.Исаев атындағы жалпы
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы,
Ақжайық ауданы,
Көнекеткен ауылы

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ МӘНГІЛІК ТІЛІ

*Жаңа Қазақстандық патриотизм
дегеніміздің өзі-Мәңгілік Ел!
Мәңгілік Ел-елдің біріктіруші
күші, ешқашан таусылмас қуат көзі.
Ол-барша Қазақстан қоғамының
осындай ұлы құндылығы.
(Н.Ә.Назарбаев)*

Біз, қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Жоғалтқанымыз ең асылымыз-Егемен еліміздің мәңгілік болуы еді. Біз осы асылды іздеп, соқпақпен де, сүрлеумен де, жүрдік, кейде жолға да түскендей болдық, тығырыққа да тірілгендей болдық.

Табанды күрестің арқасында ата-бабаларымыз өзінің бірлік-берекесін сақтап қалғаны қазақ еліне мәлім. Елмен елдесті, жаумен жауласты, дәуірлер мен тоқырау, шарықтау мен құлдырау кезеңдерін бастан кешірді, сөйтіп халқымыз еркіндігінен айырылды. Халқымыз бодандық жолында болды. Бұл жай жол емес, даңғыл болып шықты. Ол-мәңгілік елді аңсаған қазақ елінің даңғылы еді.

Біз тәуекел қайығына міндік, басқа халықтар ғасыр бойы өткен жылдан біз аз уақытта өттік. Тарихта ол уақыт қас-қағымдай. Солай бола тұрса да, бізге біздің өз

тәуелсіздігіміз қымбат. Ол бізге қымбат-ата-баба рухын көтергені үшін. Ол қымбат-ата тарихымыздың, ана тіліміз бен дінімізді қаз-қаз тұрғызып, қазақ деген атауға қан мен жан кіргізгені үшін. Ол бізге қымбат-«Отан» деп жүрегімізді қақтырып «елім» деп елеңдетіп, «жерім» деп желпіндіріп, барша алпыс екі тамырымымызды игізіп, ата жұртын сүйдіргені үшін. Ғасыр бойы армандаған ұлт бостандығы, тәуелсіздігіміз-біздің бұл күнгі ең асыл, ең қымбат қазынамыз. Біздің бүгінгі егемендігіміз-ертеңгі болшағымыз.

«Мәңгілік ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты-Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекетіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршен ететін –Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің себебі-бірлік берекесі...Осы жолдарды оқи отырып, маған даналық пен даралық осындай болатын шығар деген ой келді.

Күлтегін жыры»-мәңгілік ел болудың, яғни Қазақ елі-мәңгілік»-деген бүгінгі, тәуелсіздік қайта келіп қонған тұстағы ұлттық идеямыздың темірқазық арнасын осыдан мыңдаған жылдар бұрын жасап кеткен жасампаз дастан. Осыдан көрегенділік пен парасаттылық тек Елбасымызға ғана тән екендігін мойындамасқа болмайды.

Ұлттық намысты биік көркемдік деңгейге көтеріп жырлаудың асыл үлгілері ретінде біздің заманның VI-VIII ғасыр аралығында ғұмыр кешкен бабаларымыздың ерлігін, қаһармандығын, тәуелсіздік жолындағы

қасиетті күресін жаңа тыныспен жырлайтын «Күлтегін», «Тонькөк» жырларына бүгінгі күні күллі түркі жұрты, қала берді, күллі әлем бас иеді. Біз бұл эпостық жырларды өзіміздің ұлттық символымызға балаймыз. Егемендік алған қазақ ұлты да осынау рухани құндылықтарымызды Астанамыздың қақ төріне әкеліп биік тұғырына қондырды. Бұл да Елбасымыздың көрегендігі.

Мәңгілік Ел... Мәңгілік Қазақстан... Ата-бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары болатын. Ертеңгі аймаңдай күннен үмітті біздің елдің ұраны да, жыр әні де сол болуға тиіс. Алайда, байлық пен абырой, жаңарулар мен жаңғырулар аспаннан жаумайды. Оған жетуден үміткер елдің еңкейген кәрісі мен жас көкірек жасы тек нәтижелі еңбек пен тұғырлы Ғылымға ғана арқа сүйеуі қажет. Сонда барып халықтың әл-ауқаты көтеріледі, бізді әлем мойындайды, Қазақстан жер бетіндегі азулы 30 мемлекеттің қатарынан ойып орын алатын болады.

Мәңгілік ел-бұл халықтың өткен тарихынан бастау алуы тиіс. Тамыры тереңге жайылған тарихтан сыр шертер, біз қазақ не көрмедік, қанша қиын жағдайларды бастан кешірдік. Бірақ осының бірде-біріне мойымастан бүгінгі күнге де аманшылықпен жетіп отырмыз. Шүкір, міне осының өзі-ақ мәңгі ел керегесі.

550 жыл бойына көрген қиындығымызға ешкімді жазғырмай, қайғы көрсек, тереңіне батып кетпей, қуанышқа асып-таспай бүгінгі күнге аман-есен жеткеніміз біз үшін үлкен бақыт! Терезесі тең, керегесі кең, шаңырағы биік еліміздің тарихы мен мәңгілік елдің ірге тасын қалап кеткен Керей мен Жәнібектен бастау алған қазақ елінің мәңгілік ел болуы, құрылуы осының айғағы. Мен үшін мәңгілік ел осы кезеңнен

бастау алады.

Ия, ендігі күні біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл ел мойындады. Біз енді тар жол, тайғақ кешуден өттік. Жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан «қазақ» деген халықпыз. Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған, дербес, тәуелсіз ұлтпыз. Асанқайғының армандаған заманы қазақтың басына енді туды. Ол -«Тәуелсіздік». Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман- Мәңгілік ел. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астана қаламызды тұрғыздық. Ендігі Ұрпақ – Мәңгілік қазақтың Перзенті. Қазақ елінің Ұлттық идеясы- Мәңгілік Ел.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы өткенімізден сабақ ала отырып болшағымызды баянды ету жолындағы нақ мұраттарымыз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев елімізді бір мақсат, бір мүдде, бір болашаққа жұмылдыру үшін «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын жолдады. Ол Жолдауда Елбасы «Біз үшін ортақ тағдыр бұл Мәңгілік Ел, лайықты ұлы Қазақстан. Мәңгілік Ел-жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы»- деді.

Осы армандардың бірі тіліміздің мәңгі болуы еді. Себебі, тілқайұлттың болмасын тарихтағдыры, қатынас құралы. Тіл болмаса адамзаттың тірлігінде мән-мағына болмайды, сондықтан, мәңгілік ел болу үшін тілдің өсіп өркендеуі, жоғалмауы аса құнды болып есептеледі. Демек, Елбасы өз Жолдауында мәңгілік ел болу үшін тілдің мәңгі болуы керек деген ойына бір ауыздан келісу қажет. Осы орайда өзіміздің ана тіліміз туралы

терең ойлау әрқайсысымыздың міндетті парызымыз ғой. Қазіргі таңда жыл өткен сайын тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Себебі қазақ мектептері мен балабақшаларда қазақ тілін көтеруде.

Елбасымыз тіл тәуелсіздігі Мәңгілік елде Мәңгі болу үшін осы мәселені анық айтып отыр. Елбасымыз тіліміз мәңгілік болса, мемлекетіміз де мәңгі болатынына сенеді. Ал сенімнің лаулап жануына біз, оқушылар, патриоттық сенімімізді сөндірмей әрі қарай жалындатып жағуымыз керек деп түсінемін. Ол үшін білім алып, асуларды бағындыруымыз керек.

Мен өз тілімді, халқымды, елімнің тілі, діні үшін жанын беретін елжанды адамдардан үлгі аламын. Осындай тас бұлақтың тұнығы да, тілде, ана сүтінің жұғыны да тілде, батырлықтың айбындылығы да тілде екенін ұмытпасақ, әрі сол мақсатта оқып білім алсақ, әрине, Мәңгілік елдің тілі Мәңгі болады деп есептеймін.

Арманы болған бабамның,
Еркіндік бүгін төрімде.
Құлпырып өсіп даламның,
Рухтана түсті елімде.
Қыраным көкте шарлайды,
Әйгілеп, сені, туған жер,
Еркіндік жайлы, ел жайлы,
Шырқалсын мәңгі асқақ ән.
Төбемде нұрлы азат күн,
Менің де нұрлы жанарым,
Көтерген туын қазақтың,
Ұланы болам даламның.

Мен мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағы болғанымды мақтан тұтамын. Осының бәрі-Елбасымыздың елеулі еңбегі. Қазақтың маңдайына біткен ұлы, тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ағамыз достықтың, бірліктің

бауырмалдықтың көк туын берік ұстап, тасқа тұяғын қашаған тұлпар мінген батырларша, халқына тыныштық пен жігер беріп, шыдамдылық пен төзімділіктің шегіне жеткізіп тәрбиелеп отыр. Аяулы Отан-Қазақстанды әлемге аян етіп отырған Елбасының, халқының ерлігін Дихан баба Әбілов атамыз:

Бұл менің, аяулы Отан шаңырағым,
Көкжиектен әлі де қаранғаным,
Айғағым Тәңірі алдында тәуекелмін:
Мың жылдан да әрі асып бара аларым
Жазылып жүректегі жараларым,
Рахмет, Елбасының ерлігіне,
Елімнің сенім артқан елдігіне,
Қарамай қиындықтың қыңырына,
Ақыл мен алғырлығы жеңді міне,
Жасандыңыз жаңашыл талабына,
Мың рахмет, Нұрсұлтан қарағыма-
дейді, ғасыр куәсі болған бабамыз.

«Мәңгілік Ел»-біздің парасатты Елбасымыздың идеясы, «Мәңгілік Ел»- ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен теңдесі жоқ қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол-Мәңгілік ел идеясы, Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Қазіргі уақытта Мәңгілік Ел болу үшін азаматтарымыз білім, ғылым мен мықты қаруланған болуы қажет деп ойлаймын. Себебі, кез келген мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан «Мәңгілік Ел» болу үшін әр адам

осы бағытта жұмыс жасауы керек. ХХІ ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын жастар. Жас ұрпақ қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанымның табанының тұғырдан таймауы үшін еңбектенуі қажет. "Мен мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымын» деген сеніммен өз еліме үлесімді қосуым керек.

Бүгінгі ұрпақ елдің ертеңі. Мен сол жас ұрпақты тәрбиелеп отырған ұстаз ретінде туған жердің тұғырына қонар жас қырандарын тәрбиелейтін ұстаз ретінде Мәңгілік елді насихаттау жолында үнемі жұмыстанамыз деп ойлаймын. Шәкірттерімізге білім бере отырып, өз туған жерін, туған тілін, дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын сақтап, табиғатын қорғауды үйрету -біздің басты міндетіміз.

Ендігі тілек ауыл тезірек көркейсе екен. Ауыл көркейсе, туған топырақтағы байлық өз қолдарына тиген еркін жас ешкімге жалтақтамай, аяғын өз жерінде нық басады. Міне, осының барлығын өмірлі етіп, туған жердің тұғырын нық орнататындар бізбіз. Еркіндік-ежелден ата-бабаларымыздан бастап, бүгінгі ұрпаққа дейінгі арман -тілегіміз.

Мен барын жоғалтпаған, жоғын түгендей алған, өз дәулетіне өзі ие болып, өзгелерге есесін жібере қоймайтын өнерлі де өркенді ел болғанымызды қалар едім. Үміт – болашақ арқауы. Ел болашаққа сенеді, үміт артады. Біздің болашағымыз – тәуелсіздігіміз тағдырының биіктігіне, өмірдің көріктігіне байланысты жаңа жарқ еткен дәуірде еркін дәурен сүруге жазсын, Отанымыздың мәртебесі артсын!

С.ТӨЛЕУОВА,
Ә.Жангелдин атындағы
орта мектебі.
 Ақтөбе облысы,
 Шалқар қаласы

Ғ.МҮСІРЕПОВ. «ҰЛПАН» ПОВЕСІНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Максаты	-Шығарма кейіпкерлерінің бейнесі мен жазушының көркем тіліне талдау жасау. Жас қыз Ұлпанның ел анасы атануға дейін көтерілген бейнесін таныту. Кейіпкерлер арасындағы жағымды және жағымсыз бейнелерді ашу барысында адамгершілік тәрбие беру. - Оқушыларды мейірімділікке, ананы сыйлап, қадірлей білуге тәрбиелеу.	
Оқыту нәтижесі	-Өз көзқарасын жүйелі талдауға үйренеді. -Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беруде өзіндік пікірінің қалыптасуы. -Бір-бірінің пікірін құрметтей білуі.	
Табыс өлшемдері	Салыстырулар, кестелермен жұмыстар	
Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер	Жеке, жұптық, топпен жұмыс, талдау, ой тастау	
Керекті жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, АКТ, А4 қағазы	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезендері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Ұйымдастыру бөлімі	«Шаттық шеңберін» құру. Сен анаңа не сыйлар едің? деген сұраққа оқушылардың жауабын тыңдау. Топқа Ғабит шығармаларың аты беріледі де кейіпкерлері бойынша топтасады. «Жапон балладасы» (Тас, көз, арқа, Айко), «Ананың анасы» (Жалпақ балуан, Кейкі, ана, бойжеткен қыз), «Автобиографиялық әңгіме» (Бекет Өтетілеуов, 1902жыл, инспектор, Букварь) «Ұлпан» (Ұлпан, Есеней, Мүсіреп, Шынар)	Мұғаліммен амандасып, топтарға бөлінеді.

«Қызығушылықты ояту» кезеңі	«Миға шабуыл» стратегиясы -Біз кімнің қандай шығармасымен таныстық? - Оқиғаның негізгі желісі қандай еді? - Сонда бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болмақ? - Сабақтың мақсаты қандай? Мақсатқа жету үшін қандай жұмыстар жасалуы мүмкін?	Жуық жауаптар: Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы. Ұлпан ананың басынан өткен тағдыры.																																																	
«Мағынаны тану» кезеңі	<p>«Жапон балладасы» тобына Концептуалдық кесте</p> <table border="1" data-bbox="303 385 668 718"> <thead> <tr> <th>Кейіпкер</th> <th>Әңгімедегі орны</th> <th>Жағымды әрекет</th> <th>Жағымсыз әрекет</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Үлгі Бапай кемпірі</td> <td>Әжесінің туысы</td> <td>Интернатқа кетерде қимай қоштасты</td> <td>Талқанды Аянға бермейді</td> </tr> <tr> <td>Еселей</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ұлпан</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Торсан</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ру ақсақалдары</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>«Ананың анасы» 2-топ.</p> <table border="1" data-bbox="303 763 662 929"> <thead> <tr> <th>Кейіпкер</th> <th>Портреті</th> <th>Менің көзқарасым</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Үлгі Ахмет</td> <td>Ұста, соғыста аяғынан айырылып қалған</td> <td>Зор дауысты, адамгершілігі мол</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>«Автобиографиялық әңгіме». 3-топ. «Ұлпан» повесін жазушының «Ананың анасы» шығармасымен салыстыр</p> <table border="1" data-bbox="303 1035 662 1247"> <thead> <tr> <th>Әңгіме тақырыбы, авторы</th> <th>«Ұлпан» повесі</th> <th>«Ананың анасы»</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Оқиға</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Оқиға қай жерде өтті?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Оқиғаны көрген кім?</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкер	Әңгімедегі орны	Жағымды әрекет	Жағымсыз әрекет	Үлгі Бапай кемпірі	Әжесінің туысы	Интернатқа кетерде қимай қоштасты	Талқанды Аянға бермейді	Еселей				Ұлпан				Торсан				Ру ақсақалдары								Кейіпкер	Портреті	Менің көзқарасым	Үлгі Ахмет	Ұста, соғыста аяғынан айырылып қалған	Зор дауысты, адамгершілігі мол				Әңгіме тақырыбы, авторы	«Ұлпан» повесі	«Ананың анасы»	Оқиға			Оқиға қай жерде өтті?			Оқиғаны көрген кім?			<p>Әр оқушы жеке, сосын топпен жұмыс істейді.</p> <p>Шығарма кейіпкерлерінің портретін тауып, кейіпкер бейнесін сомдаудағы жазушының сөз қолданысына талдау жасайды.</p>
Кейіпкер	Әңгімедегі орны	Жағымды әрекет	Жағымсыз әрекет																																																
Үлгі Бапай кемпірі	Әжесінің туысы	Интернатқа кетерде қимай қоштасты	Талқанды Аянға бермейді																																																
Еселей																																																			
Ұлпан																																																			
Торсан																																																			
Ру ақсақалдары																																																			
Кейіпкер	Портреті	Менің көзқарасым																																																	
Үлгі Ахмет	Ұста, соғыста аяғынан айырылып қалған	Зор дауысты, адамгершілігі мол																																																	
Әңгіме тақырыбы, авторы	«Ұлпан» повесі	«Ананың анасы»																																																	
Оқиға																																																			
Оқиға қай жерде өтті?																																																			
Оқиғаны көрген кім?																																																			

	<table border="1"> <tr> <td>Оқиғадағы басты шешім жасаушы кім?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Оқиғаның негізгі идеясы не?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Оқиғадағы шешімді кім шығарды?</td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Оқиғадағы басты шешім жасаушы кім?			Оқиғаның негізгі идеясы не?			Оқиғадағы шешімді кім шығарды?			
Оқиғадағы басты шешім жасаушы кім?											
Оқиғаның негізгі идеясы не?											
Оқиғадағы шешімді кім шығарды?											
Ой-толғаныс	<p>1. Ұлпанмен тең түсер ел аналары туралы не айтар едің және кімдерді атауға болар еді? Жауабы: Төле бидің келіні-Данагүл, Шыңғыстың анасы-Айғаным, т.б.</p> <p>2. Жазушы жасаған Ұлпан бейнесі қандай?</p> <p>3. Сіздер үшін Ұлпан бейнесіне сәйкес келетін осы заманғы аналардан кімдерді атай аласыздар?</p>	Оқушылар ойы тыңдалады. Аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, қоғам қайраткері.									
Үйге тапсырма. Кері байланыс. Бағалау	<p>«Қазақ әйелінің бүгінгі тағдыры» тақырыбына эссе жазып келу.</p> <p>«Сабақтағы мәселелер» кестесі.</p> <table border="1" data-bbox="1258 1121 1583 1197"> <tr> <td>Қиындықтар</td> <td>Себебі</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Қиындықтар	Себебі			Оқушылар күнделіктеріне үй тапсырмасын жазады.					
Қиындықтар	Себебі										

А.АХМЕТОВА,
Ақтау ЖОББ мектебі,
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы

ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Максаты	Білімділік: оғыз әдебиеті нұсқалары жайлы мәліметтермен таныстыру. Бұл дәуір әдебиетінің көрнекті нұсқасы «Қорқыт ата кітабы» туралы білімдерін кеңейту. Тақырыптың мазмұны мен идеясын ашуға мүмкіндік жасау. Өз ойларын қорытындылай білуге жағдай жасау. Дамытушылық: Қорқыттың нақыл сөздеріне талдау жұмыстарын жүргізу негізінде қазақ макал-мәтелдерімен салыстыру, ұқсастықтарын анықтату. Нақыл сөздерінің тәрбиелік мәнін таныту. Тәрбиелік: маңызына талдау жасата отырып, ел есінде мәңгілік қалған тарихи тұлғаларды дәріптеуге, үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу. Тіл белсенділігін арттыру, оқу мен жазу мәдениетін дамыту.	
Күтілетін нәтиже	Тақырыпты түсіне отырып ойын жеткізе білу арқылы, тақырыпты дұрыс орындауға дағдыланады	
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.	
Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, портреттер, такта, стикерлер, ноутбук.	
Ұйымдастыру кезеңі. Сабақтың ұраны: -Әрбір адам? -Туысым, досым, жұрағат. - Әрбір сабақ? - Үйрену, ұту, ұлағат. - Әрбір ісім?-Тірлік, тірек, адамдық. - Әрбір сөзім?- Шындық, бірлік, адалдық.	Оқушыларды сапқа тұрғызып, 1-4 дейін санау арқылы топқа бөлу. Алтын ереже құру қажеттігі туралы айту. Әр топқа бағалау парағын таратып беру. Фигуралармен бағалау әдісімен бағалау үшін фигуралар таратып беру «Сандарды бейнеле» ойыны арқылы психологиялық ахуалды жақсарту.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың алтын ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Фигуралар арқылы топтар өзара бағалайды. Әр топ өздеріне берілген сандарды дене мүшелерімен, қимылымен бейнелейді.
Тренинг		

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім Қызығушылықтарын ояту	Мифа шабуыл әдісі арқылы өткен тапсырманы қайталау (5мин)	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру. Күлтегін кім? (Әскербасы, Елтеріс қағанның ұлы) Ағасы кім?(Білге қаған) Жырдың авторы кім? (Йоллыгтегін-Күлтегіннің немере інісі)	Оқушылар топпен ақылдасып жеке-жеке сұраққа жауап береді.
	«Ой шақыру» әдісі (5мин)	«Қорқыт ата туралы не білесіңдер? Қорқыт ата туралы қандай аңыз әңгімелер оқыдыңдар?» Берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау. Топпен жұмыс жасау.	Оқушылардың мұндағы максаты берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлерімен санаса білуі. Оқушылар көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке топ ішінде оқып шығып топпен талқылайды.
Түсіну	«Жигсо» әдісі бойынша тарау тақырыптарына қатысты. (5мин)	Мұғалім оқушыларға сұрақтар қою арқылы топпен жұмыс істеу үшін тапсырмалар береді. 1. Неліктен «Қорқыттың дүниеге келуі қандай өзгеше болса, оның бүкіл өмірі де сондай ерекше болды»деп айтылады? 2. Неліктен «Қорқыт ата кітабы» мәдени мұра болып табылады?	Әр топ берілген тапсырмаларды бірге талқылап орындайды Осыдан кейін олар өз топтарына қайта оралып, өздерінің бұрынғы топтағы достарына кезекпен түсінген материалдарын тиянақты түрде жеткізіп, үйретуі керек.

Г.ДУЙСЕНҒАЛИЕВА,
Қарасу орта жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ҚЫЛАУ» ӘҢГІМЕСІН ТАЛДАУ

Талдау	Венн диаграммасы Пайдалану арқылы жаңа сабақты түсінеді (5 мин.)	Диagramманы толтыру. Әр топ диаграмманы толтырып тексереді. Диаграмманы толтыру арқылы тақырыптың негізгі идеясы мен мазмұнын ашу	Екі топқа тапсырмалар беріледі. 1-топ: Қорқыттан қалған нақыл сөздерді мақал-мәтелдермен салыстыру 2-топ: «Қорқыт ата кітабының» кейіпкерлерін қазақ батырларымен салыстыру
Жинақтау	Қорқыт ата кітабы арнасы жаңа тақырыпқа байланысты постер әдісін пайдалану арқылы тақырыпты талдау. (5мин.)	Топтарға жаңа тақырып бойынша және өткен сабақты толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін сурет арқылы қорғату, ол үшін конвертке салынған сұрақтар таратылады. Білім туралы өз ойларын суретке салады, талдайды, түсіндіреді.	Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, тақтаға шығып тапсырманы қорғау арқылы тақырыпты талдау. 1-топ: Қорқыт ата туралы аңыздардың тақырыбы мен идеясын анықтайды 2-топ: Қорқыт ата туралы түсініктерін тірек-сызба арқылы көрсетеді.
Қолдану	Жұптық жұмыс (5мин)	Оқулық, хрестоматия материалдары арқылы аңыздар мазмұнына талдау жасау. Хрестоматияда берілген аңыздар мазмұнына сүйене отырып, топтарға бөліну. Күй әуенімен тапсырма орындау.	1-жұп: Оптимистер: «Қорқыт аңсаған мәңгілік өмір – адамның артына өшпес із қалдыруы» 2-жұп: Пессимистер: «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» 3-жұп: Реалистер: «Қорқыт бойындағы асыл қасиеттер».
Баға беру	Шығармашылық тапсырма «Эссе жазу» (5мин)	«Қалай ойлайсындар, бүгінде Қорқыт ата мұрасының маңызы қандай?» Эссе жазу, жинақтайды, бір-бірін бағалайды.	Оқушылардың мақсаты берілген тақырыпқа арнап өз ойларын жеткізу.
Рефлексия	Стикерлерді толтыру. (2 мин) ББҮ кестесін толтыру. (5мин)	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойларын стикерге жазып, тақтаға іледі. Ұсынылған стикерді толтыру.
Үйге тапсырма	Үй тапсырмасы. Бағалау (3мин)	Үйге тапсырма береді	Нақыл сөздерді жаттау. Қосымша мәліметтер қарау.

Жалпы мақсаттар:	Кейіпкерлер бейнесін жан-жақты ашады; әңгімені жан-жақты талдайды; оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыру, кейіпкерлердің әрекеті арқылы достықты қадірлеуге үйренеді.
Міндеттер:	1. Бүгінгі тақырыпты түсінулерін анықтау; 2. Оқушылардың өздік жұмыстары арқылы білім беруге ықпал жасау, диалогтік оқыту арқылы әр баланы қамтуға жағдай жасау; 3. Жаңа сабаққа белгілі бір ой қорытындылар жасау;
Негізгі идеялар:	Достық, қамқорлық, мейірімділік.
Тапсырмалар:	Кластер құрастыру, коммулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме.
Күтілетін нәтиже:	Теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Алған білімдерін өмірде қалай қолдану керектігін оны пайдаланудың мүмкіндіктерін тудырады, сабаққа деген қызығушылығы артады.
Көрнекілігі:	Стикер, маркер, бағалау парағы, оқулық.
Сабақтың түрі, әдіс-тәсілдері:	Зерттеу, жүйелеу, сұрақ-жауап.

Кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру	Амандасу, «Сатамын, сатып аламын» ойыны.	Оқушылар амандасып, ойынды ойнап орындарына отырады.		
Бағалау өлшемдерін құру	Оқушылармен бірлесе отырып, өлшемдер құру.	Мұғаліммен бірлесе отырып, өлшемдер құру.		

Үй тапсырмасын тексеру	Кластер құру. 1-топ С.Мұратбеков кім? 2-3 топ өз суреттерін қорғайды, осы суреттер арқылы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасау.	Кластер құру.	Формативті бағалау.	Оқулық, А3 формат суреттер
Топқа бөлу	Оқушыларға түрлі тәтті кәмпіттерді үлестіру арқылы топқа бөлу.	Оқушылар өздері таңдау арқылы топтарға бөлінеді.		
Жаңа сабақ. Ой қозғау.	Диалог, монолог ұғымдары туралы не білетіндерін сұрау. Диалог, монолог туралы түсініктерін кеңейту.	Әр топ өз болжамдарын айтады.	Формативті бағалау.	
	Әңгімеден Сағай мен Рабиганың диалогын және Сағайдың монологын оқыту. Оқылған үзінділер несімен ерекшеленеді?	Оқушылар оқулықтан тауып оқиды. Монолог пен диалогтың айырмашылықтарын оқушылар дәптерлеріне жазады.		оқулық
Сергіту сәті	«Менің үшбұрышты қалпағым» жаңылтпашын кимылмен көрсету.	Оқушылар кимылмен көрсетіп отырады.		

Шығармашылық жұмыс	1-топ. Рабигаға хат 2-топ. Әкенің ақылы 3-топ. Көрініс қою.			
Сабақты бекіту. «Құмырсқа» әдісі	Оқушылар топ болып жұмыстанады. Өздеріне берілген сұрақтарға жауап береді.	Оқушылар топтасып жұмыстанады.		
Бағалау	Оқушылармен бірлесе отырып, бағалау.	Оқушылар өз пікірлерін айтып сыныптастарын бағалайды.	Сумативті бағалау	
Үйге тапсырма	1-топ. Мен достықты қалай түсінемін. 2-топ. Егер мен жазушы болсам ... 3-топ. Дос туралы мақал-мәтел жазу.			
Кері байланыс	Аяқталмаған сөйлем... 1. Мен бүгін 2. Маған----ұнады. 3. Біз бүгін ---- таныстық. 4. Мен ----- үйрендік.	Оқушылар өздері сөйлемдерді аяқтап, стикермен іледі.		Стикер, А3 формат
Талдама:				

- Лирика деген не?
 - Бейімбет Майлиннің шығармасын ата?
 - Қылау деген не?
- Алпамыс батыр жырының шығу тарихымен танысу.
- Ертөстік ертегісінің басты кейіпкерлері кім?
 - С.Мұратбеков қай жылы дүниеге келді?
 - «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» өлеңінің авторы?
 - «Менің атым Қожа» шығармасының авторы?
 - С.Мұратбековтің туған жері?
 - «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» кімнің

шығармасы?

- «Анау-аспан, мынау-бақ» кімнің өлеңі?
- Күлтеген қандай батыр?
- Абай Құнанбайұлы кім?
- 1957-1963 жылдары С.Мұратбеков қандай оқу орнында сырттай оқыған?

- Домбыра кімнің шығармасы?
- Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармаларын ата?
- С.Мұратбеков қандай баспаның директоры болды?
- Градация туралы түсінік?
- «Бала Тұрар» кімнің шығармасы?
- С.Мұратбековтың тұңғыш әнгімелер жинағы?
- «Елім барда» өлеңінің авторы?
- Тұрардың тегі кім?
- Қазақстанның бас қаласы?
- Сұлтанмахмұт Торайғыров кім?
- «Сырттандар» ертегісінде не жөнінде айтылады?
- «Жусан иісі» шығармасы қандай тілдерде жеке

кітап болып шықты?

- Алпамыстың жары кім?
- Қобыландының тұлпары?
- Сатай қандай бала?
- «Мен арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» кімнің

өлеңі?

- «Ее, қара көже...» кімнің сөзі?
- Әке дауысы Сатайдың құлағына неге жағымсыз

болып естілді?

- Монолог деген не?
- Диалог деген не?

Б.БАТЫРОВА,
Қ.Сәтбаев орта мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Таскала ауданы

ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

(11-сынып)

Максаты:	Тақырыпты түсініп оқиды, шешендік өнердің негізгі ойын маңыздылығын ашуға үйренеді, тілін, дұрыс сөйлеу қабілетін, ой- өрісін дамыту арқылы достықты құрметтеуге, ынтымақшылдыққа, сыйластыққа үйренеді.	
Жалпы мақсат:	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.	
Күтілетін нәтиже:	Топпен жұмыс жасай отырып өз ойын тұжырымдап қорытынды шығарады. Өзін және өзгелерді қорғауға үйренеді. Шешендік өнердің кезеңін түсінеді.	
7 модульдің колданылуы:	АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, Блум таксономиясы.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Миға шабуыл, конверт-сұрақ, жұптық әнгіме, топтастыру.	
Қолданылатын ресурстар:	Маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер.	
Ұйымдастыру кезеңі:	Жаңа тақырыпқа байланысты сыныпты мозаика әдісі арқылы 3 топқа бөлу	Оқушылардың мұндағы мақсаты суреттер арқылы өз жұптарын тауып, топ болып құралу.

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім Қызығушылық тарын ояту	Миға шабуыл арқылы сұрақ-жауапты пайдалану.	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы әр топты диалогқа түсіру. Өткен тақырыпқа арналған үй тасырмасын қайталауға сұрақтар жасалып, арнайы плакатқа жазылып	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырмаларды қатесіз топпен орындау, білімдерін тексеру.

		тақтаға ілінеді, сөзжұмбақ.	Топпен жұмыс жасау, жарыс арқылы сабаққа деген ынталарын арттыру.
Түсіну	Өткен тақырыпты меңгертуде «Конверт-сұрақ» әдісін қолдану және жаңа тақырыпқа бастама.	Сабақта қолданылатын әдіс оқушылардың сыни ойлауына ықпал етеді. Мұнда әр бала, өз ойын айтып, шығармашылығын қалыптастырады. Бала бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, өз ойын дәлелдеуші, ұйымдастырушы ролін атқарады. Сын тұрғысынан ойлау қабілеттері сабақ үстіндегі проблемалық сұрақтарды шешу кезінде, бір сұраққа бірнеше нұсқада жауап беруінен және ситуациялық жағдайлардан жол тауып шығу әрекеттерінен байқалады.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерімен санаса білу, өткен сабақтарды қайталау. Топпен жұмыс жасау.
Қолдану	«Жұптық әңгіме» әдісін пайдалану арқылы меңгерту.	Бұл әдіс арқылы оқушы мен оқушы арасында «Жақын арадағы даму аймағы» қалыптасты. Себебі: әр жұп түсінбеген немесе қиындық тудырған сұрақтарын бір-біріне қою арқылы жұптасып, жауап іздеді, талқылады, жаңа тақырыпты бірі-біріне түсіндірді.	Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Әдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгереді және өз пікірлерін ортаға салады.
Сергіту сәті	«Шешендік сөздер»	Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау.	Интербелсенді тактадағы шешендік сөздердің шығуы, қолдануы туралы сұрақтарға жауап береді.

Талдау	«Топтастыру» арқылы жалпы бүгінгі сабақты меңгерту іс-әрекетіне байланысты сабақты талдау.	Әр топқа жаңа тақырып төңірегінде тапсырмалар тарату. Әр топ өз беттерінше ақылдасып, нәтижесінде топтаса отырып, ортақ жауап табады, сол арқылы тақырыптың мағынасын ашады.	Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, өзара пікір алмасады, топпен, жеке дара тапсырмаларды орындайды, нәтижесінде топтаса отырып, ортақ жауап табулары керек.
Жинақтау	Тақырыпқа қатысты әңгіме құрастыру арқылы жинақтайды.	Тарау бойынша білімдерін жинақтау үшін әр топқа тақырып төңірегінде шағын әңгіме жазу тапсырылады.	Әр топ өзара тақырыпқа қатысты шағын әңгіме жаза отырып, өз ойларын жинақтайды, ортаға шығып әңгімелерін оқиды.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау. Бағдаршам, бағалау парақшалары.	Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату.	Өзін-өзі топпен бағалайды.
Рефлексия	Стикерлерді толтыру	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.

А.КУЛЬНИЯЗОВА,
О.Жандосов атындағы
орта мектеп.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Жандосов ауылы

«АБАЙТАНУ» КУРСЫН ОҚЫТУДА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ СЫНШЫЛ РЕАЛИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақсаты: білімділік-Абайдағы патриоттық сезім халқының бақытын жандандыруға ізденгенін айта келіп, «тірі» адам өз рухымен, өз жүрегімен, өз қанымен қоғам өмірімен біте қайнасып жататынын білім алушының көзқарасымен өзінше ой түйдіру; тәрбиелік-қор болып бара жатқан қоғам, әлеуметтік қарым-қатынас, адамдар мінезіндегі зұлымдық Абайды тыныш отырғызбауы- нағыз патриоттық сезімнің толығынан оянуы екенін сезіндіру; дамытушылық-Абайдың ағартушылық тәрбиесі жөніндегі пікірлерінің басты ұстанымдары: патриотизм, гуманизм мәселелерін оқылым-тыңдалым-айтылым-жазылым дағдылары бойынша дамыта тұжырым жасату. Ойлау, түсіну, сезіну, ақыл-ой сапаларын дамыту.

Күтілетін нәтиже: білім алушы: қоғам дерті - менің дертім, қоғам қасіреті маған да қасірет тарттырады. Қоғам гүлденсе- мен де гүл жайнаймын, қоғам бақыты мені де бақытқа бөлейді деген ой түйеді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: кеспе қағаздар, сөздік (қосымша түсіндіруді талап ететін сөздер) карточкасы, кесте қағаз.

Түрі: философиялық ой толғау сабағы.

Әдісі: зерттеу, саралау, іздену, нәтижеге келу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: Сыныпқа жағымды көңіл-күй сыйлап кіру, амандасу, білім алушылардың назарын өзіне бұру.

II. Кіріспе.

Адамның Отанға деген сүйіспеншілігі-парасатты сүйіспеншілік. Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салса - ол халқын сүйгендігінің айғағы. Профессор Х.С.Сүйіншалиев: «Абайдың сыны - мысқылы жеңіл мазақ емес, зілді ашу. Ол ел мініне күліп қана қоймайды, сол жөнсіз мінездің бетін ашып, халық алдында маскара етіп, одан бездіріп отырады», - деген екен. Ұлы ханымыз Абылай абайсызда қалмақтардың қолына түскенде:


-Ен жатқан жеріме қала салып, жұртымды оқу-білімге баулысам;


- Мол сүтін емуге баулысам;

- Сендей жауға қапияда қолға түспей, қан майданда қолға түссем, - деп тұжырымдаған екен. Қалмақ ханы Абылайды босатып тұрып, риза болып: «Арманың арман-ақ екен, ол менің де арманым ғой, - деген екен.


Ұлы Абай «Досқа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол», - деген ғой.

III. Білім алушыға жаңа сабақты меңгерту. (Б.Блумның жүйесі бойынша)






Түсінігіңді айт.




Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,

Есірмелі маскүнем байқалған зой,- сол замандағы мінез-құлық олқылықтарын өз бойларыңнан іздеп көр, өздерің саралап жаманшылық қайда апаратынына үңіле қара.

Талдау. Ақынның көңіл-күйін анықтаңдар.



- Өлеңге қайта оралайық, ақын қандай қасиеттерді жоғалтқан адам-бейшара адам деп таныды?



Абай шығармалары арқылы жас адамның өсуі, адамдық парасаттың қалыптасуы.

Өз басының жауапкершілігі ілгері дамуына қалай тікелей әсер етеді екен?

«Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң, өзің ғана тілейсің». (Шығармашылық жұмыс)

«Адамда бәрі де тамаша болуы керек: ойы да, киімі де, жаны да»,- деген тақырыпта пайымдау жасап, жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын бағала.

IV. Қорытынды. -Мінеки, балалар, ұлы ағартушы қанша қамыққанымен, ашынғанымен жастарға достық пен жолдастықтың дұрыс жолын, адамшылық жолын ұсынады.

Жас маманға жәрдем

А.ҚАРЖАУОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Құрманғазы ауданы,
 Дәшін селосы

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

Мақсаты:	Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың философиялық тұжырымдарға толы қарасөздерінің мазмұнын, тәрбиелік мәнін ұғындыру, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық ойларының тереңіне үңілуге үйрете отырып, сыни ойлау дағдысын қалыптастыру.
Сілтеме:	ҚР Білім беру стандарты, пән бағдарламасы. 9-сыныпқа арналған оқулық. Авторы: Т.Ақшолақов, Т.Жұмажанова, С. Қалиев, С.Дүйсебаев. Баспасы: Алматы, «Мектеп», 2013.
Әдіс-тәсілдер:	СТО белсенді әдістері: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, миға шабуыл, ой қозғау, үндестікті табу, салыстырмалы талдау, БЛУМ таксономиясы, 7 модульді ықпалдастыру, сергіту сәті, «Сандар сөйлейді», «Бұл кім?» (суретпен жұмыс), топтастыру, «Фишбон», Абай афоризмдерін сәйкестендіру, «Факт немесе пікір», «Креативті матрица», «Ой толғаныс» сатысы, «Саусақ әдісі» рефлексиясы.
Ресурстар:	АКТ, бейнебаян, смайлик, оқулық, МАН (I, III деңгей), постер, маркер, магнит, желім, бағалау бетшесі, А-4, стикер.

Сабақ түрі:	Зерттеу, талдау сабағы Лессон Стади негізінде (2-цикл)	
Күтілетін нәтиже:	Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсініп, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінеді. Өзінше ой қорытуға, сыни ойлауға жұмылдыру арқылы таным-түсініктері дамиды. Проблема бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай алады.	
Күтілетін нәтиже:	Абай қарасөздерінің тәрбиелік мәнін түсініп, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінеді. Өзінше ой қорытуға, сыни ойлауға жұмылдыру арқылы таным-түсініктері дамиды. Проблема бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай алады.	
Негізгі идеялар:	Абайдың философиялық ой пірімдерін қарасөздері арқылы игерту, Абай айтқан асыл қасиеттердің өз бойында болуы үшін күресе білуге дағдыландыру.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Білу (5 минут)	<p>I. Психологиялық дайындық.</p> <p>II. Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>1. «Сандар сөйлейді» ойыны.</p> <p>(Слайд арқылы берілген сандар бойынша Абай өміріне қатысты мәлімет айту)</p> <p>2. Суретпен жұмыс. «Бұл кім?».</p> <p>(Суретте бейнеленген жандар Абай өмірінде қандай орын алған?)</p> <p>3. Абайдың қарасөзі.</p>	<p>Сабаққа зейіні оянады, Абай туралы, қарасөздері туралы өз білгендерін ортаға салады.</p>
Түсіну (3 минут)	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.	Жаңа сабақ тақырыбын дәптерге жазады, мақсатын түсінеді.
Қолдану (2 минут)	<p>1. «Абайдың қара сөздері» бейнебаян.</p> <p>2. Абайдың қара сөздері тақырып жағынан бөлінген сызба.</p>	Бар зейінімен тыңдайды, түсінеді.

Талдау (20 минут)	<p>17-қара сөзі бойынша жұмыстар: түйінін табу, ақыл, қайрат, жүрек, ғалымға мінездеме беру.</p> <p>Оқушы көзқарасы.</p> <p>31-қара сөзіне қатысты «Ой қозғау» әдісі. (сұрақ-жауап)</p> <p>Мәтіндік тапсырма.</p> <p>19-қара сөзіне қатысты мәтінді толықтыр.</p> <p>29-қара сөзіне қатысты «Фишбон» әдісі.</p> <p>37-қара сөзіне қатысты Абай афоризмдерін сәйкестендір.</p> <p>11-қара сөзіне қатысты «Факт немесе пікір» әдісі</p> <p>42-қара сөзіне қатысты «Креативті матрица» әдісі.</p>	Шартына сәйкес талдау жұмыстарын жүргізеді.
Жинақтау (10 минут)	<p>1.Сергіту сәті: «Күпия сөздер»</p> <p>2.Шығармашылық тапсырма.</p> <p>Абайға және Мұқағалиға арнап өлең шығару.</p> <p>3.«Ой толғаныс» сатысы.</p>	Жасырылған сөздерді табады. Шығармашылықпен айналысатын оқушылар өлең шығарады. «Ішіне-сыртына» әдісі бойынша жақсы-жаман қасиеттерді саралайды
Бағалау (5 минут)	<p>Топтастыру. Адамға тән қасиеттер.</p> <p>Қара сөздерінің өзіндік ерекшеліктеріне баға беру.</p> <p>«Рухани құндылық».</p> <p>Рефлексия.</p> <p>«Саусақ әдісі» арқылы.</p> <p>Оқушыларды бағалау.</p> <p>Үйге:</p> <p>1. Рефлексиялық хат. «Бүгін сабақтан өзіме не алдым?»</p> <p>2. «Абай поэмалары»</p>	Топтастырады, баға береді, рефлексия жасайды. Бағаланады.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ

Ұлттың бүгiнi де, болашағы да тәрбиелi ұрпаққа байланысты. Жан-жақты жетiлген, ақыл-парасаты, өресi биiк, өз Отанын сүйетiн азаматты тәрбиелеу – әр мұғалiмнiң алдына қойған мақсаты.

Бүгiнгi қоғам сауатты, бiлiмдi, өз ойын еркiн де ұтымды жеткiзе алатын, рухы таза, ой-өресi биiк, шыдамды да еңбекқор тұлғаны талап етедi. Жалпы, әр баланы жеке тұлға деп қарай отырып, бойларындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көңiл бөлип, олардың рухани адамгершiлiгiн дамыта оқытуды басты назарда ұстау қажет. Жан-жақты жетiлген, қоршаған ортасының қадiр-қасиетiн бағалай алатын парасатты, көрген-бiлгенiн бағамдай алатын зерделi, зерек балаларды қалыптастыру үшін қазақ тiлi сабағында шешендiк сөздердi оқыту өте тиiмдi.

Қоғам қашан да дарынды, қабiлеттi адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін баланың сөйлеу тiлiн, танымын дамыту керек. Қазiргi кездегi оқу-тәрбиенiң мiндетi даналыққа құрылған қанатты сөздердi, мақал-мәтелдердi, шешендiк өнердi жас ұрпақтың санасына сiңiру.

Соңғы кезде қазақ балаларына арналған ауыз әдебиетiнiң үлгiлерiн, оның салаларын оқытуға ерекше көңiл бөлiнуде. Оқу материалдарына аңыз-әңгiмелер, мақал-мәтелдер, жырлар, шешендiк сөздердiң түрлерiн балалардың жас ерекшелiктерiне қарай енгiзу дүние

танымын кеңейтуге, жан-жақты дамуына ықпал етедi. жас ұрпаққа қазақтың би-шешендерiнiң өмiрiнен мәлiмет берiп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелi iстерге апарар жол.

Адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттiң дамуының негiзгi құралдарының бiрi, шешендiкке құрылған әңгiмелердi, аңыздарды және өлеңдердi бастауыш сыныпта оқыту оқушы тiлiн ұштайды, сөздiк қорын байытады, өмiрге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады.

Жоғары деңгейде қазақ халқының атақты шешендерi Қаз дауысты Қазбек, Төле, Әйтеке билердi қазақ тiлi пәнi арқылы таныстырып, олардан қалған құнды да мол мұраларды оқыту, ұлағатты сөздерiн жатқа айтқызу – уақыт талабы. Сонымен, қазақ тiлi сабақтарының танымдық мақсатында мыналар ескерiлуi қажет:

1. Шешендiк сөздердi халқымыздың қадiр тұтуы;
2. Шешендiк сөздердегi ұлттық мәдениет және парасаттылық;
3. Асыл сөздiң астарындағы ұлағатты сөздер;
4. Дау-жанжалдардың бiтiмiн екi-ақ ауыз сөзбен шешiп, ел мен елдi бiтiстiрiп, жарастырып келелi мәселелердi тындырып отыратындығы.

Билер мен шешендердiң көрегендiгiн, даналық сөздерiн оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендiкке, ата-бабадан қалған мол мұраны игеруге баулиды.

Бүгiнгi қолымызға жиналған мәлiметтердi саралай келгенде шешендiк сөздердiң көлемiнiң тым ауқымды, iшкi жанрлық түрлерiнiң де алуан түрлi екендiгiне, классикалық әдебиеттiң келелi мәселелерiн шешуде кәдеге асып жатқан шығармалар екендiгiне көз жеткiздiк.

Оқушыларға шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты-оқушыларды өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни шешен сөйлеудің айла-амалдарын, шешендік өнердің түрлі тәсілдерін бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру.

Шешендік сөздер туралы сөз қозғағанда ең алдымен, оқытушыға назар аудару керек. Ұстаз күнделікті сабақ беру үрдісінде шешендік сөздерді орынды жерінде ойын дәлелдеуде дәнекер етсе, оқушыларды тілге шебер, ойы орамды етіп тәрбиелейді.

Шешендік сөздерді оқытудағы басты мақсат – оқушылардың сана-сезімі мен ақыл-ой ұшқырлығын, сөз шеберлігін, дұрыс ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылық қабілетін арттыру. Қорытындылап қарасақ, шешендік сөздерге халық даналығы, инабаттылық пен ізгілік нышандары жатады екен.

Шешендік сөздердің оқушылардың тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға қаншалықты қажет екенін көріп отырмыз.

Сөз мәдениеті адамның ойлау мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті шарттар. Осы шарттарға толық жауап беретін сөз шешендікке ұласады.

Шешендік – болашақтағы қадамдарыңызға жол ашатын, өзіңізді танытуға мүмкіндік беретін, биік белестерге жетелейтін қуатты құралымыз, пәрменді күшіміз. Сондықтан бұл сабақтың мақсаты – шешендік өнердің алуан сипаттары, тарихы, шешендік сөздің түрлері мен ерекшеліктері, пікірталас мәдениеттің талаптары жөнінде жан-жақты мағлұмат бере отырып,

сөйлеу этикасын меңгеруге, тілді әлеуметтің қызметіне сай орынды жұмсай білу іскерлікті жетілдіруге, өмірге қажетті тілдік, қарым-қатынастық біліктерімізді дамытуға мүмкіндік жасайды.

Патшаның тағынан шешеннің бағын жоғары бағалап, сөз өнерін өнердің бастауы деп таныған халқымыздың даналық қасиетін терең түсіну үшін тіл - құралды дұрыс қолданудың маңызы зор. Атақты шешен Цицерон айтқандай: «Ақындық туа бітті өнер болса, шешендік жүре келе қалыптасатын қасиет». Олай болса, шешендік өнерді үйрену – әркімнің рухани қажеттілігі деп білемін.

Көпшілік алдында сөйлейтін кез келген сөз шешендік сөз болмайды. Шешендік сөз мынандай талаптарға жауап беруі керек:

1. Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы керек;

2. Әңгіме өзегінің дәлелі болуы тиіс;

3. Тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантап, ақырында белгілі бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет;

4. Тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандырып, сүйсіндіретін эстетикалық қасиет болуға тиіс;

5. Шешендік шындықты, ақиқатты тануға ұмтылдыруы тиіс.

Шешендік сөздің аясы кейінгі кезде арта түсуде. Шешендік сөздің қолдану өрісі кеңіді. Ол қоғамның саяси әлеуметтік өмірінің барлық саласындағы идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-білімнің, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің пәрменді құралына айналды. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда,

пікір-сайыстарда, жиындарда, семинарда шешендік сөз өте-мөте қажет. Мұндайда шешендік сөз әдемі сөйлеудің үлгісі емес, талапқа сай сөз амалы болуы керек.

Бұрынғы билердің жаңа жолдарымен қазіргі шешендердің мазмұн, сипаты жағынан елеулі айырмашылықтары бола тұра, оларға ортақ бірнеше факторлар бар:

- Сөздің көркем әрі әсерлі болуы;
- Көркемдеу тәсілдерінің орынды қолданылуы;
- Әлеуметтік мүддені қорғауы;
- Тыңдаушыға жағымды әсер туғызатындығы.

Көпшілікті иландырып, олардың ойына қозғау салатын сөзді айту кез келген адамның еншісіне тие бермейді. Сыпайы да салмақты, алғыр да ақылды, білімді де білікті адам ғана, ойлы да оралымды сөз айта алады. Шешен адамның бойында осындай қасиеттің болуы басты шарт. Әл-Фарабидің сөзімен айтқанда интеллектуалдық «Жанның ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, даналық, ақыл-ойдың тапқырлығы, ұғымталдық, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік деп білеміз.

Осы орайда оқушылардың бойына сөйлеу мәнерін қалыптастыру үшін алдыма бірнеше мақсат қойдым. Олар:

- Ұлттық шешендік үлгіні меңгерту;
- Сөз бостандығы деңгейінің табиғатын білдіру;
- Этика мен тілдің ара-қатынасын таныту;
- Ұлттық қасиеттердің сөз арқылы танылуына көңіл бөлу;
- Сөз мәнерін тануға ұмтылу.

Сабақ барысында оқушылар сөйлеу сипатына, интонацияға, сөздің айтылу әсерлілігіне назар аударды.

Бірнеше сұрақтар бойынша жауап берді.

Шешендік тану ғылым екенін, шешендік сөз – белгілі бір оқиғаға қатысты көркем тілмен кестеленген шындық сөз екеніне көз жеткізді. Интеллектуалдық пен этика шешеннің қос қанаты екенін танып білді. Шешендіктің өнер ретінде қайдан бастау алатынын білді. Шешендік өнердің тарихында орны бар даналар туралы мағлұмат алды. Шешендік өнердің өз топырағымызда қалай дамығандығына көз жеткізді. Осы сабағымда оқушыларымнан төмендегідей нәтижелер күттім:

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар шешендіктану, шешендік өнер мен шешендік сөздің айырмашылығын білді;
- Шешендік өнер туралы түсінік қалыптасты;
- Шешендік сөздерге байланысты нақыл сөздерді жинақтауды үйренді;
- Оқушылардың тілі дамыды;
- Жан-жақты дамыған тұлға ретінде танылды;
- Жүйелі сөйлей білу әдіс-тәсілдерін үйренді;
- Кейіпкерлерге мінездеме беруді үйренді.

Әдебиеттер:

1. Абай. Шығармалар жинағы. 2-т.-Алма-Ата: Жазушы, 1986.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы: Рауан, 1996.
3. Адамбаев Б. Шешендік өнер.- Алматы: Ғалым, 1999.
4. Апресян Ю.Д. Ораторское искусство. – М.: ИМУ, 1972.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алма-Ата: Мектеп, 1982.
6. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.
7. Қазақ әдеби тілінің тарихының проблемалары. – Алма-Ата: Ғалым, 1987.
8. Төрөкұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. – Алматы: Қазақстан, 1995.
9. Шешендік шиырлары. – Алматы: Қайнар, 1993.

Л.МОЛДАНОВА,
Тайпак орта жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Қарауылтөбе ауылы

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «АНАНЫҢ АНАСЫ»


Мақсаты: білімділік-Ғ.Мүсірепов шығармасынан алған білімдерін шыңдап, ана бейнесін ашу. Әдебиет ұғымдары бойынша шығарманы талдау; дамытушылық-оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге, ой қорыта білуге дағдыландыру; тәрбиелік-Ананы қадірлей білуге, үлкендерді сыйлауға, өз халқының салт-дәстүрін құрметтей білуге тәрбиелеу. Түрі: іздендіру сабағы. Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, жинақтау. Көрнекілігі: жазушының суреті, шығармалар жинағы, сызбалар. Құрал-жабдығы: интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: оқушылармен амандасып, сабаққа дайындықтарын тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру: Ғ.Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы. «Ананың анасы» әңгімесі.

1. Топтастыру. Оқушылардың Ғ.Мүсірепов туралы ойларын жинақтап тақтаға топтастыру.



```
graph TD; A[Жазушы] --- B[повестері]; A --- C[романдары]; A --- D[әңгімелері];
```

2. «Сұрақ-жауап». Әңгімені тақтада берілген сұрақтар арқылы мазмұндау.

1. Шығармада оқиға кімнің атынан әңгімеленеді?
2. Әйтпес қарттың әңгімесін тыңдаушылар кімдер?
3. Бала бидің батыры кім?
4. Оның шабуға барған елі?
5. Ергенекті елінен бірінші рет жеңілгенде Жалпак балуан нешеде еді?
6. Ергенекті елінде Жалпак балуанның қандай құнды дүниесі бар деп ойлайсыздар?
7. Жалпак балуанның қасында қанша жігіт бар еді?
8. Батырдың тілегі қандай?
9. Байдың тілегі қандай?
10. Жылқының бір шетін төңкеріп, қиқулап келе жатқан барымташыларға кім кездеседі?
11. Тұтқынға түскен қызды бірінші болып кім қуып келеді?
12. Жалпак балуан сіздердің ойларыңызша кім?
13. Қырық жігіт пен Жалпакты тізе бүктірген қандай күш, нендей құдірет.
14. Сөзден жеңілген Жалпак балуан Ана мен қызына бостандық берді ме, әңгіме қалай аяқталды?

III. Жаңа сабақ:

Бүгінгі сабағымыз да Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» шығармасы туралы өрбиді. Шығарманы талдаймыз.

1. Ой өрбіту.

Ана деген-құдіретті ұғым, құдіретті күші бар сөз. Кім де болса ана деген киелі сөздің алдында кішірейеді. Небір мықтылығымен әлемді ауызына қаратқан

билеушілер де ұлы ананың алдында тізе бүккен. Ананың аяулы алақаны мен мейірлі жүрегіне тең келетін ештеңе жоқ. Оқушыларға ой өрбіту барысында ортаға сұрақ тастау.

«Ана» деген сөзді естігенде ойларына ең бірінші қандай сөздер оралады?

Оқушылар: - Ана-өмір сыйлаушы.

- Ана-асыл жан.

- Ұрпақ әкелуші.

- Сұлулық атаулының иесі.

- Ана-ардақты жан.

- Ананың аялы алақаны мейірімге толы.

Ана - кешірімшіл, жүрегі кең, баласы үшін отқа да, суға да түсуге даяр тұратын батыр, батыл жан.

2. Топпен жұмыс:

I топ: Әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашу.

Тақырып-әдеби шығарманың атауы.

Идея-көркем шығармада айтылатын ой. Оқушылар әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашады.

Шығарма авторы: F.Мүсірепов.

Түрі: проза/әңгіме/.

Тақырыбы: Қазақ анасының ұлттық бейнесін жасауы.

Идеясы: Ананың балаға, адамзатқа деген ұлы махаббатының шексіз екенін паш ету.

II топ: Әңгімені композициялық құрылысына талдау.

Композиция/латынша: құрастыру, шығарма/-сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын тәсілі. Сюжеттің құрылымы болады, оны композиция дейді.

Олар:

а) Басталуы.

ә) Оқиғаның дамуы.

б) Оқиғаның шиеленісуі.

в) Оқиғаның шарықтауы.

г) Оқиғаның аяқталуы немесе шешімі.

Оқушылар әңгіменің композициялық жоспарын құрады.

1. Басталуы: Әйтiлес ақсақалдың өткен өмiр оқиғасын баяндауынан басталады.

2. Дамуы: Жалпақ балуанның Ергенектi елiн шабуы, жылқы барымталап, қызды олжалауы

3. Шиеленiсуi: Жылқышының мерт болуы, ананың барымташылардың алдын орап, тоқтатуы.

4. Шарықтау шегi: Кейкiнiң үкiмi.

5. Шығарманың шешiмi: Сөзден жеңiлген Жалпақ балуанның анасы мен қызына бостандық беруi.

Штоп: Әңгiмедегi кейiпкерлердi тауып, кейiпкерлерге мiнездеме беру.

Кейiпкерлерi: Ана, Кейкi, Сары бай, Жанай балуан, Әйтiлес молда, Қайрақ жылқышы, Байсары, қыз, Бала би, Жалпақ балуан, Рамазан саудагер.

Портрет: Ана-бейшараның боз көйлегі жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Еріні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық.

Жалпақ балуан-жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей.

3. Мәтінмен жұмыс: Оқушыларға әңгімеден теңеу, эпитет, дисфемизм, көнерген сөздерді тапқызу.

Теңеу-затты немесе құбылысты екінші зат құбылыспен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі.

Әңгімедегі теңеу сөздер: Сабасындай, тымақтай, етектей сақалы, ұршықтай ойнап, т.б.

Эпитет-заттың, құбылыстың сипатын, сапасын айқындайтын суретті сөз.

Әңгімедегі эпитеттер: шаңқай түс, найза бойы,

тобылғы торы, т.б.

Дисфемизм-әдепті сөзді әдепсіз, дөрекі сөзге айналдырып айту.

Әңгімедегі дисфемизмдер: байым өліп, елсізде туғыр, т.б.

Көнерген сөздер-қоғам дамуына орай тіліміздегі қолданыстан шыққан сөздер.

Әңгімедегі көнерген сөздер: жабағы, күпі, тоқым, құл, күң, құн, барымта, т.б.

IV. Сабақты бекіту:

Сабақты тест тапсырмалары арқылы бекітемін.

1. Ғ.Мүсірепов шығармаларын ата?

- а) «Саятшы Ораз»;
- б) «Ананың анасы»;
- в) «Есіл бойында».

2. «Ананың анасы» шығармадағы ананың есімі қалай аталады?

- а) Ақлима;
- б) Аты аталмаған;
- в) Майра.

3. «Ананың анасы» әңгімесінің кейіпкерін тап?

- а) Ақан сері;
- б) Жалпақ балуан;
- в) Ораз.

4. Шығармадағы қыздың жасы нешеде?

- а) 13;
- б) 15;
- в) 18.

5. Бала бидің батыры кім?

- а) Жалпақ балуан;
- б) Әйтiлес қарт;
- в) Жанай балуан.

6. Ергенекті елінде Жалпақ балуанның қандай құнды дүниесі бар?

- а) Анасы;
- б) Қалыңдығы;
- в) Әкесі.

7. Әңгімеде батылдығымен, ақылымен көзге түскен кім?

- а) Ана;
- б) Молда;
- в) Кейкі.

V. Сабақты қорытындылау:

Ғ.Мүсіреповтің ана тақырыбына жазылған әңгімелері қазақ әдебиетінің төрінен ойып тұрып орын алды. Оның Аналары қайсар, төзімді, қажыр-қайратымен оқырман қауымды баурап алады.

Иә, Ана деген құдіретті ұғым, құдіретті күші бар сөз. Сиқырлы да сырлы махаббаттың иесі де, сұлулық атаулының киелісі де –Ана.

Ана керек, о, адамдар, ана керек адамға,

Анасыздар күн кешіп жүр галамда.

Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

Төлеген Айбергенов.

Ана тақырыбы-ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін сарқылмайтын бұлақ.

VI. Үйге тапсырма:

1. Әңгімеде кездесетін қазақтың салт-дәстүрлерін тауып, жазып келу.

2. «Ана махаббаты -киелі күш» тақырыбына ой толғау жазу.

VII. Бағалау: жауап берген оқушыларды бағалау.

П.ӘЛІМБЕКОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
мектеп-гимназия.
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ. **«ҚЫЗЫЛ КІТАП»**

Қадыр Мырза Әлінің «Қызыл кітап» поэмасының өзіндік бір ерекшелігі – ондағы оқушыларды табиғат қорғауға тәрбиелеу мүмкіндігінің молдығы. Сондықтан «Қадыртану» таңдау курсына ақынның поэмасын экологиялық тәрбие беруге негіздей оқытудағы іс-тәжірибемді ортаға салуды жөн көрдім.

Мақсаты: құстар мен жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын таныту, поэмада аталатын сирек кездесетін немесе мүлдем жойылып кеткен аң-құстар туралы деректер тауып, зерттеушілік қабілеттерін ояту. Оқушылардың құстар мен хайуанаттарға аяушылық сезімін оята отырып, оларды қорғауға баулу. Экологиялық тәрбие беру.

Пәнаралық байланыс: жаратылыстану, музыка, бейнелеу өнері.

7 модульдің қолданылуы: “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Топтық жұмыс; Миға шабуыл; Талқылаңыз, қолданыңыз, қарсы шығыңыз, ізденіңіз.

Қолданылатын ресурстар: Флипчарт, маркерлер,

стикерлер, слайдтар, ән таспасы, оқу диафильмі, қосымша деректер.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды «Тұлпар», «Сұңқар», «Аққу» тобына бөлу.

Білу. «Миға шабуыл» әдісі.

1. «Қызыл кітап» поэмасының негізгі идеясы не? Мұнда ақын не айтпақ болған?

2. Поэмада «Қызыл кітапқа» енген қандай аңдарды атаған?

3. «Қызыл кітап» дегеніміз қандай кітап? Онда қандай мәліметтер беріледі?

4. Қазір қандай хайуанаттар мүлдем жойылып кеткен?

Түсіну. Поэмадағы хайуанаттардың ашу-ызасын білдіретін өлең жолдарын табу, себебін түсіндіру.

«Тұлпар» тобы: шағала, бүркіт.

«Сұңқар» тобы: жолбарыс, кит.

«Аққу» тобы: Табиғат-анаға байланысты айтылған нақыл сөзді слайдтағы бейнесөз арқылы табу.

Қолдану. «Ізденіңіз». Поэмада берілген, жойылып кеткен аңдар туралы деректерді қосымша деректерден, интернеттен тауып, суретін салу, флипчартқа түсіру.

«Тұлпар» тобы.

Өлгеннен соң күн де жоқ,

Шуақ та жоқ.

Өлтіргенде ар да жоқ,

Ұят та жоқ.

Оңбағанның артында ұрпағы бар,

Ал мамонттың артында тұяқ та жоқ.

Мамонттар алғашқы қауымдық құрылыс кезінде өмір сүрген. Мұздықтың оңтүстігіндегі тундраның өзен аңғарларында, көлдер мен батпақтар шетінде, қамысты

және бұталы тоғайлардың ішінде суықты жақсы көретін, ұзын сары жүнді алып пілдер – мамонттар үйірі кезіп жүреді екен. Мамонттар өте күшті еді. Бірақ аңшылар оны отпен үркітіп, бетін сырықпен жапқан апанға түсіріп ұстайтын болған.

«Сұңқар» тобы.

Қайда кетті,

Кім маған айтады енді


Атыраудың құланы –

Онагры?!

... Кім қайырып береді кваганы?

Кім қайырып береді тарпаңымды?!

Мұндағы «онагр, квага, тарпаң» дегендер қазір біз үшін түсініксіз. «Сирек кездесетін хайуанаттарды қорғау» кітабынан іздестіргенде, бұлардың бәрі жылқы тұқымдастарына жататындығы туралы мәліметтерді кездестіруге болады.



Бұл кестеге қарап отырсақ, квага зебраның түп-тармағы екенін аңғарамыз. Ал онагр дегеніміз құланның арғы ата тегі екен. Кезінде солтүстік-батыс Үндістанда, Батыс Пәкістанда кең таралған ақбауыр құландар тұзды шөлейтті аймақтарды мекендейді. Қазір жойылып кету қауіпі бар. Ал қаражал құландар Иран мен Ауғанстанды, Түрікменнің оңтүстік бөлігінде таралған. Кезінде Қазақстанда Қапшағай жағасына әкелінген 23

құлан да – қаражал құландар. Бұрынырақта Сирия, Израил, Иракта кездесетін құландардың бірі – жалды құлан. Қазір бұл құланның да жойылып кету қауіпі бар. Бұлардың танауы кең, жалы едәуір ұзын болып келеді. Бір кездері Қазақстанның ашық даласы мен Батыс Сібірде топ-топ болып кездескен жегетей құлан қазір бұл аймақтан мүлде жойылып кетті. «Тарыдай таңдап су ішкен, тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген» деген Махамбет өлеңіндегі құлан қазір табиғатта кездеспейді, олар жер бетінен мүлде жойылып, адам санасында ғана елес болып қалды. Ақынның онагр жөніндегі күйініші осыған қатысты болу керек. Тарпаң да, түзат та жылқының өз алдына тіршілік еткен жеке түрлері. 18 ғасырда Оңтүстік Еуропаның далалы және орманды аумағында тіршілік еткен. Соңғы тарпаң 1879 ж. құрыды. Поэмада:

«Жоқ боп кетті

Әдемі теке мүйіз,

Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!» - деген жолдар бар. Мұндағы жылқы киік деп отырғаны – осы түзат. Дене тұрқы 220-280 см, шоқтығының биіктігі 120-146 см, салмағы – 300 кг. Осы жабайы жылқыны алғаш кездестіріп әрі сипаттап жазған әйгілі саяхатшының атымен Пржевальский жылқысы деп аталады. Жабайы жылқы жатаған, мығым, басы үлкендеу, тікірейген тарақ жалды, мүлдем кекілсіз болып келеді. Оның түсі құм тәрізді құла да, жалы мен құйрығы қара. Адам жабайы жылқыны бұдан бірнеше мың жылдар бұрын қолға үйреткен. Адам оның бейнесін өз қалауы бойынша біртіндеп өзгертті. Қазір бастапқы бейнедегі түзаттар Қытайда бірен-сараны тіршілік етеді деген деректер бар.

«Аққу» тобы.

*Ажары еді даланың,
Қайда кетті,*

Қайда кетті қазақы жүндес керік?! –

деген жолдардағы керік – денесі ірі, өсімдікпен қоректенетін сүтқоректі жануар. Бұлардың аяқтарындағы саусақтарының басын үш тұяқ қаптағандықтан тақтұяқты жануар деп аталады. Поэмада тағы да:

Дронт құсап кәдімгі

Ізім-ғайым

Жоқ боп кеткен ел де бар,

Халық та бар! - деген жолдар бар. Дронт - Үнді теңізінің аралдарында мекендеген сәнді құс. Бұл құс ұшуға бейімделмеген. Ол өз жауларынан тек жүгірумен ғана қорғанатын болған. Аулаушылар оны тіпті ұзын сойылмен-ақ соғып ала берген. Бұл құстың тұқымы құрып кеткен.

Екі гасыр бұрын біз

Ең ақырғы

Су сиырды өлтірдік мәңіретіп.

1741ж. Командор аралдарынан табылған, дене тұрқы 8 метр, салмағы 300 кг. шығатын су сиырлар 1768ж. бүтіндей құрып бітті.

Адамдардың алдында

Ақырғы рет

Бішқынды да

Көз жұмды жабайы тур, -

деген жолдар бар. Мұндағы тур – жабайы сиыр. Ерте заманда қазақ жерінде жосып жүретін жабайы турлар қазір жойылып кеткен.

Талдау. Мәтінмен жұмыс жүргізіп, бейнелі көркемдегіш сөздерді табу.

Эпитет	ирония	тұрақты сөз тіркесі

Жинақтау. Талқылаңыз, қолданыңыз, қарсы шығыңыз.

Табиғат тепе-теңдігі дегеніміз не?

- Поэманың VII бөлімінде ақын:

«Құмырсқалар құрыса,

Оның орнын

Толтыруға болмайды піліңмен де!» - дейді. Расында да, әрбір хайуанның немесе құстың өзіндік орны бар. Әрқайсысының тіршілігі, табиғаттағы орны бөлек. Бірінің орнын бірі алмастыруы мүмкін емес. Сондықтан кез келген тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауымыз керек.

«Хайуанаттар түгілі

Дүниеде

Ұлттар ғайып болыпты,

Тілдер ғайып», - дейді. Мұның себебін соңғы шумақтарда аша түседі.

... Таңба гана,

Тас қана!

Тілі де жоқ,

Өзі де жоқ бүгінде этрустың!

Немесе:

...Латындардың өзі де ғайып болған

Қалдырып тек тілі мен әліппесін! – дейді. Егер дүниеде мейірімділік, адамгершілік секілді қасиеттер үстем болмаса әділдік те болмайды. Әділдік жоқ жерде тіршілік те болуы мүмкін емес. Рас, ақын тек құрып біткен немесе құруға тақаған аңдарды ғана жоқтап отырған жоқ, одан да ауқымы кең мәселелерді көтеріп отыр. Оған мына жолдар мысал болады:

... Жылататын жәйттар бар жырдан да өзге,

Жиһан қамын жабылып жоқтау керек

Жердің өзі жоғалмай тұрған кезде!...

Немесе:

... Мамонттарды ел болып жоқтау керек

Мамонттарша жоғалмай тұрған кезде, -

дейді. Хайуанаттардың ғана емес, бүкіл адамзаттың, халықтың болашағына алаңдайды. Біз қазір тыныш, бейбітшілікте өмір сүріп отырған елміз. Бірақ жан-жағымыздағы ірі мемлекеттерде болып жатқан қақтығыстарды есепке алсақ, алпауыт мемлекеттердің ықпалында кетпедудің жолын ойлауымыз керек.

Бағалау.

«Қазақстан құстары және оларды қорғау» туралы оқу диафильмін көрсету.

1. Қазақстан жерінде орналасқан қорықтар туралы картамен таныстыру. Қорықтар: «Наурызым», «Қорғалжын», «Марқакөл», «Барсакелмес», «Үстірт», «Алматы», «Ақсу-Жабағылы», «Ақтау-Бозашы».

2. Құстар тіршілігімен таныстыру. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» мақалының тәрбиелік мәні неде?

3. Неліктен археоптериксті «ежелгі құс» деп атайды?

4. «Қызыл кітаппен» таныстыру. Қазақстан «Қызыл кітабының» жануарларға арналған I бөлімі алғаш 1978ж. шықты. Оған омыртқалылардың 78 түрі енді. II бөлімі 1981 жылы шықты. Оған өсімдіктің 308 түрі тіркелді.

Диафильм бойынша көріністерді әңгімелете отырып, таспадан Сәкеннің «Ақсақ киік» өлеңін тыңдату.

Рефлексия. Стикерлерді толтыру.

Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі (2 мин.)

Э.СИДИКОВА,
«Ғ.Садвақасов атындағы
Үлкен Ақсу орта мектебі.

Алматы облысы,
Ұйғыр ауданы,
Үлкен Ақсу ауылы

ТҰРМЫСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға тақырып бойынша әңгімелесіп, өз ойын жүйелі түрде жеткізе отырып, тапсырмаларды орындату; дамытушылық- оқушыларды белсенді жұмыс істеуге, өздігінен үйрену, грамматикалық, лексикалық тақырыптарды игеруге дағдыландыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту; тәрбиелік-тазалыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Түрі: білімді бекіту сабағы. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәтінмен жұмыс. Көрнекілігі: интербелсенді такта, оқулық, кеспелер.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сынып тазалығына көңіл бөлу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Сабақтың мақсатын айту.

III. Білімін тексеру кезеңі.

1-тапсырма. «Тұрмыстағы мәдениет» мәтінін мәнерлеп, түсініп оқып шығындар.

Тұрмыстағы мәдениет - өз үйіміздегі және өзіміздің өмір салтымыздағы мәдениет. Өкінішке орай, тұрмыстағы мәдениетті өз үйінің тазалығы мен әдемілігі деп қана түсініп, қоғамдық үйлерді, бау – бақтар мен саябақтардағы, көшелердегі тазалық пен тәртіпке алаңдамайтын адамдар әлі де бар.

«Аяқтарыңызды сүртуді өтінеміз», «Тазалық сақтаңыздар», «Көк шөпті баспаңыздар» деген ескертулер біздің тұрмыстағы мәдениетіміздің жеткіліксіз екенін дәлелдейді.

Тұрмыстағы мәдениеттің негізгі шарттарының бірі – санитарлық ережелерді, тәртіпті сақтау мен әдемілік сезімінің жоғары дамуы. Біздің қоғамымызда тұрмыстағы мәдениетке көп

көңіл бөлінеді.

Мәтін бойынша үш деңгейлі тапсырмаларды орындау.

3-деңгей.

1. Мәтін мазмұнын ашатын эпизодтарды табыңдар.

2. Мәтіннің мазмұнына сәйкес төменде берілген сұрақтарды рет-ретімен қойып, жауап беріңдер.

1. Тұрмыстағы мәдениеттің негізгі шарттары қандай?

2. Тұрмыстағы мәдениетті тек қана өз үйінің тазалығы мен әдемілігі деп түсінетін адамдар бар ма?

3. Тұрмыстағы мәдениет деген не?

4. «Аяқтарыңызды сұртуді өтінеміз», «Тазалық сақтаңыздар», «Көк шөпті баспаңыздар» деген ескертулер нені дәлелдейді?

2-деңгей.

1. Мәтін мазмұнын сақтап, қысқартып жазыңдар.

2. Мәтін мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдерді айтыңдар.

3. Мәтін ішінен құрмалас сөйлемді айтып беріңдер.

1-деңгей.

1. Сендердің тұрмыстағы мәдениеттерің жеткілікті ме? Мысалдар арқылы дәлелде.

2. Санитарлық және тәртіпті сақтау ережелерін сақтайсыңдар ма? Сақтасандар қандай әрекеттермен сақтайсыңдар? Сұрақ бойынша өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

IV. Сабақты қорытындылау.

1. Тұрмыстағы мәдениет деген не?

2. Санитарлық ережелерді сақтайсыңдар ма?

V. Бағалау.

III деңгейді толығымен орындаған оқушыларға жоғары баға қойылады.

I-II деңгейді толығымен орындаған оқушыларға жақсы деген баға қойылады.

Тек III деңгейдегі тапсырманы орындаған оқушыларға орта баға қойылады.

VI. Үйге тапсырма: Ата-аналарына қандай көмек беретіндері туралы әңгіме дайындау.

КАЙТЖАНОВА,
Бидайық ЖОББМ.
Қарағанды облысы,
Жанаарқа ауданы,
Бидайық ауылы

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА.«ОЮЛАР»

Мақсаты: білімділік-өлеңнің мазмұнын ашу, ақынның өлең арқылы жеткізгісі келген ойын ашуға үйрету, поэзияны сүюге ұмтылдыру; дамытушылық- оқу-танымдық, мәдениеттанымдық құзыреттілігін дамыту, өз ойын айтуға үйрету, сөздік қорын байыту, ойлау белсенділігін тереңдету; тәрбиелік-өз халқының салтын, қолөнерін қадірлеуге үйрету, елжандылыққа, адамгершілік қасиеттерге үйрету. Типі: аралас сабақ. Түрі: дәстүрлі. Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, мәнерлеп оқу. Көрнекілігі: Ф.Оңғарсынованың портреті, шығармалар жинағы, интерактивті тақта, слайдтар, ою түрлері. Пәнаралық байланыс: тіл, әдебиет тарихы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатысын тексеру, оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Қ.Жұмаділов. «Қозыкүрен» («Сәйгүліктер» повесінен үзінді).

Тест тапсырмалары:

1. «Қозыкүрен» оқиғасын әңгімелеп отырған кім?

а) Ағыбай;

ә) Төреқұл;

б) Саяқбай.

2. Үзіндіде айтылған ашаршылық қазақ елінің басынан қай жылдары өткен?

а) 1931-1932 жж.

ә) 1941-1945 жж.

б) 1991-1995 жж.

3. Ералы мен Жұмақанды жақындастырып жіберген қандай оқиға?

а) соғыс;

ә) тәуелсіздік;

б) ашаршылық.

4. Ағыбайлардың Төреқұл ауылына аса салтанатпен бару себебі не?

- а) жиын-тойға;
- ә) өз шаруасымен;
- б) барған жерін сыйлағандық.

5. Қырғыз бен қазақтың ұқсастығы мен айырмашылығын үзіндіде кім суреттейді?

- а) Саяқбай;
- ә) Ерканат;
- б) Ержан.

6. Саяқбай Қозыкүреңнің қашуға дайындалып жүргенін қандай әрекеттерінен байқады?

- а) оттан, судан тыйылды;
- ә) бәйгеге шапты;
- б) шарбаққа қамады.

7. Қанша уақыттан кейін Қозыкүрең туған жеріне оралды?

- а) 3 ай;
- ә) 1 ай;
- б) 5 ай.

8. Жануарды терісін сыпырмастан адамша арулап жерлеген кім?

- а) Ағыбай;
- ә) Төреқұл;
- б) Саяқбай.

IV. Жаңа сабаққа дайындық.

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу

2. Сабақ мақсатын түсіндіру

V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

1. Ақынның өмірі жайлы мәлімет.Кластер әдісі



- 2. Өлеңді мәнерлеп оқу. Фариза
- 3. Өлең құрылысына талдау.
- 4. Сөздік жұмысы:

Қошқармүйіз-қазақтың ұлттық оюының бір түрі;

Тарамысты-арықтау;

Құр-киіз үйдің керегелері мен уықтарын таңып, байланыстырып тұратын жалпақ бау;

Басқұр-киіз үйдің ішіне сән беретін, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.

Метафора: қошақаным, жыр-өрнегім, ана-көңіл.

Метафора-суреттеп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа баламалап айту.

VI. Түсініктерін тексеру:

1. Сұрақтарға жауап беру.

• Халықтың асыл қасиеттерін өзіне жинақтаған ұлттық қолөнері бұйымдарын, халықтық дәстүрді, өнерді ақынның мейлінше бағалап, қастерлеуінің сыры неде деп ойлайсындар?

Түрін-ай текеметтің асыл қандай!

Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай,

«Келе ғой, қошақаным, өзіме» деп,

Әжем кеп сипағандай шашымнан жай,-

деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

• Желбауға, басқұрға, текеметке салынған қазақтың қошқармүйіз өрнектері ғасырдан асып жеткенін, енді одан айырылып қаламыз ба деген қауіпін ақын қалай берген?

VII. Жаңа сабақты бекіту.

• Қошқармүйіз өрнектерді көркемдеп, бояумен салып көріңдер, оған өлең тілімен жан бітіріп жазыңдар.

- Балалар, біз бүгін не білдік, не үйрендік?

Инсерт әдісі.

Білемін	Мен үшін жаңалық	Білгім келеді

VIII. Сабақты қорыту.

1. Бағалау:

2. Үй тапсырмасын беру:

1. Фариза Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығы.

2. «Оюлар» өлеңін жақтау.

Ә.ЧУЛЕНОВА,
«Өскемен медициналық
колледжі» КМҚК.
Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы

ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Мақсаты: оқушыларға эндокриндік жүйе, оның аурулары туралы мәлімет беру, тіл теориясын меңгерте отырып, кәсіби қызметке үйрету, студенттердің тілдік білімдерін жетілдіруге септігін тигізу. Тақырыпқа қатысты сөздерді меңгерту, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату. Мәтінді өз бетінше мазмұндауға дағдыландыру. Алған білімдерін тапсырмалар арқылы бекіту. Жұппен, жеке, топпен жұмыс істей отырып, бір-бірін тыңдай білуге, толықтыра алуға бейімдеу. Оқушылардың тіл байлығын дамыту, ойларын ауызша жүйелеп жеткізуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту, іздену жұмысына баулу. Адам денсаулығының құндылығын ұғындыру, болашақ мамандықтарына қызығушылықтарын арттыру. Типі: аралас сабақ. Түрі: дәстүрлі сабақ. Көрнекілігі: интерактивті тақта, үлестірме материалдар. Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, ойын, әңгімелесу, ауызша жаттығу, коучинг әдісі. Қолданылатын технологиялар: сатылай кешенді талдау технологиясы, жеке басқа бағыттап оқыту технологиясы, ақпараттық технология, кәсіби қызметіне моделдеу технологиясы. Пәнаралық байланыс: орыс тілі, медицина саласы.

Оқушылар білу керек: қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді, жаңа сөздерді, эндокриндік жүйе ауруларын.

Оқушылар істей білу керек: мәтінді сөз, сөз тіркестерінің көмегімен аудару алу, қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыра алу, өз ойын жеткізе алу.

Жетістік өлшемдері:

* Білу;

* Қадағалау және қолдану;

* Талдау;

* Жалпылау және қалыптастыру.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: - Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

II. Үй жұмысын тексеру:

* «Миға шабуыл» ойыны арқылы сөздерді сұрау (өзім бастаймын, ары қарай студенттер бір-бірінен сұрайды).

* «Интервью» ретінде авторға сұрақ қою (ортаға бір студент шығады, қалғандары сұрақтар қояды)

* «Шынжыр – сұрақ» әдісі (бір оқушы мәтінді айта бастаса, екіншісі әрі қарай жалғастырады)

III. Жаңа сабақ:

«Ассоциация» стратегиясы: айтындаршы, суретте не бейнеленген? Немен байланысты? (жақсы, дұрыс айтасындар бұл адам ағзасы және мұнда бездер көрсетілген).

* Бездер қандай қызмет атқарады?

Сөздік жұмыс: жаңа сөздермен танысу, оқу, аудару.

1. Жемсау – зоб.

2. Ұйқы безі – поджелудочная железа.

3. Қалқанша безі – щитовидная железа.

4. Қалқан серік бездері – паращитовидные железы.

5. Айыр без – вилочковая железа.

6. Тұқым қуалаушылық - наследственность.

7. Әлсіреу - слабость.

8. Жұқпа - инфекция.

9. Жабығу - депрессия.

10. Ашушандық – раздражительность, вспыльчивость.

11. Шөлдеу – испытывание жажды.

12. Сіңбеу – не всасываться.

Мәтінмен жұмыс.

Эндокриндік жүйе аурулары.

Эндокринология – эндокриндік бездердің құрылысы мен қызметін зерттейтін ғылым.

Адам ағзасында эндокриндік жүйе маңызды қызмет атқарады. Эндокриндік бездерге гипофиз, эпифиз, қалқанша безі, қалқан серік бездері, айыр без, бүйрек үсті, ұйқы безі және жыныс бездері жатады.

Эндокриндік жүйе ауруларының ең көп тараған түрі – жемсау және қант диабеті.

Жемсау ауруы – қалқанша безінің зораюынан туындайтын тамақтағы ісік немесе түйін. Көбінесе емдәмнің әсерінен пайда болады. Жемсауды болдырмаудың бірден-бір жолы – құрамында йодталған тұзды тағамдарды жиі қолдану болып табылады. Қалқанша без ауруының пайда болуына тұқым қуалаушылық, түрлі жұқпалар, дұрыс тамақтанбау, уақытылы дұрыс ұйықтамау, ағзаның әлсіреуі, жабығу себепші болады. Жемсауға ұшыраған адамның есте сақтау қабілеті күрт төмендеп, әлсіз күйге түсіп, шашы түсіп, терлегіш және тырнағы сынғыш келеді. Ең басты белгісі – шектен тыс ашушандық. Қол-басы қалтырап, көзі шарасынан шығып кете жаздайды. Бұл – аурудың асқынған түрі.

Қант диабеті - ағзадағы зат алмасудың бұзылуы. Бұл ауру көбінесе ұйқы безі қызметінің бұзылуы салдарынан ағзада инсулин жетіспеуінен болады. Қант диабетінің дамуына гипофиз, бүйрек үсті безі, қалқанша бездері қызметінің бұзылуы, жалпы жүйке жүйесінің бұзылуы әсер етеді.

Аурудың белгісі: науқас қатты шөлдейді, тамаққа тоймайды, кіші дәреті жиілейді.

Қандағы қант мөлшері көп болады. Қант диабеті асқынғанда бауырдың қызметі бұзылып, гликоген жиналады, ағзада белок, майдың алмасуы бұзылып, ас сіңбейді. Мұндайда науқас әлсірейді, басы айналады, тыныс алуы қиындап, қан қысымы төмендейді.

* Мұғалім мәтінді оқиды, оқушылар мұқият тыңдап отырады.

* Бірнеше оқушыға мәтінді оқыту.

* Мәтінді аудару.

* Сұрақ-жауап (мәтін бойынша, екі топ бір-біріне сұрақтар қояды)

* Сөйлесім құрату (рөлдік ойын)

Грамматикалық тақырыптарды еске түсіріп, қайталау: қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді қайталап еске түсіру, мысалдар келтіру:

(-ғанына, - геніне, - қанына, -кеніне) + қарамастан, қарамай: Айдар жемсаумен ауырғанына қарамастан, сабақтан қалмады.

(-са да, -се де): Қант диабеті ауруының белгілері болса да, Айдос мән бермеді.

(-ғанмен, -қанмен, - генмен, -кенмен): Қант диабетін

емдегенмен, жағдайы жақсармады.

(-ғанша, -генше, -қанша, -кенше): Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде.

Барғанмен, емдегенмен, қарамастан, айтса да - осы тиянақсыз баяндауыштармен, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер құраңдар.

Беріліп отырған сөз тіркестерін толықтырыңдар:

Ұйқы (безі) Бездің (зораюы)

Адам (ағзасы) Ағзаның..... (әлсіреуі)

Жыныс (бездері) Түрлі (жұқпалар)

Жемсаудың (асқынуы) Науқас ... (әлсірейді)

Ашушан(адам) Дұрыс(тамақтану)

Жемсау(ауруы) Тырнағы (сынғыш)

Аурудың (асқынуы) Басы(айналады)

Жемсау дерті, қант диабеті сөздерінен әртүрлі сөздер құраңдар (ем, дерт, ет, сау, жем, ат, дат, ау, же, ас, ес, тас), (қан, қант, дат, бет, ет, ант, ат, ит).

Синквейн әдісі (тақырып бойынша).

IV. Бекіту: Сатылай кешенді талдау.

1. Адам ағзасында эндокриндік жүйе маңызды қызмет атқарады.

2. Қандағы қант мөлшері көп болады.

3. Жемсауды болдырмаудың бірден – бір жолы мынау: құрамында йодталған тұзды тағамдарды жиі қолдану.

4. Ағзадағы зат алмасу бұзылғандықтан, адам қант диабеті ауруымен ауырады.

V. Қорытынды: Төмендегі қанатты сөздердің мағынасын түсіндіріп, ағылшын, орыс тіліне аударыңдар.

1. Адам үшін денсаулықтан артық бағалы зат жоқ. А.А.Семашко.

2. Тәннің саулығына ең жақсы шипалы дәрі – сергек әрі жайдары көңіл-күй. Х.Бострем.

Жақсы, ал өздерің денсаулық туралы қандай қанатты сөздер, мақал-мәтелдер білесіңдер?

Осы аурудан сақтанудың жолы бар ма? Әрине, бар. Ол үшін, не істеу керек?

VI. Бағалау: Оқушыларды сабақта танытқан белсенділігіне қарай бағалау

VII. Үйге тапсырма: сөздерді жаттау, мәтінді мазмұндау, қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемге мысалдар келтіру.

А.САБЫРЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы
№5 жалпы орта мектеп.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы

СОТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШЕШЕНДІК

(II-сынып)

Мақсаты: білімділік- «Сотта қолданылатын шешендік» тақырыбын оқушыларға түсіндіру; дамытушылық-білімін толықтыруға, ізденушілікке қалыптастыру, сөздік қорын молайту, ой -өрісін дамыту, өзіндік көзқарасын қалыптастыру; тәрбиелік- болашақ ұрпақты сауаттылыққа тәрбиелей отырып, өз құқығын қорғай алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Түрі: қорыту сабағы.

Әдісі: сұрақ-жауап, сәйкестендіру, іздену, тест.

Көрнекілігі: үлестірмелі қағаздар, слайд, кестелер

Пәнаралық байланыс: тарих, құқық.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың сабаққа қатысуын, сынып тазалығын бақылау.

II. Үй тапсырмасын пысықтау.

A) Сұрақ-жауап әдісі.

1. Шешендік дегеніміз не?

2. Шешендіктің неше түрі бар?

3. Діни -мазмұнды шешендік дегеніміз не?

4. Аристотель шешендік өнер тақырыбында қандай еңбектер жазды?

5. *Риторика* сөзінің мағынасы.

6. Шешенге қажетті қасиеттерді ата.

7. Қазіргі шешендіктің неше түрі бар?

Ә) Сәйкестендіру.

Ғалымдар	Қанатты сөздер
Ж.Жабаев	Жақсы сөзді ел жаттар, Ел жаттар сөзде салмақ бар.
Ж.Баласағұн	Білімнің бас құралы кітап.
Құтып	Ақыл Алланың сыйлығы.
Цицерон	Керекті сөз өз жерінде айтылсын.
А.Байтұрсынұлы	Даналық ғылымның бастауы.

III. Мұғалімнің сөзі.

-Балалар, біз қазіргі шешендіктің бірнеше түрлерін өтіп отырмыз. Соның ішінде күнделікті өмірде көп кездесетін жағдайлардың бірі – сот мәселесі. Сот мәселесінің өзі бірнеше түрлер арқылы орындалады. Соттың жүру процесі заң жүзінде тіркеледі. Сондықтан сіздер осы тақырыпта біраз мағлұматты ғаламтор көзінен көріп, телеарналардан естіп жүрсіздер. Ал, енді осы тақырыпта сабағымызды бастайық.

«Қызығушылықты ояту».

1. Мәмілеге келу қандай мақсатта қолданылады?

2. Қазіргі таңда Қазақстанда соттың қандай түрлері болады?

«Мағынаны ашу».

Сотта қолданылатын шешендік- айыптаушының сөзі, қорғаушының сөзі, қорғаушы мен айыпкердің сөзі.

IV. Кітаппен жұмыс

35-жаттығу. «Сот» тақырыбына арналған шешендік екенін дәлелдендер. Шешен тілінің көркемдігін білдіретін жолдарды табыңыздар. Шешеннің сезімі мен көзқарасы қандай сөздерден көрінеді.

V. Дәптермен жұмыс.

36-жаттығу. Мәтін шешендіктің қай түріне жатады? Тақырыбын өздеріңіз қойыңыздар. Мәтіндегі кекесінді, жағымсыз көзқарастарды білдіретін сөздерді табыңыздар.

I деңгей тапсырмасы.

1.Қулығымды асырдым деп жүргенде қолға түсіп, үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр. Оның артынын қаншалықты «қайырлы» болатыны әзірге белгісіз. Сөйлеміне морфологиялық талдау жасау.

2. Қаншалықты сөзіне фонетикалық талдау.

2-деңгей тапсырмасы.

1. Есік алдында тұрған бағалы заттарды ұрлап алып кеткен адамды қандай жазаға тартады? Шешу жолдары қандай?

2. Сіздің ойыңыз, қазіргі таңда сот процесінің даму сатылары қандай болу керек?

VI. Қорытынды.

Тест.

1. Аристотельдің шешендік өнер жайында жазған шығармасын көрсетіндер:

а) «міндеттер туралы»;

ә) «Федр»;

б) «этика»;

в) «шешендік тәлім»;

г) «риторика».

2. Шешендік өнердегі негізгі мақсаттардың бірі:

а) эмоция туғызу;

ә) сөйлеушінің білімділігін таныту;

б) сендіру;

в) әдемі сөйлеуге үйрету;

г) шешім табу.

3. Ежелгі Грециядағы шешендік өнерге үйретуші мұғалімді қалай атаған?

А) ритор;

ә) Федр;

б) педагог;

в) софист;

г) философ.

4. Ежелгі Грециядағы философ шешенді тап:

а) Платон;

ә) Цицерон;

б) педагог;

в) гус;

г) Конфуций.

5. Көркем, шешен сөйлеу-мемлекет үшін басты қажеттілік деп есептеген шешен кім?

а) Аристотель;

ә) Сократ;

б) Цицерон;

в) Рабль;

г) Квинтилиан.

6. Жалған сөйлесең де, жеңіп шығуың қажет деген бағытты ұстаушылар кімдер еді?

а) теолог;

ә) филолог;

с) философ;

в) софист;

г) ритор.

7. Шешендік сөздің басты белгісін тап:

а) тыңдаушымен көзбе-көз, тікелей қарым-қатынас жасалады;

ә) айтылған ой, пікірдің барлығы бірден жүзеге асады;

б) тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады;

в) дайын тілдік құралдарды жаттайды;

г) адамгершілікке үндейді.

8. Шешенге қойылатын талаптардың бірін анықта:

а) тақырыпқа қажет материалдарды жинақтай білу;

ә) жазылған мәтінді мәнерлеп оқып беру;

б) мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;

в) көркем сөйлеуге үйрету;

г) әдемі жазуға төселдіру.

9. Шешенге қажет талаптардың бірі деп төмендегілердің қайсысын белгілеуге болады?

а) психологиялық бейімдеу;

ә) психологиялық шабуыл;

б) психологиялық қарсылық;

в) мәтінді жақтау;

г) мәтінді түсіндіру.

10. Шешендік сөздердің есте жақсы сақталуының шарттарының бірін тап:

а) құрамындағы сөздердің ұқсастықпен айтылуы;

ә) кітаптардан жазылып алынуы;

б) көп насихатталуы;

в) мектепте жиі оқытылуы;

г) кітаптарға жиі жазылуы.

VII. Үйге тапсырма.

1. «Сотта қолданылатын шешендік» тақырыбын оқу.

2. «Менің -жарқын болашағым» тақырыбында эссе жазу.

VIII. Бағалау.

Г.ТЛЕУБЕРДИЕВА,
Көктұма қазақ орта мектебі.
Алматы облысы,
Алакөл ауданы

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ «ӨЗЕН» ӨЛЕҢІ

(5-сынып)

Мақсаттары: Ы.Алтынсарин жайлы қысқаша мәлімет, өлеңнің мазмұнын меңгерту арқылы табиғаттағы, адам өміріндегі өзеннің атқарар жүгін таныту, ақын тіліне деген көзқарасын білу. Күтілетін нәтиже: ауызша және жазбаша ана тілінің қызметі ерекшеліктерін айқындай алады. Модульдері: АКТ, СТО сын тұрғысынан ойлау, ОЖЕ. Бағалау: өзін-өзі. Жұптық, топтық. Әдіс-тәсілдер: Кім жылдам, Жигсо.

Ұйымдастыру кезеңі: сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу, назарын сабаққа аудару.

Топты «Өзен, Теңіз, Алакөл» ойын арқылы 3 топқа бөлемін.

I топ-Өзен, II топ-Теңіз, III топ-Алакөл.

II. Үй тапсырмасын сұрау: Үстел үстінде табиғаттағы бейнелердің суреттері берілген. Олардың артында үй тапсырмасы бар сұрақтар жазылған. Махамбет Өтемісұлының «Қызғыш құс» өлеңін сұрау.

Махамбет өлеңдері неге тәрбиелейді. Өлеңнің ерекшелігіне талдату, өмірмен байланыстыру. Оқушыларды мадақтау, жылы шырай білдіру.

IV. Жаңа сабақ.

- Оқушылар, суретте не бейнеленген?

- Табиғат.

- Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыз табиғат лирикасына жазылған Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңі.



Ыбырай Алтынсарин – аудармашы. Қоғам қайраткері.

Оқулықпен жұмыс.

«Өзен» өлеңін мәнерлеп оқытып, буын, бунаққа, әдебиет теориясына талдату.

«Өзен» тобы «Табиғат-менің өз үйім» тақырыбына сурет салады.

«Теңіз» тобы «Адам мен табиғат егіз» тақырыбына мәтін құрайды.

«Алакөл» тобы «Табиғат-алтын бесік» тақырыбына шағын эссе жазады.

Сөздік жұмыс:

Өксіген- шөлдеген;

Қынарда- жағасында, маңында.

Жай-орын, қоныс.

Жанабында-жанында, маңында;

Дерт-ауру.

Тұрақты сөз тіркестерін тапқызу.

Дертінді қашырады-аурудан жазылу. Тілсіз тұрған–үнсіз. Бас ұрады-бұл жерде *иілу*. Шөп бітпеген-шөп өспеген. Күн көреді-тіршілік етеді.

Ыстық орындық.

- Қазақстандағы өзендер білетін өзендерді ата, картадан көрсет.

- Жетісудың жеті өзенін кім атайды?

- Өзен табиғатта, адам өмірінде қандай игілікке жарап жатыр?

- Қазіргі кезде өзен, көлдер жөнінде қандай проблемалық мәселелер көтерілді?

Оқушы шығармашылығы. РАФТ әдісі, Ыбырай ақын Тобыл өзені туралы жазды. Біз де өзіміздің Жаманты, ЫРҒАЙТЫ өзені туралы шағын өлең жазайық. (Өлеңнің екі жолын беріп жалғастыру)

Көкпеңбек мөлдір аспан,

Көктемде күркіреп тасқан.

Жаманты мен Ырғайтының жағасын

Ойнайды ауыл баласы.

Жаманты, Ырғайты-әсем өзенім,

Жалаң аяқ кеземін.—

Қорытынды. Ойтолғау.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жасыл желекті, мөлдір сулы өлкеге айналуы тиіс» деп Қазақстан-2030 бағдарламасында айтқандай өз жеріңді көркейтуге қандай үлес қосар едіңдер?

(Оқушылардың пікірлері тыңдалады).
Рефлексия.

Ш.МАЛЬШУБАЕВА,
Қалижан Бекқожин атындағы
№12 жалпы орта білім беру мектебі.
Павлодар қаласы

<p>Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Қорытынды бағамдау. Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) 1. 2.</p>	

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

(5-сынып)

Мақсаты: оқушылардың тұрақты тіркестер туралы лингвистикалық білімдерін кеңейту, практикалық жаттығу жұмыстары мен қосымша тапсырмалар арқылы бекіту. Тұрақты сөз тіркестерінен алған білімдерін пысықтау; Өзіндік жұмыстану дағдысын жетілдіру, түрлі шығармашылық тапсырмалар беріп, оқушылардың логикалық ойлауын, дағды-машығын, таным белсенділігін арттыру; Сөз құдіретін терең түсініп, орынды қолдана білуге, шапшаңдыққа, іскерлікке тәрбиелеу. Түрі: танымдық сабақ. Әдісі: талдау, миға шабуыл, сыни тұрғысынан ойлау, ойын. Көрнекілігі: интерактивті тақта, оқулық.

Психологиялық дайындық.

Мынау менің жүрегім

Бәрі осыдан басталған

Мынау менің басым

Бәрін осы басқарған.

Мынау менің сол қолым,

Мынау менің оң қолым,

Барлық істі атқарған.

Оқушылар тақтаның алдында шеңбер құрып тұрады. Әр оқушының қолына тұрақты тіркестер беріледі. Содан соң оқушылар қолдарындағы тұрақты тіркеске сай сыңарларын іздейді.

Бес саусақтай білу (жетік білу)

Су сепкендей басылды (лезде басылды, тына қалды)

Мүйізі қарағайдай (зор, мықты)

Парақша сыртында топтар аты жазылып тұрады. Сынып оқушылары осылайша үш топқа бөлінеді. Әр топ өздері құраған тұрақты тіркестің мағынасын ашады.

1-топ – Қазақстан.

2-топ – Республика.

3-топ – Тәуелсіздік

I. «Баламасын табыңдар». Проекторда көрсетіледі.

- | | |
|---------------------|-----------------------------|
| 1. Ат ізін салмау | 7. Индей қадалу |
| 2. қол ұшын беру | 8. мұзға отырғызу |
| 3. тіс жармау | 9. ит тұмсығы өтпейтін |
| 4. мойны жар бермеу | 10. жерге кіріп кете жаздау |
| 5. төрт көзі түгел | 11. аузын қу шөппен сұрту |
| 6. бетінен қақпау | 12. қабырғамен кеңес |

II.«Суреттер сөйлейді». Әр топ орнында орындайды. Суреттерге қарап, тұрақты тіркестер табу. (Қас, көз, құлақ, арасында; ит, күшік, сиыр, қиянда; бет, ауыз, мұрын, шықты; ай, жұлдыз, күн, туды.)

1. Қас пен көздің арасында – лезде, тез.
2. Ит арқасы қиянда – алыс.
3. Бетінен оты шықты – ұялу.
4. Айы оңынан туды – жолы болды.

III. Кестені толтыру. Үш топқа кесте беріледі.

Тұрақты тіркестер	Мағына	Сұрақтар
Тілі шығу	Сөйлеу	Не істей?
Ит өлген жер	Өкіну	
	Қуану	
Таяқ тастам		Қандай?
Қоян жүрек		

IV.Сергіту сәті. Әр топ өлең жолдарын түрлі жанр түрінде айтады. (опера, рэп, әскери)

Қазақстан – бар қазақтың киелі туған жері,
 Қазақстан – қазағымның туған елі.
 Кен байтақ Қазақстандай жерде туған
 Қазақтың Тәңірі берген несібесі!
 Қазақстан - бұл біздің Отанымыз,
 Қазақстан – бұл біздің ардағымыз.
 Кең байтақ Қазақстандай жерде туған
 Біздің сірә, барма екен арманымыз?!

V. «Жалғасын тап». Тұрақты тіркестердің жалғасын табады.

- 1-топ. «Қазақстан».
1.нің түгі бар
 2.ын шүйіру

3.тау жұтқан

2-топ. «Республика»





1.на құм құйылу.
2.соғып қалу.
3. тамырына шабу

3-топ «Тәуелсіздік»

1.і тоймау
2. құлақін жеу
3.нан шығып кетті.

VI. «Адасқан сөздер». Тұрақты тіркестер құрастыру. Сөйлем құрау.

1-топ. «Қазақстан»



VII. «Жасырынбақ». Берілген тапсырмадағы тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер жасырынып қалған. Соны табу, мағынасын айқындау.

2-топ. «Республика»

1. Бит қабығынан тоқыған. (биялай) – өте шебер
2. Жұмыртқадан қырыққан. (жүн) - қу
3. Балақтағы басқа шапқан. (бит) – болмашы жұрт қорлады
4. Көз салу. (қиығын) – қарау, қарайлау

5. Жігері болу. (құм) – шаршау
 6. Ешкімнің ала аттамау. (жібін) – қиянат жасамау
 7. Иттің құлы (итақай) – кім көрінген, кез келген
 8. Көк ала ету. (қойдай) – сабау, ұру
 9. Қадалған жерінен алу. (қан) – дегенін істету
 10. Құрғақ уәдемен қуыру. (қуырдақ) – алдау
 11. Маңдай (тер) – адал еңбек
 12. Сүтке тиген болу. (күшіктей) – сүмірейіп

- қалу.
 13. су көтермеу. (сіркесі) – ештенені көңілі жақтырмайды.
 14. Іші (ауыру) – өкіну
 15. Түйенің танитыны (жапырақ) – білетіні бір-ақ

- нәрсе
 16. қу шөппен сүрту. (аузын) – сараң

VIII. «Ойнайық та, ойлайық». Берілген тұрақты сөз

тіркестерінің синонимдері мен антонимдерін табу.

3-топ. «Тәуелсіздік».

	Синонимдер	Антонимдер
Білімді	көзі ашық	әліпті таяқ деп білмеу
Жас	он екіде бір гүлі ашылмаған	асарын асап, жасарын жасаған
Батыр	жүрегінің түгі бар	су жүрек
Алыс	ит өлген жер	тиіп тұр
Момын	қой аузынан шөп алмас	иненің көзінен өткендей
Дос	жұлдызы жарасқан	жұлдызы қарсы
Менсінбеу	көзге ілмеу	құрдай жорғалау
Туылу	дүние есігін ашу	дүниеден өту
Ұнату	жаны құмар	жаны қас
Тату	арасынан қыл өтпеу	ала ауыз
Хабарласпау	ат ізін салмау	ат ізін суытпау
Қуану	екі езуі екі құлағына жету	зәресі зәр түбіне кету
Жомарт	қолы ашық	аузын қу шөппен сүрту
Әдемі сөйлеу	сөздің майын тамызу	сөзі түйеден түскендей

IX. Шығармашылық жұмыс.

1-топ – Қазақстан. Сөзжұмбақ құрастыру. «Қазақстан».

2-топ – Республика. Суретке байланысты шағын эссе жазады.

3-топ – Тәуелсіздік. Тәуелсіздікке арналған өлең шығару
 X. Бекітуге арналған тақырыптық тест сұрақтары.

1. Қай тұрақты тіркес «әділ» деген мағынаны береді?

- Тонның ішкі бауындай;
- Ала жіпті аттамау;
- Он саусағынан бал тамған;
- Қара қылды қақ жарған;
- Мұрнынан шаншылу.

2. Антонимдес фразеологизмдерді табыңыз:

- Су жүрек – жүрек жұтқан;
- Мойнына су кету – ит өлген жер;
- Көз жұмды – жүріп кетті
- Көзге түртсе көргісіз – тайға таңба басқандай
- Шашбауын көтеру – тақиясына тар келу

3. Қай тұрақты тіркестің мағынасы дұрыс көрсетілген?

- Мұрнын шүйіру – дәмелену
- Сөз беру – таң қалу
- Зығыры қайнау – өлу
- Сілесі қату – әбден шаршау
- Сүттей ұйыды – келіспеді

4. Мағынасы синонимдес тұрақты тіркестерді табыңыз:

- Бауыр басу – ақ саусақ;
- Таяқ тастам жер – сүт қайнатым уақыт;
- Екі езуі құлағында – төбесі көкке жету;
- Ит арқасы қиянда – маңдайының соры бар;
- Көз ілмеу – көз шырымын алу.

5. Идиомалық тіркесті тап:

- Жазда Асанбай ауылы осы төңіректің сай – саласын мекендейді;
 - Бұл өңірдің ауылдары алты бақан ала ауыз боп біріккен емес;
 - Күз келісімен, бұлар қыстауға көшудің амалына кірісті;
 - Данагүл саумалы малдарды сатуға қарсы шықты.
 - Шаруаның ісі бітпейтінін ол енді түсінгендей болды.
6. Мақал-мәтелден тұрақты тіркесті тап:
- Денсаулық – зор байлық
 - Ештен кеш жақсы.
 - Сабыр түбі сары алтын.
 - Оқу инемен құдық қазғандай.

Н.МАТЖАНОВА,
Т.Айбергенов атындағы
орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Байганин ауданы,
Миялы ауылы

- е) Көп түкірсе, көл болады.
7. «Алыс» мағынасындағы идиомалық тіркесті тап:
- а) Ит жеккен;
б) Ер қашты;
с) Асқар тау;
д) Көз аларту;
е) Ат арытып, тоң тоздырып.
8. Бастауыш қызметіндегі тұрақты тіркесті тап.
- а) Олар көптен бері қырғи қабақ болып, бір-бірін андысып жүр.
б) Ауызы күйген үрлеп ішер.
с) Олар суықта қалып, тісі-тісіне тимей жаурады.
д) Істің насырға шапқанын сезген Оспан сыртқа шығып кетті.
е) Ұяттан кірерге тесік таппаған бала қып- қызыл болып кетті.
9. Тұрақты тіркесті тап:
- а) Ырыс алды- ынтымақ.
б) Бойшаң кыз.
с) Ат ізін салмау.
д) Туған жер.
е) Түйме тағу.
10. «Маңдай тер» деген қандай мағына береді?
- а) Үлгілі, озат.
б) Шаршау.
с) Адал еңбек.
д) Қуану.
е) Бірлігі бұзылмау.
- XI. Үйге тапсырма. Ребус құрастыру. Ереже қайталау.

115-117-жаттығу.

XII. Өзін-өзі бағалау. «Білім теңізіне қайықты жіберу».

Тақырыпты жақсы меңгердім деп есептеген оқушылар өз қайығын Білім теңізіне жібереді.

- Сыныбымыздың айы оңынан тусын
- Бізді көргенде елдің алпыс екі тамыры иісін!
- Арамыздан қыл өтпесін
- Білімді бес саусақтай біліп,
- Ешкімнің ала жібін аттамайық.
- Бойымызға шаң жұқпай,
- Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болсын.

СЫН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Түрі: оқыған ережені қорытып, мысалдар келтіретін, өз ойын қорғай білетін, ой дамытатан шеберлік сабағы. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: Блум таксономиясы бойынша талдау жасау және өз пікірін қорғау. «Біреуі үйде, екеуі қонақта» әдісі, «Із кесуші» әдісі, «Зертхана» әдісі, «Венн» диаграммасы, «Арал» әдісі
Көрнекілігі: оқулық, слайд, сызбалар, түрлі түсті бояу, плакаттар.

Блум бойынша жіктеу	Мақсат	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының әрекеті	Ұйымдастыру формасы	Күтілетін нәтиже	Бағалау формасы
Білу	Сын есімнің мағынасын анықтау	Ұйымдастыру, түгелдеу, сабаққа назарларын аудару.	Сын есімнің мағынасын анықтайды	Топпен жұмыс, жеке жұмыс.	Сұрақтарға жауап береді. Жаңа сабақтың тақырыбын ашады.	Толық жауап – 3 Жауап берді-2 Сұраққа жауап берген жоқ-1.
Түсіну	Сын есімнің шырайын анықтау	Оқулықтағы ережені игерту, түсіндіру. Көрнекі құралдар арқылы тұсауқесер ұйымдастырады.	Қосымша ақпараттар арқылы тұсауқесер қорғайды. Ашық және жабық сұрақтарға жауап береді.	Кітаптан және қосымша дерек көздерінен оқу, топпен жұмыс жасау.	Кері байланыс орнайды. Ынтымақтаса жұмыс жасап, шығармашылық деңгейі қайта шыңдалады.	Тапсырманы толық орындады-3 Кәтесі бар-2 Орындай алған жоқ-1
Қолдану	Шырайдың жасалуының екі түрлі ерекшелігін анықтау.	Тапсырмалар беру	Берілген түстерді біріктіру арқылы сын есімнің түрленуін дөңгертпе жазады.	Диалогтік тәсіл, топтық жұмыс.	Пәнге қызығушылықтары артады	Білімін тәжірибеде қолдана алды-3 Қолдануы толық емес-2 Қолдана алмады-1
Талдау	Ережеге сүйеніп салыстырмалы шырай мен күшейтпелі шырайдың айырмашылығын анықтап талдау.	Сергіту сәті Талдау жасау 46-жаттығу.	46-жаттығуды орындайды. Сын есімдерге талдау жасайды.	Топтық, жеке жұмыс	Салыстырмалы талдау жасайды	Толық орындалды-2 Толық орындалмады-1

Жинақтау	Берілген түстерді шырай формасына енгізіп, «Көк туым-мақтаным» эссе жазу тапсырады	Ашық сұрақтар кояды 47-жаттығу. Мәтіннен сапалық және катыстық сын есімді ажыратындар.	47-жаттығуды орындайды. Сабақтан алған білімдерін жинақтайды.	Жеке оқушымен жұмыс	Логикалық ойлау қабілеттері артады.	Толық орындалды-2 Толық орындалмады-1
Бағалау	Сын есімнің тілдік қызметтегі маңызы	Бүгінгі сабақ туралы ой-пікірлерін сұрайды.	Бүгінгі сабақтан алған білімдері, әсерлері мен ойларын «Арал» әдісі арқылы білдіреді.	Жеке жұмыс	Ойларын толық жеткізіп, бағалау қалыптасады.	Ойы жүйрік, жүйесі, тын-3 Қысқана жазылған-2 Орындай алмады-1
Үйге тапсырма. Кемпіркосақтың жеті түрін шырай формасына ендіріп, сөйлем құру. 47-жаттығу.						



БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА ҚАЛАЙ ДЕЙДІ?

1. Қиыстырып, тауып сөйлейтін сөзге шебер адамды. 2. Айтқанға сене салатын, еш нәрсені байыптап байқамайтын адамды. 3. Көрінгенге соқтыға беретін баланы. 4. Тез ұстатпайтын малды. 5. Тез ашуланатын адамды. 6. Жан аямай жұмысты жақсы, сапалы істейтін адамды. 7. Әркімнің сыртынан жаман сөз айтып жүретін адамды. 8. Біреуге жамандық, пәле ойлап жүретін жаман мінезді адамды. 9. Арасына бала салмай туған балаларды. 10. Бойы ұзын баланы. 11. Ешкімге еш нәрсесін бермейтін, беруге қимайтын адамды. 12. Ата-анасының бірінші баласын, бірінші туған баланы. 13. Керексіз көп сөйлейтін адамды. 14. Білгенін дұрыстап айта алмай, жаңыла беретін баланы. 15. Бір класта, бір мектепте оқыған балаларды бір сөзбен айтқанда қалай дейді?

Ш.АҚЖОЛОВА,
№14 орта мектеп.
Алматы облысы,
Алакөл ауданы,
«Бескөл» ауылы.

ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ

(6-сынып)

Максаттар	Білімділік: есімдіктуралытүсінік, оның ішінде жіктеуесімдігі туралы жалпы мағлұмат беру, оның ерекшелігін ұғындыру. Дамытушылық: оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, сауатты жазып, оқу дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық қабілетін дамытуға баулу. Тәрбиелік: оқушылардың белсенді ойлау қызметтерін жандандыру, грамматикалық тапсырмаларды орындау арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу, ұлттық дүниетанымын қалыптастыру.	
Әдісі:	түсіндіру, сұрақ - жауап, ой қорыту, танымдық ойындар.	
Түрі:	көрсетілім сабақ (жаңа сабақты меңгерту, ұжымдық, ойын сабағы).	
Көрнекілігі:	тест жұмысы, жұлдызша, кесте сөздер.	
Пәнаралық байланыс:	әдебиет.	
Топқа бөлу 2 мин.	Сыныпты қима қағаздар арқылы төрт топқа бөлу. 1 – топ «Бәйтерек», 2 – топ «Болашақ», 3 – «Бірлік», 4 – топ «Қыран» болып бөлінеді.	
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. 3 мин.	«Өрмекші торы» жіптен өрмек токи отырып, тілек айтқызу арқылы сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыру Бағалау парақшаларын үлестіріп беремін.	Бір-біріне жақсы тілек айтқызу арқылы көңіл күйлерін көтеру
Үй тапсырмасын сұрау. Қызығушылықты ояту. 10 мин.	Есіңе түсір. Өткен тақырыптардың жаңа сабаққа қатысы болғандықтан «Есіңе түсір» ойыны бойынша қайталау. 1-топ: Сөз таптары. 2-топ: Зат есім қандай сөз табы? - (Есімдер тобы). Зат есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? – (жалпы, жалқы, деректі, дерексіз). Жалпы, жалқы зат есімдер. – (біркелкі заттарды, құбылыстарды жаппай атайтын сөздер; арнайы берілген есімдер мен атауларды - жалқы есім дейміз.	

	<p>3-топ. Сын есім қандай сөз табы? – (Есімдер тобы). Мағынасына қарай нешеге бөлінеді? – (сапалық және қатыстық сын есім). Туынды сын есімдер қалай жасалады? – (жұрнақ арқылы есім сөзден де, етістіктен де жасалады). Құрамына қарай сын есім нешеге бөлінеді? – (дара және күрделі сын есім): Сан есім қандай сөз табы? - (Есімдер тобы). 4-топ: Сан есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? – (есептік, реттік, болжалдық, топтау, жинақтық, бөлшектік сан есім болып 6 - ға бөлінеді). Сан есім құрамына қарай неше түрге бөлінеді? - (дара және күрделі). «Кім жылдам» ойыны Оқушы берілген сөздерді з.е, сын е. сан есімге тез тізбектеп жазып шығады. Мысалы: 1.кітап, 2. Қора, 3.он екі, 4.Ақсу, 5.сұлу, 6. Ұзын, 7. жеті, 8.оқушы, 9.майлы, 10.сексен тоғыз, 11.көктерек,12. Қызыл ала, 13. Бір, 14.ауыл. 15.шуақты әр топ басқа бір топпен жұмыстарын алмастырып, жұмысты тексеріп бағалайды.</p>
Мағынаны тану 25 мин.	<p>Анықтама (жаңа сабаққа түсінік алу) Есім сөздердің орнына қолданылатын сөз табы «Есімдік» деп аталады. Есімдіктер есім сөздердің зат есім, сын есім, сан есімнің атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меізеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдіктерді орынбасар сөздер деп те атайды. Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді: 1) Жіктеу есімдігі. 2) Сілтеу есімдігі. 3) Сұрау есімдігі. 4) Өздік есімдігі. 5) Жалпылау есімдігі. 6) Болымсыздық есімдігі. 7) Белгісіздік есімдігі. Белгілі бір заттық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі жіктеу есімдігі деп аталады. Жекеше. I жақ Мен (айтушы) II жақ Сен (тыңдаушы) III жақ Ол (бөгде жақ) Көпше. I жақ Біз (тыңдаушы жақ) II жақ Сендер (тыңдаушы жақ) Олар (бөгде жақ) 1. Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау 142-141-жаттығу. (Тиісті есімдіктерді нүктенің орнына қою?) 2. Жіктеу есімдіктерін септеу. 3. Шығармашылық жұмыс. Суретке қарап, есімдіктерді қатыстыра отырып мәтін құрау.</p>

Сергіту сәті	<p>Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір. Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. Оқушылар денелерін жатықтырады.</p>
Ой толғаныс 2 мин.	<p>4.10 сұрақтан тұратын тест жұмысын беремін. 1. Есімдік қандай сөз табы? а) Заттың сынын білдіреді? ә) Есім сөздер орнына қолданылады. б) Заттың атын білдіреді. 2. Есімдік мағынасына қарай нешеге бөлінеді? а) 7 ә) 5 б) 6 3. Жіктеу есімдігінің қанша жағы бар? а) 3 ә) 2 б) 4 4. Сан есімдерді белгіле. а) он бір, табиғат, сары ә) адам, оқушы, жеті б) алты, он бір, екі мың екі 5. Дара сын есімдерді көрсет. а) қызыл ала, қара шұбар ә) ақ, қара, ашы б) қара көк, сұлу, сары 6. Жалқы зат есімдерді анықта. а) Астана, Мұхтар, Ұлан ә) қала, оқушы, сана б) Көксу, ой, газет 7. Зат есім қандай сөз табы? А) Заттың қимылын білдіреді. Ә) Заттың атын білдіреді. Б) Заттың санын білдіреді. 8. Жинақтық сан есімдерді тап. А) төртеу, тоқсан екі, он тоғыз Ә) үшеу, сегіз, он Б) біреу, екеу, жетеу 9. Туынды сын есімдерді белгіле. А) бойшан, сөзшең, таулы Ә) сары, әдемі, көркем Б) ұзын, салқын, ақ 10. Сан есімнің сұрағын анықта. А) қандай? Қай? Кімнің? Ә) қанша? неше? нешінші? Б) кім? не? несі? Қорытындылау.</p>
Үй тапсырмасы 1 мин.	<p>Үй тапсырмасын білу, түртіп алу.</p>

А.АЙТМАҒАНБЕТОВА,
Павлодар облысы,
Ергіс ауданы,
Ынтымақ ауылы

СЫН ЕСІМ

Мақсаты: Сын есім туралы жалпы мағлұмат алу, сын есімнің сындық қасиеттерін ашу; Оқушылардың тілін, сөздік қорын, ой-өрісін дамыту; Сөздің мағынасына мән беріп, дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап. Көрнекілігі: оқулық, грамматикалық кестелер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- а) Оқушылармен амандасу;
- ә) Оқушыларды түгелдеу;
- б) Кезекшімен сұхбаттасу;

II. Үй тапсырмасын тексеру.

а) Семантикалық карта. Арнайы жасалған кеспе қағаздарды тарату арқылы зат есімдерді қайталау.

ә) Үйге берілген жаттығу жұмысын тексеру.(оқиды, талдайды)

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

- Жаңа сабақты түсіндірмес бұрын сөзжұмбақты шешейік.

Сұрақтары:

1. Сабыр - түбі қандай алтын?
2. Күзден кейін қай мезгіл келеді?
3. Қандай жердей жер болмас?
4. Қыс мезгілінің алғашқы айы қай ай?
5. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?
6. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
7. Ырыс алды не? Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

«Сын есім».

Түрлері	Мысалдар
Мағынасына қарай:Сапалық	ақ, кара, әдемі
Қатыстық	тұзды, майлы, өңді
Тұлғасына қарай: Негізгі	жақсы, сұлу, үлкен
Туынды	таулы, шуақты, қысқы,
Құрамына қарай: Дара	мол, нәзік, тар
Күрделі	ұзын бойлы, қызыл ала
Сұрақтары: қандай? қай?	

Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі:

Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй (Абай). деген сөйлемдегі *жақсы*, *тәтті* сөздері қандай? деген сұраққа жауап беріп, жақсы әннің сипатын, тәтті күйдің сапасын білдіріп тұр.

Осындай, заттың сынын, сипатын, түрін, көлемін, сапасын, дәмін білдіретін сөздерді сын есім дейміз.

Сын есімдер қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: биік үй, кең бөлме, кара тақта, ақ бор, жылы киім деген тіркестердегі биік, кең, кара, жылы, сөздері – сын есімдер. Олар қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беріп тұр.

Сын есімдер заттың мынадай мағыналық белгілерін білдіреді:

* Заттың түрін, түсін білдіретін сын есімдер: ақ, кара, көк, жасыл, қызыл, сұр, қоңыр, сары, құла, күрең, құба.

* Заттың көлемін, аумағын, салмағын, білдіретін сын есімдер: ауыр, жеңіл, үлкен, кіші, кең, тар, ұзын, қысқа, шалақ, алыс, жақын.

* Заттың дәмін, иісін және басқа белгілерін білдіретін сын есімдер: ащы, тұщы, қышқыл, кермек, тәтті, дәмді, күлімсі, суық, жылы.

* Заттың сипаттары мен сапасын білдіретін сын есімдер: жақсы, жаман, тәуір, нашар, әдепті, сыпайы, тентек, қиыңар, сотқар, қорқақ.

* Затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіретін сын есімдер:тасты (жер), балалы (үй), білімді (жігіт), көтеріңкі (көңіл), сусыз (арна), қысқы (каникул), аспалы (шам).

IV. Жаңа сабақ бойынша тапсырмалар мен жаттығу жұмыстары.

1-тапсырма. Төмендегі заттарға қатысты сын есімдерді жаз,

олар қандай сындық мағынаны білдіріп тұрғанын айт.

2-тапсырма. «Сөз бәйге!» Өзіне ең жақын адамның сыртқы түрін сипаттап жаз. Мәтінде қолданған сын есімдер адамның қандай белгілерін анықтап тұрғанын түсіндір. «Ең үздік суреткерді анықтаңдар»

3-тапсырма. «Сөз бәйге!» Досыңа мінездеме жаз. Оның аты-жөнін жазып, бойындағы жақсы қасиеттерін сын есім сөздерді қолдана отырып жазып көр. «Ең үздік суреткерді анықтаңдар»

«Мен қандаймын» ойыны. Әр оқушы өз есімінің басқы дыбысынан басталатын сын есім ойлауы қажет. Өз есімімен тіркестіріп сөз тіркесін құрастыруы керек.

Мысалы: ақылды Айданамын, қасиетті Қарақатпын, әдепті Әселмін, байсалды Бекзатпын, аңкылдақ Айнұрмын, т.б.

84-жаттығу. Қазақстан Республикасының Туы мен Елтаңбасын суреттеп жазыңдар. Мәтінде сын есім болуын ескеріңдер.

«Сындық ерекшеліктеріне кесте толтыру»

Не?	Түсі	Көлемі	Дәмі	Пішіні (формасы)
Қарбыз	қызыл	үлкен	тәтті	дөңгелек
Жүзім	Жасыл, қызыл, қара	кіші	Тәтті	дөңгелек
құрт	Ақ, қара	кіші	ащы, тәтті	дөңгелек, сопақша
Қант	ақ	Кіші, ұсақ	тәтті	төртбұрыш

«Бір сөзбен айтқанда».

1. Айтқанға көне салатын, ешнәрсені байқамайтын адам (аңқау)
 2. Тез ашуланатын адам (ашушаң)
 3. Көрінгенге соқтыға беретін адам (тентек)
 4. Керексіз көп сөйлейтін адам (мылжың)
 5. Бойы ұзын адам (бойшаң)
 6. Әркімнің сыртынан жаман сөз айтып жүретін адам (өсекші)
- V. Сабақты қорытындылау.

Сын есімінің ережесін білдік, қандай сөз табынан екенін білдік, қандай сұраққа жауап беретінін білдік. Ендеше осыны кластер арқылы көрсетейік.

VI. Үйге тапсырма: өз әжелері туралы шағын шығарма жазу.

VII. Бағалау.

Б.АБИШЕВА,
"Б.Майлин атындағы
орта мектеп-бақша" КММ.
ШҚО, Үржар ауданы,
Қабанбай ауылы

ҚАЗАҚТЫҢ АБАЙЫ, ХАЛЫҚТЫҢ АБАЙЫ, ӘЛЕМНІҢ АБАЙЫ

Мақсаты: оқушыларды Ұлы ақын - А.Құнанбайұлының балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Ақындығы мен сазгерлігін таныту. Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып-білуге тәрбиелеу; адамгершілік, еңбек, имандылық тәрбиесін беру; Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, қадірлеуге, асыл мұрасындай есте сақтауға баулу.

Мүғалім сөзі: -Армысыздар, құрметті қонақтар мен оқушылар! Биыл қазақтың ұлттық философиясының негізін салушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған кемеңгер, ойшыл, данышпан, ұлы ақын Абайдың туғанына 10 тамызда 170 жыл толады. Абай – халқымыздың ұлттық мақтанышы, рухани қазынасы, сөнбес жарық жұлдызы. Бүгінгі ұрпақтардың Абай мұрасына қызығушылығын арттыру, оқып – білуге, тани түсуге ынталандыру басты мақсатымыз. Ендеше сол мақсатты іске асыру үшін сөз кезегін жүргізушілерге береміз.

1-жүргізуші: - Бүгін біз артында өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақын атамыз – Абай Құнанбайұлы туралы сөз қозғамақпыз. Ұлы Абай туралы Елбасымыз: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», - деп баға берген.

2-жүргізуші: -Ендеше ұлылардың мұрасын ұлықтаған 9 сынып оқушыларының «Қазақтың Абайы, халықтың Абайы,

әлемнің Абайы» атты әдеби кешіне қош келдіңіздер!
Салтанатты жиынның ашылуы: 15-сөз аудионұсқамен және слайд арқылы;

1-жүргізуші: - *Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.
Ол бірақ қайтіп келіп ойнап-күлмес.
Мені мен, менікінің айырылғанын,
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.*

2-жүргізуші: -*Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы.
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.*

1-жүргізуші: -Абай – сазгер, ақын, аудармашы. Ол ел-жұртының болашағын ойлап, халықты тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу-білімге шақырған. Жаман әдеттен арылып, жақсылықты өн бойына жинауға үндеген.

2-жүргізуші:-Абай кестелі сұлу сөздің иесі, көркем әдебиеттің темірқазығы, өшпейтін жарық жұлдызы. Абай шығармаларын қазақ балалары кімнің алдында болса да, ұялмай мақтанышпен айта алады.

1-жүргізуші: -*Құлақтан кіріп, бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүйі.*

«Көзімнің қарасы» әнін оқушылар орындайды.

1-жүргізуші:-Абай өлең жазуды 10 жасында бастаған. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі-өз жанынан шығарған төл өлеңдері, екіншісі-ғақлия немесе Абайдың қара сөздері деп аталатын прозасы, үшіншісі-өзге тілдерден, әсіресе орышадан аударған өлеңдері.

2-жүргізуші: -Абай жастайынан зерек болған, әжесі Зеренің, анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Ұлының зеректігін көріп, әкесі Құнанбай Абайды ел ісіне тартты.

Оқушылар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңдерін жатқа оқиды.

1-жүргізуші:-Ұлы ақынның туған жері – табиғаты тамаша

Семей жері, Шыңғыс тауының етегі. Осы туған жердің табиғаты, туған отбасы, заманы –барлығы Абайдың сезіміне, жүрегіне әсер етіп, оның ақындығына ықпал етті.

2-жүргізуші:-Абай Құнанбайұлы әр шығармасында біздерге жарқын болашаққа жол көрсетті. Қай шығармасын алып қарасақ та тақырыбын ашып, өз ойын еркін білдірген. Абай атамыздың лирикалық бағыттағы табиғат көріністерін суреттейтін өлеңдерінен үзінді. «Күз», «Қыс», «Жазғытұры»

1-жүргізуші: - «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр» - деп Мұхтар Әуезов өте жақсы айтып кеткен. «Ақынға қара сөзден өлең оңай» демекші, алдарыңызда Абай Құнанбайұлына арнау өлеңдері.

1-жүргізуші: -Абай-ойшыл дегенде біздің есімізге оның қара сөздері түседі. Қара сөздері терең ой мен күрделі пікірге құрылған. Жақсы мен жаман туралы баяндайды, халқын алға ұмтылуға шақырады.

2-жүргізуші: -Абайдың қара сөздері дүниетанымдық мазмұнда тек бір халықтың, не ұлттың еншісіне қатысты мәселелерді айтумен шектелмеген, онда адамзат тарихы барысында сан заман ғұламаларын толғандырып келе жатқан мәселелерге талдау жасалған. Абайдың 45 қара сөзі бар.

1-жүргізуші: -Олай болса сол қара сөздерінен үзінді тыңдайық.

-Абай қазақтың ән-күйін сүйіп тыңдаған. Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет сияқты халық сазгерлерін ерекше бағалаған. Өзі де бірнеше ән шығарған.

2-жүргізуші: -*Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзінде ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар...*

Ән: «Желсіз түде жарық-ай».

Көрініс: Әке-балаға сыншы (Абай мен Құнанбай әңгімесі).

1-жүргізуші: - Абайтанудың білгірі Мұхтар Әуезов атап

көрсеткендей, Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс елдерінің рухани қазынасы болды. Оқи жүріп, білімін толықтыра жүріп қырықтан асқан шағында біржола ақындыққа берілді.

2-жүргізуші: -Туған халқын сүйіп, оны қасіреттен құтқаруды, бодандыққа қарсы Абай халқын оятып, береке-бірлікке шақырды. Туған халқы да Абайын сүйіп, қатты құрметтеді. Өмірлік мағынасы зор өлеңдерін жатқа айтып, тұмардай сақтады. Шынында әр сөзі теңіздің тереңіне тартқандай мың батпан ойдан туған, кісіге берер шабыты мен шапағаты мол Абай әр қазақтың бағдаршамы іспетті.

1-жүргізуші: -Олай болса өнегесі мол өлеңдерінің бірегейін тыңдайық. *(Оқушылар өлең оқиды.)*

1-жүргізуші: -Абайды Абай еткен, асыл сөзімен өлең етіп ұйытып, жүрегіне жыр болып байланған қасиеті - өмірден әділет, мейірім, сенім, адалдық іздеу барысында тапқан танымдық олжалары, санасын сарғайтып барып көзін ашқан тұжырым тоғыстары өлең арқылы өріліп жатыр. *(Оқушылар өлең оқиды.)*

1-жүргізуші: -Кешегі ауыр да күнгірт заманда жалын боп жанып өткен Абайдың мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туған елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайық.

2-жүргізуші: -Бүгін «Қазақтың Абайы, халықтың Абайы, әлемнің Абайы» атты әдеби кешіміздің барысында Абайдың теңдесі жоқ, терең ойлы, ғажайып шығармаларын насихаттауды мақсат тұттық. Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Сол себептен, оқып-білуден, ізденуден жалықпайық.

1-жүргізуші: -Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Тәрбие сағаты

Н.ШІЛДЕБАЕВА,
Облыстық санаториялық
үлгідегі мектеп-интернаты.

Алматы облысы,
Талғар қаласы

АТА ЗАҢЫМ – ЕЛІМНІҢ БАҚ ТҰҒЫРЫ

(8-сынып)

Мақсаты: Қазақстандық өскелең ұрпақты отаншыл азамат етіп тәрбиелеп, өз күш-жігері мен білім-біліктілігін өзінің жеке өмірі мен қоғам игілігіне пайдалануға шақыру, әділдікті ту етіп жоғары көтерген, ел тұтастығын сақтауға зор мағына берген билер келбетін үлгі тұту.

Міндеті: саяси-құқықтық сауаттылықты арттыру.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Бала құқықтары туралы Конвенция, Қазақстан Республикасының Конституциясы. (Әнұран орындалады.)

Т.Молдағалиев. «Заңым менің».

1-жүргізуші: - Армысыздар, ұлтын сүйер ұлдар, ұстаз-тәрбиешілер! «Ата заңым – елімнің бақ тұғыры» атты ашық тәрбие сағатын бастаймыз.

Қазақ халқы қанша қиындық көрсе де екі құндылықты мәңгі сақтап қалды. Ол сөз күдіреті мен заң күдіреті. Қазақ тарихында: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы»

деген заң үлгілері болған.

2-жүргізуші: -Адам баласының жақсы өмір сүруі, өсіп өркендеуі, әлем деңгейіндегі өркениетті елдермен терезесі тең болуы үшін оның білімділігі мен біліктілігі, адамгершілік пен парасаттылығы қажет. Ендеше осының бәрін аялап, көркейтетін, өркендететін әр мемлекеттің Ата Заңы.

I. Заң – қоғамның негізгі тірегі (баптар туралы).

Ата заң 9 бөлім, 98 баптан тұрады.

I бөлім. Жалпы ережелер (1-9-бап).

II бөлім. Адам және адамзат (10-39-бап)

III бөлім. Президент (40-48-бап)

IV бөлім. Парламент (49-63-бап).

V бөлім. Үкімет (64-70-бап)

VI бөлім. Конституциялық кеңес (71-74-бап),

VII бөлім. Соттар және сот төрелігі (75-83-бап)

VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару (85-89бап).

IX бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер. (90-98-бап)

1-жүргізуші: -Қазақ халқы сан ғасыр бойы армандаған мақсатына қол жеткізді. Тәуелсіздік - халқымыздың қасиетті құндылығы. Тәуелсіздік алып егеменді ел, дербес мемлекет болдық.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес Қазақстан қандай мемлекет?

Демократиялық, әлеуметтік, зайырлы, унитарлық, құқықтық мемлекет.

2-жүргізуші: -Біз бүгін өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз. Тәуелсіздік-бар бақытымыздың

бастауы. Тәуелсіздіктің арқасында көптеген табыстарға қол жеткіздік. Кезекті жыр жолдарына берейік.

II. Паш еткен даңқын, атағын, Қазақстан Отаным. Оқушылардың жыр шашуы.

1-жүргізуші: -Адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар. Бұл заң 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Бала құқықтары Декларациясы» және 1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Балалар құқығы туралы конвенция».

Балалар құқығы туралы конвенция.

Ибрагим Исаев. «Ата Заңым». Орындайтын Әйнеков Абылай.

2-жүргізуші: -Конвенция дегеніміз – арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт. Осы конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Қазақстанда «Бала құқығы туралы» заң қабылданды. Бұл заң 9 тарау, 53 баптан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау біздің басты парызымыз.

Баптарды білеміз бе? «Білім терезесі» ойыны.

Көрініс: «Алтын заң деген не?»

1-жүргізуші: -Ата Заңда мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандықтары делінген.

- Балалар, өз құқықтарың мен міндеттеріңді білесіңдер ме?

«Түймедақ» ойыны.

Құқық – әр адамға берілетін мүмкіндік. Міндет, бұл – әрбір адамға жүктелетін жауапкершілік.

2-жүргізуші: -Халқымыздың тарихында елі үшін еңіреп, ұрпағының болашағы үшін алысып өткен

кемеңгерлері, ойшылдары, қайраткерлері аз болмаған. Солардың ең бастылары – от ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би. Ел арасында: «Төле би – тауып айтады, Қазыбек би – қазып айтады, Әйтеке би – қауып айтады», - деген сөз бар.

«Үш пайғамбар» атанған үш би туралы не білеміз? (Айдар, Абылай, Дастан)

1-жүргізуші: -Билер өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет – ғұрып ережелерін заңи тұрғыдан реттеп отыратын білікті заңгерлер. Үш биіміз қазақ тарихында мойындалған өте ірі тұлғалар.

III. Бабалар сөзі – даналық көзі.

Ән. «Өз елім».

2-жүргізуші: -Заң адам және азаматтың құқы мен бостандығын, адамның қадір-қасиетін, жеке меншікті қорғайды. Мәртебесіне және шыққан тегіне қарамастан заң алдында жұрттың бәрі тең. Конституция мен заңнаманы бұлжытпай сақтау–әділетті қоғамның, баршаға тең мүмкіндік жасаудың негізі.

IV. Заңның аты – Заң. (заңгер кеңесі)

1. Жеке тұлға дегенге кімдер жатады? Азаматтардың тұрғылықты мекені дегенге түсінік берсеңіз?

2. 14-18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өз беттерінше мәмілегерлік жасауларына бола ма, әлде үлкендер арқылы іске асырулары тиіс пе?

3. Балаларына қамқорлық жасауға міндетті кім?

Арасанбай Естенов. «Ата Заң» өлеңі.

1-жүргізуші: -«Конституция – бұл ел рәміздерінің бірі. Сондықтан негізгі заңды елдің туы, әнұраны, елтаңбасы секілді қадірлеу, құрметтеу – біздің парызымыз», - деген болатын елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Сол себепті әр адамның заң талабына бағынып, жат қылықтар мен өрескел тәртіп бұзушылыққа бармай өзіне жүктелген міндетті уақытылы орындауының өзі өз заңын, халқын құрметтеуі деп білеміз.

Мемлекеттік рәміздерді білесің бе? «Төлқұжат» атты сөзжұмбақ шешу.

2-жүргізуші: -Ата Заң – мемлекеттің төлқұжаты.

Түп-түзу тәртіп – оның арғы заты,

Қорғайды ол қоғамға ортақ мүдделерді.

Болған соң Қазақстан – құран хаты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам үшін жасалған, адам өміріне кепілдік беретін әділ де парасатты заң. Ата Заңымыз алдағы уақытта да жарқын болашағымыздың берік тұғыры, Отанымыздың гүлденуі мен көркеюінің бастау бұлағы бола бермек.

1-жүргізуші: -Ата Заңның арқасында еліміз ғасырға тең өмір белесінен өтіп, экономикалық, ауыл шаруашылық, мәдени – тұрмыстық саласынан да қарыштап өстік.

2-жүргізуші: -Бүгінгі тұрмыс-тіршіліктің мәні жаман емес. Ішкі және сыртқы саясатта да беделіміз артып, мәртебеміз биіктеуде. Соның бәрі көп ұлтты республикадағы «Түрі бөлек болса да тілегі бір, жүзі бөлек болса да жүрегі бір» деген ұлы достықтың, береке – бірліктің арқасы.

1-жүргізуші: -Қымбатты оқушылар! Заман тыныш, ел аман болсын, отбасыларыңызға береке-бірлік тілейміз. «Ата заңым – елімнің бақ тұғыры» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

Қатысушы көрермен қауымға көп-көп алғыс айтамыз, аман-сау болыңыздар!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.2.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2017 ж., 144 бет, Алматы.